4. Mispronunciation of word syllables is retained and learning the analysis, synthesis methods are difficult for many children at the given level.

Children from *the fourth level* of the general speech underdevelopment, primarily, characterized by inability to convey his thoughts. During the composition of story (conversation) at the given title using a picture, series of images, photos schemes child losses the logical thought direction, stops at the middle and skips the main idea, repeats the particular episodes.

Children are using simple sentences, which give little information, for the describing. 4-th level children do not able to plan own thinks, have difficulties in selection of language tools.

In psychology, pedagogy, linguistics and speech therapy researches, by considering phonemic ability problem, are using different terms: hearing sounds of language, phonemic hearing ability, phonemic understanding (ability).

«...phonemic development – basis for the describing language, reading and writing in the same notion. And sound analysis is required to have exact knowledge about sound composition of the word and to the literacy» (R.Y.Levina, 1961).

Phonemic hearing plays the deep role in the development of speech. Phonemic hearing contains right and clearly pronunciation of sounds, words and phases. On the basis of the phonemic hearing lexical and grammatical meaning of the word is assimilated. And it facilitate to system formation of native language.

Underdevelopment of phonemic ability has negative affect to formulation of sound speech: while preserved the construction of articulation apparatus, observed the confusion and replacement of sounds, sound and syllable composition of word are violated (skip, add more sounds, and interchange the place, repetition of sounds and syllables). Temporary results can be obtained by forming articulation skills. It is known that, phonemic ability is important stimulus in formation of normal sound speech. Relationship between phonemic and lexical-grammatical terms without doubt. As a result of systematic work on development of phonemic ability, children distinguish suffixes and endings much better. In addition, without development of phonemic ability development of phonemic processes is impossible: complete formation of phonemic understanding, analysis and synthesis. At the same time, children cannot assimilate the competently read and write without special long-term exercises for formation of sound analysis and synthesis skills. Children with disorder of phonemic ability have difficulties with sound analysis of word. As a result, child makes blunders during the reading and writing. This is the cause of poor progress in the child's education.

Job organized for development of phonemic skills affects to the assimilation of correct sound pronunciation and to successful learning in school. Child with good phonemic skills, but with violation of sound speech, able to notice an incorrect pronunciation of others, matches sounds with letters, writes without mistakes.

Many authors mentioned that timely formation of phonemic skills and hearing attention in children with speech disorders is very important. (V.I.Beltykov, 2005, G.I.Zharenkova, 2001, G.A.Kashe, 2010, R.I.Lalayeva, 1978, 2014, L.F.Spirova, 1980, 2011, Babina G.V., 2009, 2014 etc).

A.N. Gvozdev (1961) showed that, mastering the sound composition of word occurs by the joint action of hearing and motor areas. The leading is hearing ability. N.K. Shvachkin (The development of phonemic perception at an early age, 2001) research the phonemic perception process in ontogenesis, and established the basic rules of its development. In addition, he listed the processes that forms the basis of phonemic perception and showed development stages. R.E. Levina (1968) studied the children speech according to pshychology, assumed that, the phonemic perception is very important for learning pronunciation part of the speech.

M.Y. Khvartcev (2001) are considering the etiology of speech disorders and list their causes: a) insufficiency of the phonemic analysis of the word; b) secondary disorders of hearing on the basis of the primary motor disorders; c) bad hearing attention. Among the therapeutic exercises for correction of sound speech disorders, M. Zeeman noted the principle of hear-control. He paid attention to the fact, that learning the new sound or correction of incorrect sounds based on the development of phonemic hearing. According to G.V. Chirkina correction of sound speech disorders is not enough without job directed to correction of hearing attention. G. A. Kashe (1985) created the program for correction of sound speech in preschool children. This program is considering the development of phonemic perception and sound analysis skills in the speech therapy. Correction work organized with specific sequence by formation of regularity of phonemic processes and taking into the account age of children. Among all causes of the sound speech disorder T.B. Filicheva and N.A. Cheveleva (1999) noticed the underdevelopment of the phonemic perception. As well as proposed the work sequence of the phonemic perception formation. The work should start from development of the hearing perception (distinguish the sounds without word), word perception (be able to distinguish similar words, phrases, sound complexes, sounds according to their force, timbre). At the same time, authors mentioned that, work for development of the hearing attention and remembering skills must be together.

According to L.Zhurova (1963) and D.B.Elkonin (1956), phonetic gain is distinguishing sounds of language and special activity intended to distinguish sound composition of the word. According to A.M.Borodich (1997) phonematic gain affects analytical development of a child in mother language: distinguishing sentences in speech, words in sentences, sounds in words, distinguishing main components of speech. V.I.Beltyukov (1997) considered hearing sounds of speech as gaining or perceptive function. According to his research, children at the age of 2 are able to distinguish all of the sounds of speech, also the acoustic sounds. On this basis, author came to conclusion that hearing analyzer function of children develops very early. From the very beginning of speech development children are able to distinguish similar acoustic sounds.

According to K.K.Omirbekova, V.Balkybekova (1999), G.N. Tulebiyeva (2013) formation of phonetic-phonemic aspects is the indicator of readiness to school of Kazakh-speaking children with general underdevelopment of speech. The highest level of underdevelopment of phonemic gain basis is the interference for sound analysis and synthesis.

These defects slow down and complicate the processes of sound analysis and synthesis, lead to destruction reading and writing. A.N.Kornev (2003) affirms that phonemic gaining and sound analysis is the decisive moment in the general underdevelopment of speech correction system.

Underdevelopment of phonemic processes causes specific mistakes: replacing acoustic-articulation similar sounds (pair of shy and hard consonant, buzz-whistle, resonant sounds); underdevelopment of sound analysis and synthesis (skip letters and syllables, adding letters, replacing syllables).

Underdevelopment of phonemic processes leads to destruction of sound pronunciation. Improving these processes is the main aspect in sound correction. According to T.A. Tkachenko (1999) only advanced phonemic gaining can be the basis of sound pronunciation coreection.

G.R. Shashkina, L.P. Zernova, I.A. Zimina (2003) during the research of the phonemic aspects of children with general underdevelopment of speech realized that 85% of them have serious violations and 15% have absolute underdevelopment.

There is plenty of researches about Russian-speaking children. These researches and methodological materials related to this problem are composed and studied by Russian scientists. Defectologies of our country have substantial contribution in education and teaching children with different disabilities in their development.

Data about lack of phonemic understanding in sound speech, about nature and prevalence of them for Kazakh-speaking children with general underdevelopment of speech is little. Fully do not composed methodologies which is based on the features of Kazakh language. In the addition, determining the features (specifics) of formation of sound speech in Kazakh-speaking children with general underdevelopment of speech, the sequence for correction of sounds with speech disorders are not completely studied yet.

Experimental study

Since gaining independence by Republic of Kazakhstan and getting Kazakh language the status of state language, the main problem for native speaker children is in education in their native language, correct formation of phonemic and phonetic aspects for learning general speech.

On the base of materials from special literature, which are related to considering problem, research work has been done. The research carried out between 2011-2013 yy. in the №52 general, 42 pre-school educational institutions and in the №66, №54 kindergartens for children with complex disorders of speech in Almaty, Kazakhstan.

The aim if the research work is determining the state of the phonetic and phonematic understanding for Kazakh-speaking children with general speech underdevelopment.

During the testing preschool children with general underdevelopment of speechfollowing principles are considered: ontogenetic, taking into account the behavior of the child, relationship between speech and general mental development, taking into account personal features, versatility.

Given materials are grouped in the following directions:

- examine the phonemic hearing (perception) ;
- examine the phonemic analysis and synthesis.

Tasks for determining phonemic perception

Phonemic understanding of Kazakh-speaking children with general underdevelopment of speechwas tested by well-known, traditional methodologies in speech therapy.

Methodologies for testing were created by adapting into Kazakh language and was established criteria for evaluating disorders.

In this regard, the task was considered and composed in three direction:

I series. Methodology for testing phonemic perception.

In the given work proposed methodology in a three series, each of which consists five tasks aimed for phonemic perception, analysis and synthesis.

1. On the background of vowels perception of vowels.
2. On the background of consonants perception of consonants .
3. On the background of syllables perception of sounds.
4. On the background of syllables perception of sounds.
5. Perception of similar sounds, syllables and words, repeat remembered.

-*II series.* Methodology for testing phonemic analysis.

Tasks for determining the states of sound analysis

- distinguish the vowel in the beginning of word;

- distinguish the consonant in the beginning of word;
- distinguish the vowel at the end of word;
- distinguish the consonant at the end of word;
- determination of number of sounds word.

III series. Methodology for testing phonemic synthesis.
Tasks for validate the phonemic understanding.
● compose word from individual sounds;
● compose word from syllables;
● compose word from disorderly given syllables ;
● compose sentences from the given words.

For the analysis of the results of the test of phonemic understanding from Kazakh-speaking children with general underdevelopment of speechhas been using next criteria:
● understanding of samples;
● proper execution of tasks;
● the speed of execution of task;
● interest in the task;
● the amount of the help to child during the execution of the task.

Experiment results

The results of the test of phonemic understanding of a Kazakh-speaking children with underdevelopment of general speech are presented in the *Table 1*.
Table 1
State of the phonemic understanding of children with general underdevelopment of speech (%)

№	Types of the tasks	levels	
		II	III
1.	On the background of vowels perception of vowels.	62,0	77,0
2.	On the background of consonants perception of consonants .	56,0	71,0
3.	On the background of syllables perception of sounds	31,0	62,0
4.	On the background of syllables perception of sounds	23,0	39,0
5.	Perception of similar sounds, syllables and words, repeat remembered.	15,0	31,0

According to the table, for the II-III levels children with underdevelopment of general speech easier to distinguish vowel on the background of the vowels sounds. At the same time, only 77,0% of the III level and 62,0% of the II level children the task was performed correctly. During distinguishing the sounds the most popular mistakes are *Ө,Ұ,Ү,Ә [θ,u, ü, æ]* which are inherent to Kazakh language.

In perception of consonants on the background of consonants have difficulties with distinguishing the whistle and buzz sounds *С, Ш, Ж, Ч, Щ [s, sh, zh, ch, sh']*. As well as, sounds *Ң, Қ, Ғ*, which are inherent to Kazakh language, are difficult to distinguish from *Н, К, Г [n, k, g]*.

During the performance of the task for perception of sounds on the background of word, many words and instructions had to be repeated several times. Children executed the task slowly, their attention was unstable. Some children though answered after whispering several times made mistakes. III levels children requires more helps than II levels. Children made is mistakes in performing similar sounds, syllables and words, in remember and repeating. (instead of ‘та-да-та’ [ta-da-ta] ‘та-та-та’ [ta-ta-ta]; instead of ‘қа-ға-қа [qa-ga-qa] ‘қа-қа-қа’ [qa-qa-qa]; instead of ‘пә-бә-пә’ [pa-ba-pa] ‘пә-пә-пә [pa-pa-pa]). Most of the children made mistakes in pronouncing syllables with sounds ұ-ү to inherent to Kazakh language. (кұ-кү-кұ [ku-k’u-ku] - кұ-кұ-кұ [ku-ku-ku]). They made easier the sequence of the sounds. The performance of this task was the most difficult.

Qualification (ascertaining) experiment shows that disorders of the phonemic perception does not depend on replaced and confused sounds:

● 38% of children have disorders with perception of sounds, which are usually replaced and confused, in their own language;

● 62% - sounds distinguished by articulation and acoustic signs sounds right in speech flow and in stand-alone cases. However, perception of them is destroyed.

Disorders of the phonemic perception can be detected by any tasks. In some cases, hidden disabilities of the phonemic perception are observed: pronunciation of sounds is preserved, but perception of many sounds is disordered. However, in most cases, with disorder of sounds speech their perception is also disordered.

Not enough development of the phonemic perception inhibits sound speech formation on the one hand, and formation of sound analysis skills on the other hand. As a consequence, have no ability to learn writing and reading fluently.

Establishing of the correct sound speech depends on ability of child to do analysis and synthesis. In other words, it depends on phonemic hearing skills.

It is known that the phonemic perception of word sounds is possible with compatibility of kinetic and hearing aggressors from the crust of the brain. Gradually, these agents are disabled, as the result it is possible to distinguish individual sounds. Not fully development of the analysis and synthesis generally affect to development of the sound speech.

The aim of experiment of the *second stage* is define ability of analysis.

For children with general underdevelopment of speech were given the same tasks as for normal once: distinguish the vowel in the beginning of the word; distinguish the consonant in the beginning of the word; distinguish the vowel at the end of the word; determine the location of the sound in the word; determine the sequence of sound in the word; determination of the number of sounds in the word; determination of the number of syllables in the word.

Results of the experiment presented in the Table 2.

Table 2

The state of phonemic analysis of children with general underdevelopment of speech (%)

№	Type of tasks	levels	
		II	III
1.	distinguish the vowel in the beginning of the word	30,7	46,0
2.	distinguish the consonant in the beginning of the word	15,3	23,0
3.	distinguish the vowel at the end of the word	23,0	31,0
4.	determine the location of the sound in the word	8,0	23,0
5.	determine the sequence of sound in the word	-	-
6	determination of the number of sounds in the word	-	20,0
7	determination of the number of syllables in the word	-	15,0

As shown in Table 2 for children with general underdevelopment of speech, it is easier to perform the 1st task. However, children did the task with mistakes. Only 30,7% of the II level children, and 46% of the III level children were able to do the task by themselves.

For the children with general underdevelopment of speech, it was easier to distinguish the consonants at the end of the word (notebook, pen) than distinguish them in the beginning.

In the case when consonant is in the beginning of the word, child adds vowel which follows the consonant. Therefore, sound is not pronounced apart, but the whole syllable. (in the word «*сабын*» [sabyn] – *са [sa]*, «*бала» [bala] – ба [ba]*, etc.). During the task performance words repeated several

times, and sometimes had to stretch out the sounds. However, only 23% of III level children, 15,3% of II level children were able to distinguish consonants in the beginning of word. Determination of location was difficult for children with general underdevelopment of speech.

Children from the II level cannot define number of sounds, syllables and sequence in the word by themselves. Among the children of the III level children, 23,0% were able to determine the number of sounds and 15,0% number of syllables in the word. Some children define the number of sounds by whispering and counting their fingers.

One of the difficult task which show the level of synthesis skills, where children have to compose word by the given sounds and syllables. This task performed by one child with general underdevelopment of speech (8,0%) from the II level , but no one from the III level. They succeeded only in repeating the sounds after speech therapist, but could not compose the whole word. Research results of the phonemic gain (perception, synthesis and analysis skills) in children with general underderlopment of speech can by summarized as following:

● Phonemic gain of Kazakh-speaking children with general underdevelopment of speech does not fully formed. Proved that, their mistakes in spoken language are similar with normal once. Children have difficulties in distinguishing sounds on the background of similar vowels and consonants, syllables and words.

During the testing, was determined that children cannot distinguish the sounds inherent to Kazakh language. It is obvious that, indicators of children with general underdevelopment of speech are less than at normal once.

● sound analysis and synthesis are not fully formed, specially complex types of analysis.

Conclusion

During the task performance the result indicators were small. It can be realized that, in special preschool educational institutions systematic work for development of phonemic gain is absence. At the same time, small indicators can be considered as results of own sound speech disorders of children.

Development of the phonemic gain, vocabulary, and learning the sound speech are always together. Exact phonemic definition can be formed only in case of correct sound pronunciation. Complete development of phonemic gaining, right pronunciation of all of the sounds of native language, simple skills of sound analysis are concerned as the necessary prerequisites for preschool education. In the processes of research it was proved that underdevelopment of phonetic-phonemic aspects of speech in children with general underdevelopment of speech is described by destruction of sound pronunciation and phonemic definitions.

Features of phonemic understanding defined during the experiment give us the opportunity to choose most effective speech therapy methods, consider correction ways of these disabilities, and determine the sequence of giving material while training the sounds.

References:

1. *Omirbekova K.K., Balkybekova V. Состояние фонетической стороны речи детей-казахов с общим неразвитием речи. Status of the phonetic aspect of speech of Kazakh children with the general underdevelopment of speech // Вопросы теории и практики психологии и педагогики. Theory and practice of psychology and pedagogy. (1999), Almaty: ASU named after Abay.*
2. *Levina R.Y. Нарушения письма у детей с недоразвитием речи. Writing violations of children with underdevelopment of speech, Moscow (1961)*
3. *Babina G.V. Слоговая структура слова: Обследование и формирование у детей с недоразвитие речи. The syllable structure of the word: Survey and formation at chldren with underdevelopment of speech, Moscow, (2009)*
4. *Kashe G.A. Подготовка к школе детей с недостатками речи. Preparing for school children with speech disabilities. Moscow, (1985, 2014).*
5. *Kornev A.N.Нарушения чтения и письма у детей. Violations of reading and writing in children. Saint-Petersburg, (2003)*
6. *Beltyukov B.I. Взаимодействие анализаторов в процессе восприятия и усвоения устной речи. The interaction of analyzers in the process of perception and assimilation of speech - Moscow: Pedagogy, (2005)*
7. *Tulebiyeva G.N. «Жалпы білім беру мектеп оқушыларының сөйлеу тілінің сенсомоторлық дамуының қалпы (фонематикалық қабылдауы және артикуляциялық қалпы**)**». The state of the development of sensorimotor of children from general educational-institution. Messenger, «Арнайы педагогика» Special pedagogy,(2011), № 2*

8. *Tulebiyeva G.N. «Мектеп жасына дейінгі жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалардың фонематикалық қабілетін қалыптастыру қажеттілігінің теориялық негіздері» Theoretical basis of the formation of phonemic skills of preschool children with general underdevelopment of speech//Messenger «Арнайы педагогика», Special pedagogy, Almaty, (2012) -№ 3-4.*

УДК 376.3
МРНТИ 14.00.09

Ж.Т. Естемесова
п.ғ.м.,Түзету педагогикасының ұлттық ғылыми-практикалық орталығының логопед-дефектолог мұғалімі, zhanara_es@mail.ru

ЛОГОПЕДИЯЛЫҚ ЖҰМЫСТАҒЫ МАССАЖДЫҢ АЛАТЫН ОРНЫ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕР

Аңдатпа

Соңғы жылдары мүмкіндіктері шектеулі балалардың саны күн санап артып келеді. Оның ішінде тіл дамуында әр түрлі дәрежедегі ауытқулары бар балалар да бар. Бұл балаларға білім беру мекемелерінде арнайы логопед мамандары қызмет көрсетеді. Логопедиялық қолдаудың негізгі бөлігі ретінде логопедиялық массажды атап өткен жөн. Массаж — бұл адамға физикалық және энергетикалық әсер ету тәсілі болып табылады.

Бұл мақалада арнайы мамандардың жұмыс барысында қолданатын логопедиялық массаж ерекшеліктері туралы жазылған. Массаждың адам ағзасына тигізетін әсері мен негізгі көрсетілімдер және қарсылықтар сипатталған. Логопедиялық массаждың негізгі әдіс-тәсілдері туралы ақпарат берілген. Берілген ақпарат логопед мамагдарына жұмыс барычында тиімді болып табылады.
Түйін сөздер: Мүмкіндігі шектеулі балалар, логопедиялық көмек, логопедиялық массаж, логопедиялық зондтық массаж.

Ж.Т. Естемесова
м.п.н., учитель логопед-дефектолог Национального научно-практического центра коррекционной педагогики, zhanara_es@mail.ru

ВАЖНОСТЬ И ОСОБЕННОСТИ МАССАЖА В ЛОГОПЕДИЧЕСКОЙ РАБОТЕ

Аннотация

В последние годы увеличивается число детей с ограниченными возможностями в развитии. Особенно среди них много дети с нарушениями речи. Этим детям оказывается логопедическая поддержка в разных образовательных учреждениях. Логопедический массаж является основой логопедической поддержки. Массаж — это физическое и энергетическое воздействие на человека.

В этой статье описаны особенности логопедического массажа, которые необходимо учитывать специалистам в работе. А также дается информация о показаниях и противопоказаниях к массажу. Описаны влияния массажа на организм человека. В статье рассмотрены основные рекоменованные методы логопедического массажа в работе с детьми. Данная информация является полезной для специалистов в практической деятельности.

Ключевык слова:Дети с ограниченными возможностями здоровья, логопедическая поддержка, логопедический массаж, логопедический зондовый массаж.

Z.T.Estemesova
master of educational sciences, National Scientific and Practical Center of special education, special teacher speech therapist

IMPORTANCE AND FEATURES OF MASSAGE IN LOGOPEDIC WORK

Abstract

In recent years, the number of children with disabilitieshas increased. Especially, among them there are many children with speech disorders. They needlogopedic support in different educational institutions. Logopedic massage is the basis of logopedic support. Massage is a physical and energetic impact on a person.This article describes the features of speech therapy massage, which are necessary for specialists in their work. And also information on indications and contraindications of massage is given. The influence of massage on the human body is described. The article describes the main recommended methods of speech therapy massage in work with children. This information is useful for specialists in practical activities.

Key words: Children with disabilities, logopedic support, speech therapy massage, speech therapy massage.

Статистикалық деректерге сүйенетін болсақ, соңғы жылдары мүмкіндіктері шектеулі балалардың саны күн санап артып келеді. Оның ішінде тіл дамуында әр түрлі дәрежедегі ауытқулары бар балалар да бар. Бұл балаларға оңалту орталықтарында, түзету кабинеттері мен логопедиялық пункттерде, сонымен қатар бала бақшалар мен мектептерде арнайы логопедиялық қолдау көрсетіледі. Мұндай білім беру мекемелерінде арнайы логопед мамандары қызмет көрсетеді. Логопедиялық қолдаудың негізгі бөлігі ретінде логопедиялық массажды атап өткен жөн.

Массаж — бұл адамға физикалық және энергетикалық әсер ету тәсілі болып табылады. Массаж арқылы адам ағзасын тынықтырып, аурырсынуды басуға болады. Сонымен қатар массаж ауруды жеңуге де және балалардың танымдық, тілдік және физикалық қабілеттерін дамытуға да жағымды әсерін тигізеді.

Адамзаттың массажды мақсатты түрде қолдана бастаған кезеңін дөп басып айту қиын. Алайда, массаж туралы ақпарат беретін көне жазбалар мен тастардағы суреттерге көз салсақ, әлемде бұл әдіс өте көне заманнан бастап қолданыла бастағанын байқаймыз.

Массаж *ағзаға жан-жақты әсер етеді және ең алдымен жүйке жүйесіне әсер етеді, ал жүйке жүйесі ағзаның тұтастығын қамтамасыз етіп, ағзаның барлық басқа жүйелерінің өмір сүру әрекетін үйлестіреді.* Жүйке жүйесі метаболизмдік процестерді, қан айналымын, лимфа ағынын үйлестіреді және бұлшық еттің жұмысын бақылайды.

Массаж тәсілдері арқылы жүйке жүйесінің қызметтік күйін өзгертуге болады. Бір тәсілдер (сипау, жеңіл сылау) адамға тыныштандырушы әсер береді, ал екіншілері(терең сылау, илеу, ұрғылау тәсілдері) қозуды туындатады.

Массаждың жүйке жүйесіне әсері адам денесіне әсер етудің қырқындылығы мен ұзақтығына байланысты болады. Қысқа, қуатты массаж адам денесін қоздырады, ал ұзақ, бірқалыпты массаж жүйке орталықтарының қызметін тежейді, тіпті ұйқы шақырады. Алайда, массаждың қуатты тәсілдерін қодана отырып, ауырсыну сезіміне жол бермеуді есте ұстау қажет. Ауырсыну тітіркендіргіштері рефлекторлы түрде жағымсыз вегетативті реакцияларды туындатады, олар өз кезегінде қандағы қант пен адреналиннің құрамының, артериалды қан қысымы мен қанның ұюының артуын қамтамасыз етуі мүмкін.

Осылайша, массаждың әсер ету механизмінің негізінде орталық жүйке жүйесінің жоғары бөлімдерімен реттелетін, күрделі, өзара негізделген рефлекторлы процестер болады.

Көптеген авторлар (Архипова Е.Ф. 1997, Правдина О.В., 1973, Семенова К.А., 1972 және т.б.) массажды логопедиялық тәжірибеде қолданудың қажеттілігін атап көрсетеді. О.В. Правдина өзінің еңбектерінде дизартриядағы логопедиялық жұмыс әдістемесінің дифференциалды массаждан, логопедиялық жаттығудан, сонымен бірге артикуляция дағдыларын қалыптастыру мен машықтандырудан құралатынын атап көрсетеді. Логопедиялық массаж технологиясы кешенді логопедиялық жұмыстың маңызды құрамы болып табылады. Яғни массаж арқылы перифериялық сөйлеу аппаратының бұлшық еттерінің тонусын қалыпқа келтіріп, бұлшық еттерді дыбыстарды артикуляциялаудағы қажетті күрделі қимыл-қозғалыстарды орындауға дайындайды. Логопедиялық массаждың тәсілдерін орындау, бұлшық ет тонусының қалпын диагностикалауды, сонымен бірге артикуляцияға қатысатын (тіл, ерін, жақ) бұлшық еттерді, бет пен мойынның (бет сүйегі, маңдай) бұлшық еттерін диагностикалауды талап етеді.

Логопедиялық массаж кімге қажет?

Логопедтік күрделі түзетуді талап ететін ең көп тараған тілдік бұзылыстың бірі – бұл дизартрия. Бұл бұзылыс барысында дыбыстауда қиындықтар байқалады, олар бас миының маңдай бөлігі мен ми қыртыстары астындағы аймақтардың зақымдалуымен байланысты болады. Сондықтан, балада артикуляциямен байланысты күрделі қиындықтар байқалады, оларды дәрігердің көмегінсіз шешу мүмкін емес. Бұл жағдайда Е.В.Новикова әдісі бойынша, сонымен бірге Е.Ф.Архипова және Е.А.Дъякова тәсілдері бойынша дизартриядағы логопедиялық массажды қолдануға болады.

Сал ауруына шалдыққан балаларға логопедиялық массаж жасаудың маңызы зор. Бұл балалардың барлық бұлшық еттерінің тонусы, көп жағдайда, көтеріңкі болады, соның

нәтижесінде қимыл-қозғалыс пен қарым-қатынас жасау қиындайды. Сонымен қатар, сөйлеу дамуындағы бұзылылыстар туу барысындағы жарақаттың салдары немесе ауыз қуысының, еріннің, тілдің туа біткен мүкістіктердің салдары болуы мүмкін. Егер соңғы мүкістіктерді хирургиялық жолмен емедуге болса, ал логопедиялық массажбен сөйлеудің дамуындағы барлық тежеліс себептерін жоюға болады.

Сонымен қатар баланың артикуляциялық сөйлеу аппаратының бұлшық еттерінің гипер немесе гипо тонусы, яғни бұлшық еттегі тырысуы мен әлсіздігі логопедиялық массаж жасаудың негізгі көрсетілімдері болып табылады.

Логопедиялық массажды жүргізуге қарсы көрсетілімдер

Дизартрияда немесе басқа да сөйлеу тілінің бұзылыстарында мамандар ұсынған логопедиялық массаждың, өкінішке орай, есепке алуды талап ететін бірқатар қарсы көрсетілімдері бар. Балада төмендегі аурулар байқалған жағдайда, процедураны мүлдем жүргізуге болмайды:

- жұқпалы немесе соматикалық аурулар;
- конъюнктивит;
- қабыну үдерісі;
- терідегі бөртпелер;
- герпес;
- лимфа түйіндерінің ісуі;
- бас сүйек ішіндегі қысымның жоғары болуы;
- стоматит немесе гингивит.

Әсіресе эписиндромы (тырыспасы) бар балаларға массажды ерекше ұқыптылықпен жасаған дұрыс.Сондықтан логопедиялық массажды жүргізудің алдында невропатолог және педиатр дәрігерлерінің қорытындысымен танысу қажет.

Қазіргі заманғы логопедиялық тәжірибеде массаждың бірнеше түрлері қолданылады:

Классикалық қол массажы

Емдік классикалық массаж– рефлекторлы әсер етуді есепке алмай қолданылады және дененің зақымдалған бөлігіне жақын немесе дененің тікелей өзінде жүргізіледі. Классикалық қол массажының негізгі тәсілдері: *сипау, сылау, уқалау және вибрациялы қимылдар.*

Массажда аталған тәсілдерді орындау үшін логопедтер көп жағдайда жұмсақ тістері бар тіс щетка, шпатель, емізіктерді және т.б. қосымша құралдарды жиі қолданады.

Нүктелі массаж– емдік массаждың бір түрі, бұл массаж түрі арқылы аурудың көрсетілімдері немесе қызмет бұзылыстарына сәйкес биологиялық белсенді нүктелерге (аймақтарға) босаңсытушы немесе ынталандырушы тәсілмен локалды әсер етеді.

Құрал-жабдықпен жасалатын массажды вибрациялық, вакуумды және басқа құралдардың көмегі арқылы жүргізеді.

Зондтпен жасалатын массаж (Е.В.Новикованың әдісі бойынша).

Өзіндік массаж

Массаждың анықтамасы оның атауынан туындайды. Массажды бала өзіне –өзі жасайды. Бұл қолмен бетке массаж жасау болуы мүмкін, мысалы тістердің көмегі арқылы тілге массаж жасау (артикуляциялық жаттығу «Тілімізді қасимыз», мұнда бала бар күшімен тілін қарысқан тістерінің арасынан итереді).

Логопедиялық массаж кезеңділікпен – аптасына екі-үш процедурадан он-жиырма процедураға дейін жүргізіледі. Кезең екі аптадан екі айға дейінгі үзіліспен қайталануы мүмкін. Бір процедураның ұзақтығы зақымдалу дәрежесіне, адамның жасына және басқа факторларға байланысты болады. Әдетте процедураның бастапқы ұзақтығы бес-жеті минутты құрайды, соңғы процедура жиырма-жиырма бес минутты құрайды. Массаж кезінде пациент аурырсынуды сезінбеуі керек, алайда әсіресе, балалардың ауыз қуысының бұлшық еттерін және тілді уқалауда бірқатар қолайсыздықты сезінуі мүмкін.

Ал логопедиялық массаждың негізгі тәсілдері келесідей болып табылады:

- сипау;
- ысқылау;
- вибрация және ұрғылау;
- тығыз басу.

Сипау – бұл әрбір процедура басталатын міндетті тәсіл. Оны басқа тәсілдермен кезектестіреді және әрбір процедура осы тәсілмен аяқталады. Сипау барысында үстіңгі орналасқан тамырлардағы қан айналымы күшейеді, бұлшық ет тонусы төмендейді, тыныс алу реттеледі.

Логопедиялық массажда сипаудың үш түрі кездеседі - сыртқы, терең қамтушы және тырма тәрізді сипау.

Ысқылау жекеленген бұлшық ет топтарының шектелген бөліктерінде жүргізіледі. Ысқылау қан айналымының күшеюіне ықпал етеді, зат алмасу процестерін жақсартуға, бұлшық ет тонустарын арттыруға ықпал етеді. Ысқылау арқылы жекеленген бұлшық ет аймақтарының жұмысын барынша белсендіреді. Вибрация тінаралық алмасуды өзгертеді, тіндердің трофикасын жақсартады. Күшті вибрация бұлшық еттердің тонусын арттырады, ал жеңіл вибрация – оны төмендетеді. Ұрғылау жүйкенің бастамаларында – бетте және май клетчаткасы аз жиналған орында (маңдай, жақ сүйегі, төменгі жақ) қолданылады.

Тығыз басу – бұл қан айналымын, лимфа айналымын, зат алмасу процестерін жақсартатын тәсіл және жүйке талшықтарының шығар орында қолданылады. Өзіндік массаждан басқа, емдеу барысында логопедиялық ойындар, логопедиялық жаттығулар, тыныс алу жаттығуы, артикуляциялық жаттығу сияқты оңалтудың басқа әдістері міндетті түрде қолданылуы қажет. Олар өз кезегінде қосымша әсер етудің маңызды құралы болып саналады. Мысалы, артикуляциялық жаттығу енжар немесе белсенді болуы мүмкін. енжар артикуляциялық жаттығу логопедтің көмегімен жүзеге асатын қимыл-қозғалыстардан құралады. Белсенді артикуляциялық жаттығу пациенттің өз бетімен қимыл-қозғалыстарды орындауынан құралады және толыққанды қимыл-қозғалыстарды қалыптастыруға бағытталған. Логопедиялық жұмыстың негізгі формасы ретінде, логопедиялық сабақтар алынады. Олар қызықты жәна толыққанды түрде, кішкентай пациенттер үшін ерекше маңызды логопедиялық ойындарды қолдана отырып, дыбысты дұрыс айтуды қалыптастыру бойынша толыққанды жұмыс жүргізуге мүмкіндік береді.

Логопедиялық массаж түзетуші-педагогикалық әсер ету әдісі болып табылады және көп жағдайда тілдік дамудың бұзылуында жиі қолданылады. Дыбыстаудың кемшіліктерін жоюдың аталған тәсілінің дәстүрлі және міндетті тәсіл болмауына қарамастан, аталған тәсіл өзінің дербестігін және тиімділігін дәлелдеді. Мұндай процедура кешенді оңалтудың бір бөлігі және емдеудің дербес түрі болуы мүмкін.

Пайдалынған әдебиеттер тізімі

1) *Васичкин, В.И. Справочник по массажу. — Л.: Медицина, 1991.*
2) *Архипова, Е. Ф. Коррекционно-логопедическая работа по преодолению стертой дизартрии у детей.- М: АСТ Астрель, 2008.*
3) *Шафеева, А.А.Логопедический массаж: методическое пособие. — М.: В. Секачёв, ИОИ, 2009.*

УДК 376.01-053.4-056.264

МРНТИ 14.29.29

Ибатова Г.Б[1]., Тлеужан Д.[2]

[1]п.ғ. магистрі, PhD 2 курс докторанты, Абай атындағы ҚазҰПУ, Педагогика және психология институты, ТП ҰҒПО аға ғылыми қызметкері, -

[2]Абай атындағы ҚазҰПУ, Педагогика және психология институты, дефектология мамандығының 4 курс студенті.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ТІЛІНІҢ ДАМУЫ МЕН СӨЗДІК ҚОРЫ МӘСЕЛЕСІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСТЕМЕЛІК ТҰРҒЫДАН ЗЕРТТЕЛУІ

Мақалада ғалымдардың арнайы педагогикалық және психологиялық еңбектерінде көрсетілген балалардың сөйлеу тілінің дамуы мен сөздік қоры мәселесі және олардың теориялық-әдістемелік тұрғыдан зерттелуі жөнінде әдебиеттерге шолу жасалып және талдау жүргізілген. Әр түрлі зерттеулерде айтылғанды жинақтай келе сөйлеуге үйретудің негізгі – сөздік қор. Ал баланың сөйлеу икемділігі мен дағдыларын қалыптастыру үшін негіз ретінде сөздік қорды байыту қажет.

Түйін сөздер: Сөйлеу тілінің дамуы, дағдылары, сөздік қоры.

Ибатова Г.Б[1]. , Тлеужан Динара[2]

[1]магистр п.н., докторант 2 курса PhD докторантуры, Каз НПУ имени Абая, институт педагогики и психологии. Старший научный сотрудник ННПЦ КП. ibatova_g@mail.ru, -
[2]Каз НПУ имени Абая, институт педагогики и психологии, студентка 4 курса специальности дефектология.

ТЕОРЕТИКО-МЕТОДИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ИЗУЧЕНИЯ РАЗВИТИЯ РЕЧИ И СЛОВАРНОГО ЗАПАСА ДОШКОЛЬНИКОВ

В статье дается обзор и анализ научных работ, специальной педагогической литературы, посвященной проблеме развития речи и словарного запаса дошкольников. По результатам обзора и анализа литературы словарь – основа развития речи. Поэтому при работе по развитию навыков и умений ребенка говорить необходимо обогащать словарный запас.

Ключевые слова: развитие речи, навыки, словарный запас.

Ibatova GB[1] Tleuzhan Dinar[2]
[1]magister bp doctoral 2nd year PhD doctoral Abai, Institute of Education and Research Associate psihologii. Starshy NNPTS manual. ibatova_g@mail.ru. –
[2]Kaz NUP named after Abay, Institute of Pedagogy and Psychology, 4th year student of specialty defectology.

THEORETICAL-METHODICAL BASIS OF STUDYING OF DEVELOPMENT OF THE SPEECH AND LEXICON OF PRESCHOOL CHILDREN

abstract

The article gives an overview and analysis of scientific works, special pedagogical literature devoted to the development of speech and the vocabulary of preschool children. Based on the results of the review and analysis of literature, the dictionary is the basis for the development of speech. Therefore, when working to develop the skills and abilities of the child to speak, you need to enrich the vocabulary.

Key words: speech development, skills, vocabulary.

Сөз өнері, шешендік дәстүр – қазақ халқының дүниені, қоғамдық қатынастар мен адамдар арасындағы байланыстарды танытудағы өнердің бір түрі. Ол ұлттық ойлау ерекшелігінің биік көрнісі, ажырамас түрі. Ал ұлттық таным балаларға тіл арқылы беріледі. Мәселен, М. Жұмабаев “бір ұлттың тілінде сол ұлттың жері, тарихы тұрмысы, мінезі айдай ашық көрініп тұрады. Қазақ тілінде қазақтың сайран даласы, бірсе желсіз түндей тымық, бірсе құйындай екпінді тарихы, сары далада көшкін тұрмысы, асықпайтын, саспайтын сабырлы мінез – көрініп тұ. Қазақтың сары даласы кең. Тілі де бай”,- деген болатын.

Ұлы Абай “Мақсатым – тіл ұстартып өнер шашпақ”,- деп, тілді өнер ретінде қарыстырса, Ы.Алтынсарин [1] тіл өнеріне жастарды оқыту, білім беру арқылы уйрету қажеттігін педагогикалық жағынан қарастырды. Мәселен, оқушылардың мектепке келгендегі сөз қорын ары қарай байыту, ал оқушылардың сабақ пен жаттығулардың әбден ойланған жүйесін талап ете келіп, өзі құрастырған оқулықтарында баланың тілін дамыту үшін халық арасындағы аңыз әңгімелерді, кейбір қара өлең үлгілері, мақал – мәтелдер, сондай – ақ басқа тілдерден аударған және өз қаламын шыққан тәлім әңгімелерді топтастырған.

Оқу құралдарында Ы. Алтынсарин тек тәрбиелік, дидактикалық мәселелерге ғана емес, қазақ тілінің тазалығы мен сөздерің қолданылуына да үлкене мән беріп, баланың тілін, сөздік қорын дамытудағы түсіндермелі оқу әдісінің маңыздылығын көрсетті.

С. Жиенбаев [2] баланың сөз байлығын молайту үшін: 1) баланың сөйлеу сапасын арттыратын; 2) ойлағаның дәлелдеп жүйелеп айтуға дағдыландырылатын; 3) дұрыс жазуға үйрететін жұмыстар жүргізу керек деп есептеп, сөйлеуге жаттықтыратын жұмыс тұрлерін, оны жүргізуде мынадай әдіс жолдарын көрсетті: а) қиын сөздердің мәнін сурет арқылы түсіндіру; ә) балалар сөйлеген уақытта оларға ойын дәл көрсететін сөзді таңдап айтуға, мүмкін болғанша жәрдемдесіп отыру; б) жаңа сөздерді жаздырғанда, тұтас мәтінге сол сөзді ендіруді тапсыру т.б.

Н. Сауранбаев тілден жүйелі білім беруде теориялық білім және оған сәйкес тәжірибелік дағды қалыптастыру қажеттілігін атап көрсеттіп, ал сөйлеу дағдыларын сөздік қор мен грамматикалық білім үлкен сүйенші,негіз болатындығын ескертеді.

Ш. Сарыбаев балалардың тілін дамытуды, оның ішінде сөздік қорды арттыруды грамматиканы оқытумен байланыстыра жүргізуді қуаттады. Ол тіл дамыту жұмыстарындағы сөз мағынасын меңгерту, сөздік жұмысын жүргізу сияқты түрлерінің нәтежелі екенің атап көрсетті.

Ғ. Бегалиев баланы сөйлеуге үйретудің негізгі тірегі сөздік қорын байыту дей келіп, сөздік жұмысының мынадай түрлерін ұсынады: заттын атын білдіретін сөздерді топтастыру арқылы таныту (оқу құралдары, киім, жемістер т.б.), заттарды мезгілдік кеңістіктік байланысына қарай ажырату арқылы мәнін түсіндіру (тағайда не өседі, қыстыгүні, жаздыкүгүні т.б.), заттарды ұқсас белгілері мен амалдарына қарай топтастыру арқылы ұғымды игерту (не жорғалайды, ұшады т.б.), синоним сөздерге байланысты сөздік жұмысын жүргізу (құйытып жөнеледі, оқтай зымырайды т.б.) термендермен және түбірлес сөздермен таныстыру (қару аттары, су, сушы, суат, сусын), сонымен бірг, баланың сөздігін байыту сабағының үлгілерін келтіреді. Сондай ақ, Ғ. Бегалиев сөйлеу дағдыларын қалыптастыру жұмысының бір түрі сөз мағыналары бойынша жұмыс туралы түсінік беру екендігін анықтап, ана тілін оқытуда кездесетін балалардың түсінуіне қиын сөздерді 5 топқа бөледі:

1. Затты, сынды, амалды білдіретін кейбір сөздерді балалар мүлдем білмейді, мысалы: маусым, сонар, бетегелі т.б.
2. Мәтіндегі кейбір жергілікті ерекшелігі бар сөздерді білмейді, мысалы: шалбар – сым., алжапқыш – белдеме т.б.
3. Сөздің қосымша жалғанғандағы немесе сөз тізбегіндегі қосымша мағынасын ажырата білмейді мысалы: құладым – құлап кете жаздадым, жылы – жылылау т.б.
4. Кейбір сөздерді ауыспалы мағынасын ажырата білмейді, мысалы: құс ұшты – сәрсен үкідей ұшты, қолымды сермедім – қолымды кеш сермедім т.б.
5. Кейбір сөздердің мағынасын білмейді, мысалы: көз тоймаушылық, күншілдік, ұрыншақ т.б.

Мұндай түсініксіз сөз мағыналарын игертуде тиімді әдіс – тәсілдерді келтіреді: балаларға таныс емес сөздер белгілі бір заттың өзін не суретін көрсету, егер дерексіз ұғым болса, түсіндірмелік немесе синоним мағынасын анықтау жолымен түсіндіру; білмейтін сөздерді басқа білетін ұқсас ұғымдармен салыстыра үйрету; түбір сөздің мағынасын талдау арқылы түсіндіру; ауыспалы мағынаны (бұрма) түсіндіргенде тура немесе балаларға таныс, білетін сөздермен алмастыру арқылы түсіндіру.

Сондай – ақ, Ә.Сәдуақасов – балалардың сөз байлығын молайту мәселесіне қатысты пікірлер айтып, қандай әдістердің тиімділігін саралаған, сөздік жұмыстарының әдістемесін тұжырымдаған ғалым. Ол «балалардың сөз байлығын молайту жұмысын бөлек сабақ етіп те , кітап оқу, грамматика, емле және жазу сабағында байланыстырып та жүргізуге болады»- деп сөз байлығын молайту қазақ тілін оқытудағы әрбір сабақта жүргізу қажеттілігін атап көрсетеді.

Баланы сөйлеуге дағдыландыру мәселесі көбінесе бастауыш сыныптарға байланысы қарастырылады. Мәселен, Р. Әмірова [3] тіл дамыту жұмысын ұйымдастыруға мынадай талаптар қояды:

1. Балалардың сөздік қоры мол, бай болуға тиіс. Сөздік қоры мол баланың ұғымы да кеңейе береді, әрі тілі орамды болып, пікірін толық жеткізе алады.
2. Балалардың сөзі грмматикалық жағынан дұрыс, мінсіз болуға тиіс. Сөйлемдегі сөздердің орны, грамматикалық байланысы тілдің заңдарына сай боланы дұрыс.
3. Баладың өз ойын рет – ретімен бір жүиеге түсіріп айта білуі тиіс. Бұлай дағдыланбаған бала әңгімедегі оқиғаларды еске түсіруіне қарай байланыссыз шашыратып айтадыда да, оның мәні мүлде түсініксіз болып шығады.
4. Балаларды оййын күмілжітпей, айқын дәл айтуға үйрену керек. Бұл үшін айтайын деген ой ұғымына мағынасы дәл келетін сөзді теріп жұмсауға, ойды білдіруге көмегі жоқ, артық сөздерден аулақ болуға, таза сөйлеуге дағдыландырады.
5. Балалар сөйлем ішіндегі ойдың тірегі болып тұрған сөздерді тауып, оған логикалық екпін түсіре сөйлеуге, лепті, сұраулы, хабарлы, сөйлемдерді, төл сөздерді тиісті интонацияға түсіріп сөйлеуге дағдылануы тиістілігін айтады.

1960 жылдарында қазақ тілін оқыту арқылы тілін дамыту туралы М. Әлімжанов, Ы. Маманов, Д. Арғынов, С. Рахметова, Қ. Шәкенов, Е.Құлмағанбетова, Е. Көшербаев, С.Қазыбеков т.б. ғалым әдіскерлердің тарапынан зерттеу еңбектері жарық көрді.

Х. Арғынов балалардың сөйлеу мен ойлау қабілетін, ой – өрісін жетілдіру мен сөздік қорын байытатындай мақсаттағы синтаксистік жаттығулар мынадай шарттарға негізделуін талап етті: жаттығулар тілдік құбылысты байқату, оқытылып отырған матириалды баланың бұрыннан

білетінімен салыстыру,өзіндік белгілерін тануға дағдыландыру; бақылау арқылы балаларға өз ой - өрісін қалыптастыру мен ой қортындысын жасауға баулу; синтаксистік пунктуациядан алған білімін қолдана білуге бейімдеу.

Бұл пікірді жинақтай келе сөйлеуге үйретудің негізгі – сөздік қор. Ал баланың сөйлеу икемділігі мен дағдыларын қалыптастыру үшін негіз ретінде сөздік қорды байыту қажеттілігі таныла бастады.

Өмір талабына байланысты тіл дамытудың жалпы мәселелерімен бірге, жекеленген бағыттары бойынша А. Жапбаров пен Мусинаның "Қазақ тілі сабақтарында тіл дамыту" еңбнгін жатқызуға болады. Бұл еңбекте алғаш рет қазақ тілі пәнін оқытудағы тіл дамытудың ғылыми негіздерін, салалары мен міндеттерін анықтауға қадам жасалды. Сондай – ақ фонетика, лексика, мофология және синтаксистен білім беруге байланысты балалардың тілін дамытудың әдіс–тәсілдерін анықтап, сөздік қорды байытудағы оқушылардың қызыметті нақтыланды. Ал Б. Жақина: [4] "Сөзді лексика тарауының негізгі бөлігі деп қарастырудың өзі мына жағдайларды:

1. Лексиканың міндеттеріне айқындайтын негізгі ұғымдарды айқындау;
2. Лексиканы оқытудың лингво - әдістемелік ұстанымдарының ерекшелігін ашу;
3. Лексикадағы сөз мағыналарын оқыту барысында дидактикалық материалдарды пайдалану, сонымен бірге лексиканы оқытудағы бала тілін дамытудағы негізгі мақсат оқушылардың өзінің сөйлеу қызыметінде белсенді қолданылатын лексикалық құралдар беруі қажет"-деп есептейді.

Ол үшін сөздің мағынасын синоним, антоним, омонимдер арқылы салыстыру, түсіндіру әдістері нәтежелі деп табады. Бірақ бұл еңбекте тіл дамыту үшін балалардың жас ерекшелігіне қарай лексикалық құралдар беру қарастырылмады.

Н.Ж. Құрманова[5] грамматиканың жеке бір категориясына байланысты әдәс – тәсілдерін көрсете отырып, "сындық мәнді білдіретін сөздерді оқыту балалардың сөздік қорын байытуға және сол сөзді белсенді \ активті \ қорғауға айналдыруға ықпал етеді",- деп анықтайды. Сонымен бірге , ол сөз табын оқытуда баланың сөздік қорын байытумен қатар, логикалық жүйесі сақталған сөйлем мен мәтін құрамында сөздің ролін қызметін таныту әдісі де қолданылуы керек деген пікір білдірді.

Жалпы тіл дамытудың мақсатын С. Рахметова "тіл ширатуын" балалардың білетін пассив сөздерін активтендіру мақсатын көздесе, "тіл жетілдіру" көбіне баланың тілін түзету мағынасында қолданады. Ал "сөз байлығын арттыру"- сөздікке ғана қатысты. Біздің ойымызша "тілді дамыту" термині ослардың барлығын қамтиды", -деп көрсетеді. Бұл пікірді талдау барысында қазақи тілін оқыту ғылымында тіл дамытудың маңыздылығы, қажеттілігі анықталғанымен оның ұйымдастырылу жүйесі, жұмыс салалары арнаулы зерттеліп, тұрақталмағандығын көруге болады. Сондықтан біз тілдамыту мазмұнын қатысымды әрекет теориясын негізге ала отырып, кешенді (оқу, жазу, тыңдау, айту) сөйлеу икемділігі мен дағдыларын дамыту мақсатындағы әрекет деп түсінеміз. Ал, тілін дамыту үшін жеткілікті лексикалық негіз, сөздік қор болған да ғана нәтижелі болады деп есептейміз.

Мектеп көлеміндегі оқытылатын тілдік теориялық мәліметтер мен материалдар қазақ тілі пәнінің типтік бағдарламасымен белгіленеді. Ал тіл дамыту сол бағдарамалық тілдік матиралдарды игертуге негізделіп,

- баланың сөздік қорының бай болуы, сол сөздердің мағынасына, стилистикалық мәніне байланысты дұрыс қолдана білу шеберлігі;
- бір мағына, ұғымды әр түрлі синоним вариант, тәсілдермен бере білу икемділігі;
- белгілі мазмұнға сай сөйлемдерді байланыстырып, бір ой – пікір білдіретін құрастыра алу дағдысы;
- бірнеше қайырымнан мәтін түзе білу икемділігі;
- ойына орай сөйлем құрастыра алу қабілетті. т.б.

Н. Оралбаева тіл дамыту ұғымының мағынасы, көлемі кең ұғымда екендігін айта отырып, бұл ұғымның мазмұнына мынадай мәселерді енгізді. Тіл дамыту сөйлеуге жеткілікті сөздік қорды және сол сөздерді сөйлемде бір-бірімен байланыстыратын тілдік нұсқауларды қолдану заңдылықтарын меңгерту болып шығады,- деп тұжырымдайды.

С. Рахметова "тіл дамыту деп балалардың сөздігін байытуға, сол сөздерді дұрыс қолда білуге, өз ойларын, пікірлерін екінші біруге сөйлемдер арқылы ауызша, жазбаша дұрыс білдіруге, яғни балаларға тілді бір – бірімен пікір алысатын қатынас құралы етіп пайдалана білуге үйрету

жүйесін айтамыз",- деп көрсетеді. Демек, тіл дамыту оқыту үрдісінде тілдік құралдарды қарым – қатынас ретінде орынды жұмсай білуге үйрету болып табылады.

Демек, баланың сөздік қорын байыту тек лексикалық жүйеде, яғыни жек сөзбен жұмыс жүргізу емес, басқа тілдік құралдардың негізінде , яғни мектептегі қазақ тілі пәнін оқыту барысында грамматика мен байланыстыра жүргізіледі.

Балалардың сөздік қорын байытуда сөз мағынасын жете түсіндіріп, оны балалар күнделікті өмірде пайдалану үшін жаттығулар жүйесі жасалады. Бұл үшін балаларға қанша сөз беру керек, қандай жаттығулар жүиесімен қандай әдістерді қолдану керек деген сұраққа жауап беру, балалардың жас ерекшелігі , психикалық қабілеттерін, сана сезімдерін ескере отырып, сөздік қорын молайту балаларға лексикалық минимум беру арқылы шешіледі.

Қорыта келгенде, сөздік қордағы әрбір сөз баланың ойлау қабілетіне, жеке бас тұлға болып қалыптасуына әсер етуші рөльде қолданылады. Сөз затты, оның белгісін, қалпын, әрекетін, байланысын білдіре отырып, олардың ұғымын бейнелейді. Сөзбен бейнеленген жинақталған сипатқа ие заттар мен олардың қасиеттері туралы сезімдік белгі таным нысанасы болады.

Тіл – қоғамдық құбылыс болғандықтан , сөздік қор да тек қоғам бар жерде ғана жинақталады. Қоғам жоқ жерде сөздік қор дамымайды, жетілмейді. Сондықтан тіл үйрету, сөйлеу әрекетіне жетілдіру іс ірекет негізінде оқыту үрдірісі арқылыұйымдастырылады. Ал оған сөздік қор негіз бола алады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. *Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы 2014 жылғы 17 қаңтар Қазақстан жолы 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ.*
2. *Бабина Г.В. Методика обогащения словарного запаса учащихся старших классов шкоды для детей с тяжелыми нарушениями речи (на материале лексико-семантических групп глаголов): Автореф. дщс. канд.пед.наук. М., 1990. - 16 с.*
3. *Белова-Давид Р.А. К вопросу систематизации речевых расстройств // Нарушение речи у дошкольников. М.: Просвещение, 1969. - С.10-46.*
4. *Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. Алматы, 1992*
5. *Әлімжанов Д., Маманов Ы. Қазақ тілін оқыту методикасы. -Алматы, 1965.*
6. *Әбілқаев А. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. -Алматы, 1995.*
7. *Жиенбаев С. Қазақ тілі методикасы. -Алматы, 1958.*
8. *Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. -Алматы, 2004. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы 2014 жылғы 17 қаңтар Қазақстан жолы 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ.*

УДК 376.3;
МРНТИ 14.29.27

Aisulu Tayzhan[1], Aigerim Tutova[2]
[1]Scientific supervisor, Doctor of Medical Sciences, Professor
sozba14@mail.ru
[2]a 1st year master student, major in 6M010500 – Defectology
tutova1994@mail.ru
Kazakh National Pedagogical University named after Abay, Almaty, Kazakhstan

ASPECTS OF EMOTIONAL-VOLITIONAL DEVELOPMENT OF HEARING IMPAIRED CHILDREN

Abstract

It examines the challenges of emotional-volitional development of hearing impaired childrenand the roleof infant attachment in emotional development.

Also the report addressed the issues of volitional regulation at an early age, functional interrelation building, the personal space of other human concept is at the heart, empathy. The article notices the fundamental role of the family in emotional-volitional sphere of hearing impaired children.

It is also were pointed out that interrelation of hearing impaired children and their parents influences on emotional-personal development of the deaf scholars.

Keywords:emotional development, attachment, empathy, hearing impaired children, role-game with the plot.

Тайжан А.А[1] . Тутова А.Н.[2]
[1]Ғылыми жетекшісі, медицина.ғ.д., профессор
sozba14@mail.ru
[2]6М010500 – Дефектология мамандығының 1 курс магистранты,
tutova1994@mail.ru
Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ., Қазақстан

ЕСТУ ҚАБІЛЕТІ БҰЗЫЛҒАН БАЛАЛАРДЫҢ ЭМОЦИОНАЛДЫ-ЕРІК ДАМУЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Мақалада есту қабілеті бұзылған балалардың эмоционалды-ерік даму мәселелері мен эмоционалды дамудағы балалардың бауыр басып қалурөлі қарастыралады. Сондай-ақ, ерте жастағы эмоционалды-ерікті түзету мәселелері, негізінде басқа адамның жеке кеңістік ұғымы, эмпатия жататын конструктивті қарым-қатынас құру мәселелері қарастырылды. Отбасының есту қабілетінде кемшіліктер бар балалардың эмоционалды-ерік дамуындағы отбасы негізін қалаушы ретінде айтылған. Сондай-ақ, есту есту қабілетінде кемшіліктер бар балалар мен ата-аналарының қарым-қатынасы саңырау оқушылардың эмоционалды-жеке дамуына әсер ететіні айтылған.

Түйінді сөздер:эмоционалды даму, бауыр басып қалу, эмпатия, есту қабілеті бұзылған балалар, сюжетті-рөлді ойын.

Тайжан А.А. [1] Тутова А.Н.[2]
[1]Научный руководитель, доктор.мед.наук, профессор
sozba14@mail.ru
[2]магистрант 1 курса по специальности 6М010500 – Дефектология
tutova1994@mail.ru
КазНПУ им. Абая, г. Алматы, Казахстан

ОСОБЕННОСТИ ЭМОЦИОНАЛЬНО-ВОЛЕВОГО РАЗВИТИЯ ДЕТЕЙ С НАРУШЕНИЕМ СЛУХА

Аннотация

Рассматриваются проблемы эмоционально-волевого развития детей с нарушениями слуха и роль детской привязанности в эмоциональной развитии. Также были рассмотрены вопросы волевой регуляции в раннем возрасте, построения конструктивных взаимоотношений, в основе которых находятся понятие личного пространства другого человека, эмпатия. В статье отмечается, что основополагающую роль семьи в формировании эмоционально-волевой сферы у детей с недостатками слуха. Также отмечены, взаимоотношения детей с недостатками слуха и их родителей влияют на эмоционально-личностное развитие глухих школьников.

Ключевые слова:эмоциональное развитие, привязанность, эмпатия, дети с нарушениями слуха, сюжетно-ролевая игра.

The elaboration of the emotional-volitional challenge in deaf persons psychology is conducting through L.S.Vygotsky's idea of existence of the general regularity in development among normally developing children and children with deviation in developing and ideas about psyche's system building [1].

As is known, general psychological development includes conditionality of psychological development by biological, social factors cooperation and person's own activity; presence of sensitive period in development; primary activities' dominance.

As for system building of psyche, it's core comes to that during person's psychological development, not only separate psychological functions develop? but the most important is connection development between the functions (We'll show how, in particular, the connection between emotional and volitional sphere developes.

From XIX century, the infant emptional-volitional sphere development problem was studying by different specialists. So Neitann (1822), as the characteristic feature of emotional sphere of the deaf children distinguishes impetuosity and low self-possession[2].

E.S.Borishpolsky (1900) notices that deaf persons are familiar with the feelings of parent love, infant attachment, friendship, respect, compassion; the peculiarities of their emotional manifestations depend on educational influence.

Emotional-volitional development of hearing impaired children in sufficient detail represented in psysurdus works.

Researchers pay their attention to defects of ontogenetic development and specific which is connected with speech function formation.

It noticed that in infants – at the age of 6-7months, it gets the feeling of attachment to parent, which is connected to sense of emotional comfort and safety. The type of attachment, as E.I.Esenina deems (1999), determines by fundamental positive and negative qualities of infant's mother. A means of communication system before the words forming previously in emotional communication with close people and then in object-oriented activity and in expressing the feelings, forming of the picture of the world around and of themselves, named by E.I.Esenina (1984, 1999) *proto-language*: gestures, sight and mimic-emotional expression perform emotionally-expressive, evaluative, vocative functions of vocalization, as well as focusing retention during a conversation among deaf children. Development of natural gestures goes faster and more successful among deaf children who have deaf parents. [3].

T.G.Bogdanova notices that reaction of focusing, smile, revitalization complex as interaction premise are matters during formation process of emotionally personal interaction as leading activity of deaf infants[4]. E.N.Vinarskaya (1987) describes a system of ideas of early childhood development, in which means of emotional cognition of environmental reality and emotional communication play a central role. A deaf child has an imperfect emotionally-expressive backgrounds of the speech mechanism: infant speech (babble) segments of rising sound are more defective than vocalization, pseudowords are more defective than the infant speech segments, and pseudosyntagmaes remain almost unformed at all. Sometimes, it notices congenital nervosity symptom at the infant age. At the age of 2-4 years can be astheno-neurotic reactions and behavior disorders caused by psychogenic factors (communicative difficulties as a result of deafness and speech development retardation). Transition to children's garden at the age of 3-5 years is accompanied by exacerbation of psychogenic-neurotic reactions in connection with vital stereotype change, it enhance forms of deviant behavior, emergence of psychogenic reactions of active and passive resistance in return for transition to children's garden.

At an early age *somatovegetative reaction* can be observed, the reaction is reflected in general or vegetative hypererethism, tendency to dyspepsia, nutrition, sleep, urinary bladder and rectum management skill. In this connection, prevailing clinical form is neuropathy. It is especially acute if the hearing impaired child wasn't obtained medical-social and psychological and pedagogical support or the child has complex disorder. [5]. At the preschool age, according to E.I.Esenina, E.V.Korolyova and P.A. Yann's data astheno-neurotic symptomatology appears more clearly, neurotic and neurosis-like disorders fixes. Somatogeny create asthenical background (undue fatiguability, instability, fast exhaustion of active attention, motor anxiety), weakly expressed forms of characterological disorder appear: aggressiveness, hysterics, pertinacity, contrariness, fears. In this connection E.I.Esenina touchs on an question about volitional control at an early age, insisting on an obligatory introduction in rules of conduct, building of constructive relationship which are based on the definition of personal space of other person, empathy. [3]. The child considers reaction of an adult person (approval, censure, etc.), expresses interest in contact and common activities with an adult. As the child gets older the contacts develop, but before the age of 2 years contact breaks up, at this moment the reaction of the child can be negative. These manifestations are corrected by an adult and gradually lead to formation of self-control.

Complexity of learning role playing game with the plot, from G.L.Vygotskaya's point of view (1975) leads to retardation of arbitrary regulation formatting, lag of transition to eye-mindedness, the task in representation, difficulties own actions analyze, doings, motives by reference to common to all mankind rules of behavior, developmental lagging in creative imagination. However under special influence of an adult these processes of games and play development at a pre-school age determine the possibility of emotional-volitional development [49]. At this period it attaches great importance to emotional-volitional development, arbitrary behavior, moral education in the family: parents are given specific psychological and pedagogical recommendations at the emotional-volitional development of the deaf schoolchild, it directs an attention to sensitivity to facial expression, movements.

The first step of emotional-volitional sphere development is the period of the infancy, the early childhood, and the pre-school age. At this time, according to E.N.Vinarskaya, E.I.Esenina, T.G.Bogdanova, L.M.Korbina, E.P.Mikshina, E.V. Korolyova, the question of habilitation work and readiness to this of the family is the most important one. [3].

At the first stage of emotional-volitional sphere development of the deaf child the role of the family is noticed by researches N.A.Rau, B.D.Korsunskaya, V.Petshak, T.G.Bogdanova, O.P. Eryomina and the others. [2].

The difference of emotional-volitional sphere development features between the deaf families and hearing parents is represented in many works: Levine E.S.,1981 [328], Meadow K., 1980 [330], Koch U., Lucius – Hoene G., Stegu R. ,1988. V.Petshak,1990, G.L.Zaiceva (1991).

In the family which has a hearing impaired child or where the parents have this defect, the specific challenges exist, which complicate a normal relationship [328]. In the works focused on emotional-volitional manifistations in the infant and the pre-school age (E.I.Esenina, E.N.Vinarskaya, T.G.Bogdanova, I.V.Korolyova, P.A.Yann, A.A.Venger, G.L.Vygodskaya, E.I.Leongard,B.D.Korsunskaya, N.G.Morozova, D.W. Hess), attention is given to parents' role in this process in conditions of leading activity of the infant age - emotional interaction, and then dominating games and play activities. [2,3].

Deaf children of the deaf parents are characterized by a higher level of social maturity, independence, responsibility.

If the hearing parents gave birth to a hearing impaired child, the mutual incomprehension in social contacts will entail significant features in emotional relationship of deaf children with the people who surround them. (unmet needs in communication may cause negative emotions, irritability, social isolation). There were studied relationship between brothers and sisters, one of which had a hearing impairment in foreign researches. Their relationship depend on sex, age, birth order of a hearing impaired child.

V.Petshak (1990), G.L.Zaiceva (1991) noticed that emotional well-being of the deaf child in the family of the deaf parents comes from mutual understanding of the both sides because of comprehension of the sign language, it is means of interpersonal communication of the deaf persons, but hearing parents don't achieve successful communication with their children. [7]. Children at the primary school age and adolescence who have hearing parents have less positive emotional manifestations to parents (only by the end of adolescence everything changes for the better), than hearing or deaf children who have deaf parents (positive emotions to brothers and sisters, distinctly negative emotional behavior to father). The T.G.Bogdanova and N.V.Mazurova's research notes that mutual relationship of a hearing impaired children and their parents affect the emotional-personal development of the deaf schoolchildren. So purposeful psycho correction of the children-parents relationship is needed. [2].

V. Petshak's (1989) study showed that deaf children being raised at home and having deaf parents have more positive emotional manifestations than deaf children of hearing parents being at home or in children's residential care. On the number of positive emotions, deaf children are near their hearing peers. [7].

It must be noted that the fundamental role of the family in forming of emotional-volitional sphere among the hearing impaired children is recognized by corrective educators and special psychologists. V.Z.Kantor and G.N.Penin (2005) name as important developing "qualities of self-organising person of training and other kinds of activity… the child finds attitude and meaning of life, becomes mature personality - true subject of culture, history, their own life, capable of self-organization and self-control" in the family.[6]. The attention is given to child support by family during his aggression manifestation, it helps the child to control his emotions, to set limits of the behavior. A kind word, gesture, praise addressed to a child are determined as "the strong stimulant of positive relationship to the world around and self-relations… The parents are the source of security and confidence in conditions of tension and stress for the little deaf child", the necessity of the corrective-pedagogical help to a family of implanted child is noticed at the postoperative rehabilitation step when forming auditory verbal behavior [7]; It raises the issue of the parent role in integration of the deaf child [7].

Psychomotor type of reaction, which may be accompanied by general and local movement disorder in hyperkinesia forms, tics and manifested at the age of

4-7 years old. Common form of psychopathology at this age is hyperdynamic syndrome. Emotional and behavioural reactions can be a result of an impact of various factors, firstly psychological ones. Most pronounced data of features at the intensive physical development age of children's organism, corresponding crisis age of 3-4 and 7 years old. At the period of 3-4 years reactions of opposition, objection, and contrariness prevail as one of the options of negativism, which proceed on emotional hyperexcitability, touchiness and tearfulness background.

The studying of moral feelings of the deaf pre-school children, which was realised by N.G.Morozova showed that forming of empathy, the peers' wills comprehension, their emotions comprehension and positive peer relationships demands special influence from adults.

The deaf children who don't have any additional defects, to the age of 6-7 years, according to T.V.Rosanova (2003), emotionally and adequately respond to the nature of tasks to be performed and achievable at this time success or fail, they seek after correct solution of the task set to them.

At the time of deaf children entering school is observed characterological changes: features of irritability, retardation, mixture of characterological changes dominate. For the first time the children aware their defect at the age of 6-8 years. At an early school age it observed neurotic and neurosis-like reactions that complicates the study program assimilation and leads to emergence of denial reaction and personal deviation. [5].

M.E.Hvatzev and S.N.Shabalin note a supervision of overaction and inadequate emotional condition among deaf children occasionally. The skill of emotional conditions controlling forms among deaf persons later than hearing ones. Describing a characteristic of deaf primary schoolchildren, authors in addition to developmental disabilities point out hopeful sign of this age: buoyancy, flow of spirits, full emotional life. The same was written by N.G.Lagovsky "In most cases they are cheerful people… Only some of deaf-mute persons in a certain way recognize their position and find discontent"
E.G.Rechizkaya and E.V.Parhalina (2000) note that emotional background of activity sets condition for intensity of the volitional mobilization level. They revealed in their research certain dependence of the emotional-volitional regulation level on the level of hearing impairment, level of speech development and terms of education in children's garden. E.G.Rechitzkaya and E.V.Parhalina's data (2000) are in keeping with neurophysiological and neuropsychological data, characterizing maturation and functioning of the brain structure, which are testimony to the strengthening of cerebral cortex retardation control over instinctive and emotional reactions only after the age of 7 years. The authors propose step-by-step system of corrective impact for emotional-volitional sphere of hearing impaired pre-school children.

Generally the development of emotional-volitional sphere of the deaf child takes place in the same principles that among hearing people, but hearing impaired children (playful, study and working activity) has some special needs of emotional-volitional development (usually at the period of pre-school age and the age of primary school, although these manifestations can be observed at the more older age): emotional-volitional development delays because of speech development delay, limited interactions, minimal influence on the deaf children by literary works due to the effects of primary disorder, inability fully perceive music because of damage of hearing analyzer, however emotions are expressively conveyed in mimics and pantomime. The children have difficulties in emotion verbalization, in their identification and differentiation in definition of the causes of emotional conditions, and in self-regulation of own emotional manifestations.

Reference list:

1. *Vygotskiy, L.S. Imagination and its development in childhood/ L. S. Vygotskiy – StP.: Soyuz, 1997. - p.96*
2. *Borishpolskiy, Y.S. Deaf-mute and his inner world/ Y.S. Borishpolskiy – StP.: Typography of the school for deaf-mutes, 1900. – p. 25*
3. *Isenina, Y.I. Verbal communication between hearing and deaf-mute children/ Y.I.Isenina // Defectology – 1984. – #6 –p.3-7*
4. *Bogdanova, T.G. Audiopsychology/ T.G. Bogdanova – M.: Academy, 2002. – p.224*
5. *Mikshina, Y.P. Development of creative initiative of preschool children with hearing impairment/ Y. P. Mikshina// Biomedical and correctional-pedagogical problems of children's creativity: Abstracts of the VII international conference "The child in the modern world. Childhood and creativity" (April 19-20, 2000) – StP.: StPGTU, 2000. – p. 62-64*
6. *Kantor, V.Z. Conceptual approaches of modern pedagogy as guidelines for corrective education in the family environment/ V.Z. Kantor, G.N. Penin// The family and the child health: the materials of the XII international conference " The child in the modern world. Family and children" (April 20-22, 2005) – StP.: Typography of the Polytechnic University, 2005. – p. 14-20*
7. *Petshak, V. Study of emotional attitudes of deaf school children to family members/ V. Petshak. //Defectology.- 1990. #6, p.18-24.*

УДК 376.4
МРНТИ 14.29.23

Р.Б.Шеметаева[1], Г.Н.Турсиметова [2]
[1] Шымкент қалалық ПМПК бас маманы, логопед, ranowa.66@mail.ru
[2]№ 39 М.Жұмабаев атындағы жалпы орта мектебінің логопед, Шымкент қаласы, Gul_bahor_1990@mail.ru

ЖАЛПЫ СӨЙЛЕУ ТІЛІНІҢ ДАМЫМАУЫ ЖӘНЕ ПСИХИКАЛЫҚ ДАМУДЫҢ ТЕЖЕЛУІ

Мақалада психикалық дамуы тежелген балалар және олардың сөйлеу тілі ерекшеліктер, жалпы сөйлеу тілінің дамымауы туралы мәселер қозғалған. Сонымен қатар психикалық дифференциалды диагностиканың ерекшеліктері қарастырылған.

Түйін сөздер: психикалық дамуы тежелген, жалпы сөйлеу тілінің дамымауы, сөздік қор, кемістік, қабылдау, дыбыстық талдау, дифференциалды диагностика.

.Шеметаева Р. Б[1],.Турсиметова Г. Н[2]
[1]главный специалист шымкентской городской ПМПК, ranowa.66@mail.ru
[2] логопед средней общеобразовательной школы № 39, г. Шымкент, Gul_bahor_1990@mail.ru - по 39 М.Жумабаева

ЗАДЕРЖКА ПСИХО-РЕЧЕВОГО РАЗВИТИЯ У ДЕТЕЙ

В статье представлены особенности и закономерности развития разговорной речи детей с задержкой психического развития, а также описываются основные моменты дифференциальной диагностики психического развития детей

Ключевые слова: дети с задержкой психического развития, состояние разговорной речи, словарный запас, недостаток, звуковой анализ, дифференциальная диагностика

R. B. Shemetayeva[1] G. N. Tursimetova[2]
[1]the chief specialist of the Shymkent city PMPK, ranowa.66@mail.ru
[2]a logopedist of high comprehensive school No. 39, Shymkent

DELAY OF PSYCHICAL AND SPEAKING DEVELOPMENT OF CHILDREN

Features and regularities of development of informal conversation of children with a delay of mental development are presented in article, and also highlights of differential diagnostics of mental development of children are described

Keywords: children with a delay of mental development, a condition of informal conversation, a lexicon, a shortcoming, the sound analysis, differential diagnostics

Психикалық дамуы тежелген балалардың өзіне тән ерекшелігі олардың мектепте білім алуға дайын еместігі болып табылады. Сондықтанда бұл ерекше және көп қырлы көмекті қажет етеді. Бала қаншалықты ертерек көмекті алатын болса, соғұрлым нәтижесі жақсы болады.

Мектепке дейінгі жаста психикалық дамудың тежелуі көп байқалмайды. Ол мектеп алды кезеңінде және бала мектепте білім алу кезеңінде қиыншылықтарға тап болған кезде байқалады. Бұл балалардың ерекшеліктерімен таныс болмаған педагогтар оларды ақыл-есі артта қалған балалар ретінде қабылдап, оларды көмекші мектеп пәндерін анықтау мақсатында медициналық-педагогикалық кеңеске жібереді.

ПДТ жиі кездесетін психикалық онтогенез бұзылыс түрлерінің бірі. Төменгі сынып оқушыларында бұл 5 тен 10% ға дейінгі көрсеткішті көрсетеді[1].

Психикалық дамудың тежелуіне тән белгілер мыналар: қоршаған орта туралы білімдерімен ұғымдарының баланың жасына сай болмауы және шектеулігі, танымдық белсенділігінің төмен деңгейде болуы, ерікті іс-әрекетін және жүріс-тұрысын реттеудегі жеткіліксіздік, жас ерекшелігі бірдей қалыпты дамыған құрдастарымен салыстырғанда есту арқылы мәліметтерді қабылдау және қайта өңдеу бойынша мүмкіндігінің төмен екендігі. Сонымен қатар, психикалық дамуы тежелген балалардың көпшілігінде ерікті зейін, есте сақтау және басқа да жоғары психикалық қызметтердің қалыптасуындағы жеткіліксіздіктер байқалады. Психикалық дамуы тежелген балалардың кейбіреулерінде ақыл-естің жеткіліксіздігі, ал басқаларында эмоционалдық-жігерінің бұзылыстары, психикалық инфантилизм басым болады.

Психикалық дамудың тежелуінде сөйлеу тілінің кемістігі жергілікті сөйлеу тілі талдағыштарының зақымдануынан емес, ең бірінші кезекте талдағыштар арасындағы байланыстың жеткіліксіздігінен пайда болады.

ПДТ балаларға сөйлеу әрекетінің әртүрлі кемістіктері тән.

Психикалық дамудың тежелуінде әсіресе, фразалық сөйлеу тілінің кеш дамуы байқалады, тіпті жоғары мектепке дейінгі және төменгі мектеп жасында да балалар кеңістікпен байланысты айқындайтын логикалық-грамматикалық құрылымдарды байланыстыруға қиналады. Өздерінің тілдерінде олар ең қарапайым құрылымдарды пайдаланады, бұл олардың байланыстардың мағынасын түсіндіруге әлсіздігін көрсетеді. Тілдік құрал арқылы олар себеп-салдарлық, уақыттық және басқа байланыстарды жеткізе алмайды. Сөйлемдерді грамматикалық және мағыналық жағынан байланыстыруды қиындықпен жүзеге асыруымен сипатталады.

Психикалық дамуы тежелген мектеп оқушыларының сөздік қорының аздығы және сараланбауымен ерекешленеді: балалар мағынасы жағынан жақын сөздерді жеткілікті дәрежеде түсінбейді және дұрыс қолдана алмайды. Сөздік қорының айтарлықтай дәрежеде төмендігі олардың қоршаған орта туралы білімдерімен ұғымының жеткіліксіздігі, танымдық белсенділігінің төмен екендігін көрсетеді.

Өз іс-әрекетін реттеудегі әлсіздігі оның өз ойын бағдарлап айтуындағы қиындықтарға және оны грамматикалық құрылымының жеткіліксіздігіне себеп болады.

Психикалық дамудың тежелуіне мектепке дейінгі кезеңде бас мидың аналитикалық-синтетикалық іс-әрекетінің дамуының артта қалу салдарынан дыбыстық талдаудың толық қалыптаспауы тән. Жоғары мектепке дейінгі кезеңдегі баланың ауызша сөйлеу тіліндегі дыбыс шығару және сөйлеудің грамматикалық жағында айтарлықтай кемістіктер байқалмауы мүмкін, бірақ дыбыстық талдауындағы кездесетін кемістіктер олардың сөйлеу тілі дамуындағы артта қалушылықты айқындап береді.

Дифференциалды диагностикада кешенді тексеру үлкен роль атқарады. Ол өз ішіне сөйлеу тілі немесе зиятының зақымдануындағы басымдықты анықтауға бағытталған ақыл-ой және сөйлеу тілі дамуындағы бұзылыстардың клиникалық этиопатогенетикалық талдауды, баланың психологиялық жағдайын зерттеуді, сонымен қатар қосымша зерттеулерді – электроэнцефалографиялық және тағы басқаларды өз ішіне алады. Дифференциалды диагностика мектепке дейінгі жастағы баланың психикалық дамуының динамикасын талдауға көмектеседі.

Пайданылған әдебиеттер тізімі

1. Диагностика и коррекция психического развития дошкольников. Под ред. Я.Л.Коломенского, Е.А. Панько. Минск, 1997.

2. Психокоррекционная и развивающая работа с детьми. Под ред. И.В. Дубровиной. М.: Академия. 1998. -160б.

3. Урунтаева Г.А., Афонькина Ю.А. Практикум по дошкольной психологии: Пособие для студентов высших и средних педагогических учебных заведений. - М.: Академия. 1998. 304 б.

4. Семаго Н.Я., Семаго М.М. Проблемные дети. Основы диагностической и коррекционной работы, психолога. М.: 2000. Академия. 232б.

УДК 376-056.71
МРНТИ 14.29.29

Бекбаева З.Н.[1],Саурықова Б.[2]

[1]Ғылыми жетекші п.ғ.к., аға оқытушы Абай атындағы ҚазҰПУ- нің Арнайы білім беру кафедрасы kaznauzake@mail.ru

[2]Абай атындағы ҚазҰПУ-нің 6М010500 «Дефектология» мамандығының II-курс магистранты baglan.saurykova.89@mail.ru

ЖАЛПЫ СӨЙЛЕУ ТІЛІ ДАМЫМАҒАН БАЛАЛАРДЫ ЫНТАЛАНДЫРУ ЕРЕКШЕЛІГІ

Андатпа

Қазіргі таңда ынта мен ынталану мәселелері әлі де талқылауға мұқтаж және өкінішке орай эксперименталді түрде зерттеу үшін қиын тақырып болып табылады. Сонымен, «қажеттілік» пен «мотив» терминдерінің логопедиялық еңбектерде болмауы психологиялық ғылымның аталмыш даму кезеңіндегі мотивация терминологиясының жағдайына сәйкес келді.

Түйін сөздер: ынта, ынталану, мотив, мотивация, мотивациялық сфера, эмоционалдық ерік ерекшеліктері, мотивация сферасы

Бекбаева З.Н.[1],Саурықова Б.[2]
[1]Научный руководитель, к п н, ст. Преподаватель кафедры специального образования КазНПУ имени Абая, kaznauzake@mail.ru
[2]Магистран 2 курса КазНПУ по специальности 6М010500 «Дефектология»
baglan.saurykova.89@mail.ru

ОСОБЕННОСТИ МОТИВАЦИИ ДЕТЕЙ С ОБЩИМ НЕДОРАЗВИТИЕМ РЕЧИ

В статье рассматриваются особенности мотивации детей дошкольного возраста с общим недоразвитием речи

Ключевые слова: мотив, мотивация, сферы мотивации, особенности эмоциональной воли, сфера мотивации

Saurykova B[1]., Bekbaeva Z.N.[2]
[1] 2d course master specialty of Defectology / *Kazakh National pedagogical university named after Abai, Almaty,*
[2] c p s, senior lecturer of department of special education of KAZNPY name after Abai Almaty

FEATURES OF MOTIVATION OF CHILDREN WITH GENERAL SPEECH UNDERDEVELOPMENT

In the article the features of motivation of preschool age children with the general hypoplasia of speech discribes

Klyuçevıe words: children helps Shared hypoplasia of speech motïvacïï narwşenïya speech

Баланың психикалық даму жолында мотивацияның алатын орны мен мектеп жасына дейінгі баланың мотивациясының ерекшеліктері қандай болады?

А.К. Маркованың (1974) ойынша, баланың психикалық даму барысында мотивацияның ролі мен орнын түсіну баланың жас рекешелік даму кезеңдерін құру жолымен тікелей байланысты екен [1].

П.П. Блонкий, Л.С. Выготский тәрізді Отандық балалар психологиясының негізін қалаушы ғалымдар өткен ғасырдың 30-шы жылдары бала психикасы дамуының диалектикасын материалистік тұрғыда зерттеудің негіздерін қалап, бірақ балаларды оқыту мен тәрбиелеудегі бала психикалық кезеңдерінің қағидалары Д.Б Эльконин дамудың қозғаушы күштерін ашқаннан соң мүмкін болды [2].

Д.Б. Эльконин (1980) Совет психологиясында жалпы қабылданған жайттарды есепке ала отырып, тұлға дамуының әрбір кезеңі (жалпы жеке тұлғаның психикалық дамуы) белгілі бастапқы әрекет типімен сипатталатындығын айтқан. Аталмыш қалыпқа сүйене отырып, ол баланың туған кезінен бастап жетілуіне дейінгі психикалық үрдісінің нақтыланған концепциясын шығарды. Бұнда ғалым өз кезегінде кезеңдер мен фазаларға бөлінетін белгілі кезеңдерді бөліп көрсетеді (соңғылары қмір үрдісінің соңғы, ұсақ «бірліктері» болып табылады). Әрбір жас ерекшелік кезеңдері өз кезеңдерімен ашылып, онда мотивтер мен міндеттерді, сонымен қатар адам әрекетінің нормаларын меңгеру үрдісі жүріп отырады. Әр кезеңнің екінші аралығында қалыптасқан мотивациялық-қажеттіліктер негізінде жаңа туындылар пайда болып, затпен әрекет тәсілдерін меңгеру және салыстырмалы түрде айтарлықтай күрделі операциялық-техникалық мүмкіндіктердің қалыптасуы жүреді. Әрбір кезеңдер үшін мотивациялық қжеттіліктерді, дамудың операциялық-техникалық жақтарының қалыптасуын қамтамасыз ететін белгілі іс-әрекет тән болып келеді. Аталмыш жақтар арасындағы қарама-қайшылықтар дамудың қозғаушы күштері ретінде танылады [3].

Д.Б.Элькониннің болжамы бойынша, психикалық даму үрдісі сызықтық емес, онда әрекеттің мотивациялық қажеттіліктері мен интеллектуальды –танымдық аспектілері өзара негізделген иірме ретінде танылады. Соған орай аталмыш гипотеза өзінің көптеген жақтаушыларын тауып, Отандық психологияда да алдыңғы қатардан көріне білді..

Л.И.Божовичтің көзқарасы бойынша, аффектілі қажеттілік сферасы тұлғаның ядросы болып саналады. Тұлғаның бүтіндік құрылымы ең алдымен оның бағыттылығымен анықталады. Тұлғаның бағыттылығы негізінде өмір сүру мен тәрбие барысында туындайтын тұраұты доминантты мотивтер жүйесі жатыр. Онда негізгілері, яғни бастапқы мотивтер өзіне өзге мотивтерді бағындыра отырып, адамның мотивациялық сферасының құрылымын сипаттайды»

(Л.И. Божович, 1968, 15 б). Л.И. Божовичтің жұмыстарының бірқатар циклдері баланың туғаннан бастап жоғары мектеп жасына дейіңгі аффективті –қажеттілік сферасының жасерекшелік генезисіне арналған.

Баланың жас ерекшелік сипаттамасы тұлғаның қажеттілік сферасы мен санасының құрылымы мен оның шынайылыққа қатынасының ерекше сипаты бойынша әр жас кезеңдеріндегі айырмашылықтармен айқындалады. Теориялық зерттеу негізінде біз құрған № 2 сызбанұсқа біздің ойымызша, баланың сөйлеу тілі әрекетінің қалыптасуына ықпал ететін қажеттіліктерді көретеді (А.Маслоудың (1999, 65 б) «Адам баласының қалаулары мен қажеттіліктерін бөліп көрсетудің еш мағынасыз мүмкіндіктерінен мәңгіге бас тарту керек» деген сөздерін есте сақтай отырып, біз оның толық ұсынылуына талас тудырмаймыз).

Психикалық даму үшін жаңа көзқарастарды талап ету бастапқы болып саналады. Бұл қажеттіліктер онтогенездегі психикалық дамудың негізгі қоздырушы күштері болып, соның негізінде өзге де қажеттіліктер (мысалы, қарым-қатынас, практикалық әрекет қажеттіліктері) туындайды. Баланың дамуы барысында қажеттіліктер өзінің мазмұны жағынан ғана емес, сонымен қатар өзінің құрылымы жағынан да өзгерістерге ұшырап отырады. Бір жағдайларда олар тікелей сипатқа ие болса, келесілері мақсат пен саналы түрде қабылданған ниеттерге негізделеді. Бірінші жағдайда түрткілер аталмыш бір әрекетті орындауға деген қалау мен ниетке негізделсе, ал екінші жағдайда ол мақсатты, саналы түрде болып, тіпті қалаумен сәйкес келмеуі мүмкін.

Бұл көзқарастарды С.Л. Рубинштейннің (1989) жұмыстарынан да байқауға болады. Ол мотивация өзінің дамуының ұзақ жолын өткеретіндігін айтқан. Ерте жаста мотивация тікелей жағдайларға байланысты болады. Сол үшін баланың әрекеті импульсивті және жағдаяттық болып келеді. Қажеттіліктері де тұрақсыз, бала оларды ұстап немесе басқарып тұра алмайды, яғни ол «өз қалауларының құлы» ретінде болады. Кейін бала жағдаяттық түрткілерден босатылып, оған мақсатты, саналы түрде бағытталған мақсаттар тән бола бастайды.

В.С. Мерлин (1971) тіпті тұқымқуалаушылық мотивтердің өздері өмір сүру барсыныда өзгерістерге тап болып, бірақ баланың жасы ұлғайған сайын оның өмірінде материальды және рухани негіздегі мотивтер арта түседі. Жүре пайда болған бұндай мотивтердің өзгерістері жетілумен емес, енді өз кезегінде ол дамудың басқа формасында сипат алып, бұл жағдайда тіпті мотивтің мазмұны да өзгеріске ұшырайды. Осылайша жаңа мотивтердің қалыптасуы жүреді.

Мектеп жасына дейіңгі кезеңнен бастап жаңа әлеуметтік әрекет мотивтері айтылған сөйлеу тілін әлеуметтік бағалау жолы арқылы қалыптаса бастайды. Сонымен бірге мотивтерді қалыптастырудың жаңа факторы әлеуметтік топ болып табылады. Мектеп жасына дейіңгі балалардың мотивтері, соның ішінде әлеуметтік және адамгершілік мотивтер ата-анлардың немесе тәрбиешілердің жеке ықпал етуі нәтижесінде ғана емсе, баланың өмірі мен іс-әрекетіне әлеуметтік топтардың қатысуы арқылы қалыптасады. Солайша, айқын түрде эмоциональды жүретін әлеуметтік және эстетикалық түрткілер жүйесі қалыптаса бастайды (В.И. Шадрикова, 2001, 66 б). Ересек мектеп жасына дейіңгі кезеңдерденбстап баланың іс-әрекеті өзінің жеке сипатын жоғалтып, бала ұжымдық ойын әрекетіне қатысып, ойын негізінде балада әлеуметтік мотивтер қалыптасып, олар ойыннан тыс жағдайларда да көрініс тауып отырады (В.С. Мерлин. 1971) [97, 98].


Онтогенездің алғашқы кезеңдерінде мотив тұлға мағынасына деген қатынас бойынша алғашқы болып табылады. Бала қажеттілік мағынасын түсінбей, саналы мақсаттарды өз алдына қоя алмайды. Кейін тұлғаның даму барысында бұл қатынастар өзгеріп «...мағына психологиялық шешуші және мотивтерді таңдауда, мотивтердің туындауына, дамуында шешушіге айналады» (Б.А. Сосновский, 1992, 13 б) [99].

Сыртқы мақсаттардың басымдылықтары 4 жасқа дейін жалғасып, кейін ішкі мақсаттар арта түседі. Осы жастан бастап мақсаттық иерархияның қалыптасуы басталады.

Тұлға ішіндегі туындаулар ретіндегі мақсаттық иерархияның қалыптасуы алты–жеті жасына таман жүреді. Ол әрекеттің аралық мақсаттарын бөліп көрсету мен оларды ішкі жоспарда өзара сәйкестендіру негізінде жүзеге асырылады.

Онтогенезде мотив пен мақсат арасындағыөзара қатынастар мәселесі тек мектеп жасына дейіңгі кезеңде туындайды. Ерте жас үшін мақсат пен мотивтің сәйкес келуі тән. Бала ситуация талап ететін жайттарды жасайды. Жағдайлар мен баланың әрекеті арасында аралық тұлғалық-мотивациялық әрекет жүреді (Д.Б. Эльконин, 1960). Бұл баланың мақсатқа сыртқы қатынасы бойынша артықшылықтарды көрсетіп, олар оның әрекетінің мотивтері болып табылады: бір жағынан – бала үшін жағымды заттар мен оларға қолжеткізуге деген қалаушылықтар оларды жесе, екінші жағынан үлкен адамдардың мақсат-талаптары оның әрекеттерінің мотивтеріне айналады.

Сонымен кіші мектеп жасына дейіңгі балалар танымдық міндеттерді ойынға айналдырады (Н.И. Непомнящая, 1983). Орта жастағы мектеп жасына дейіңгі кезеңдерде мақсат пен мотивтің өзге қаынас формалары пайда болады: балалар өздерінің жағымды іс-әрекеттердіорындай бастайды. Одан үлкен мектеп жасына дейіңгі кезеңдерде мақсат мен мотив арасындағы қатынас әрекеттің соңғы және аралық жемісі бола алады (Н.И. Непомнящая, 1983) [4].



№2 (леу тілі әрекетінің

Онтогенездегі ойын әрекетінің мотиві мен танымдық әрекетінің мақсатындағы байланыс сипатының өзгеруі: оларға әрекетті орындаудың қажет жағдайы ретіндегі тікелей емес қатынастан қатысты байланысқа әрекетті орындайдың қажет жағдайы ретіндегі жағдайы. Танымдық әрекетті қалыптастырудың оңтайлы міндеттеріне мақсаттың таным әрекетінің мотивімен тығыз байланысы жатады.

Н.В.Елфимова (1991) мектеп жасына дейінгі жастағы бала әрекетінің мотивациялық компонентін тудыру жағдайын ерекше болып көрсеткен: 1) баланың маңызды тұлғалық әрекетін тудырушы белгілі мотивтерді жұмылдыру; 2) мақсаттық иерархия функциясының иесі ретіндегі қалптастыратын әрекеттерді орындауға ересектердің қатысуы; 3) қалыптастыратын әрекетті маңызды (ойын) әрекетке қосу [5].


Қолда бар зерттеу жұмысы бойынша әдебиеттер барысын талдай отырып, ересек мектеп жасына дейіңгі балалардың мотивациялық сферасын біз №13 сызба нұсқада көрсетуге тырыстық.

Сонымен, жоғары мектепке дейіңгі жаста баламотивациялық даму сферасының жоғары деңгеіне қол жеткізеді: мотивтің ситуативтілігі жоғалып, бала қажеттіліктер мағынасын түсінуге қабілетті болып, ересек адамдардың көмегімен саналы мақсаттар қойылып, мақсаттық иерархия туындайды. Түрткілердің маңызды қасиеттерін қалыптастыра отырып, ол ересек мектеп жасындағы баланың тұлғалық дамуындағы маңызды жаңартулар болып табылады. (В.С. Мухина, 1999) [6].

Мотивтердің жеке түрлері арасында иерархия орнатылады: басты және екіншілік мотивтер бөліне бастайды. Бала түрлі типтегі мотивациялық жағжаяттарды шешуге қабілетті болады.

Атап өтетін жайт, бұл иеархия барлық жеке тұлғалар үшін бірегейлік сипатқа ие болады ма?(мотивтер спектрі тәрізді) және біз біздіқызықтыратын мотивтерді жеке мотивациялық бірліктерден бөлек қарастыра алмаймыз. Бұл жағдайда біздің мотив туралы түсінігіміз (оқшауланған, бірегейлі, жеке, жеке тұлға өміріндегі жалпы мотивациялық бейнеден жасанды көрсетілген болатын еді» (А. Маслоу, 65 б).

Жалпы, даму мәселесі жоғарғы зерттеулерді талап етіп, бұл оның сиректігін көрсетеді. Бұл әсіресе, мотивтерді жеке ажыратуға негізделген себептерді анықтауға байланысты. (мектеп жасына дейінгі балаларға қатысты аталмыш зерттеу жұмыстары өте аз). Сондықтан, Х.Хекхаузен көрсеткендей, өзінің теориялық жұмыс барысы бойынша ажыратылатын, бірақ онда мотив және оның дамуы қандай да бір жағдайлармен қарастырылатын қосымша әдістемелерге де жүгінуімізге тура келеді.



№3 Сурет. Ересек мектеп жасына дейінгі балаларындағы мотивтер спектрі (әдеби дерек көздері бойынша)

Біз жоғарыда көрсеткен жағдайларға байланысты, Л.Е. Семенованың (2002) мақаласын талдадық. Автор қалыпты даму барысындағы ересек мектеп жасына дейінгі балалардың тактика және стратегия негізіндегі маңызды мотивациялық көрсеткіштерін гендерлік қалау призмасы арқылы көрсете білді. Ол маскулинді және феминді мотивациялық компонент құрылымдарына негізделген фактілерді анықтаған. Мысалы, мааскулинді топ балаларында мақсатқа жету мотивтері басымдылыққа ие болса, олардың 31,3 % үшін жағымсыз мүмкіндіктерден кейінгі антитиптік таңдаулар болған. Л.Э.Семенованың пайымдауынша, ол сәтсіз жағдайларды қабылдамауларымен байланысты болған. Бұл топ үшін өзін-өзі қорғау стратегиясы тән болған: сәтсіз мүмкіндіктерді обьективті себептермен түсіндіру, экспериментаторды зерттеу жүргізудің дұрыс жүргізілмеуімен кінәлау, тапсырманы сынау т.с.с [6].

Феминді топ негізіндегі балаларда тіпті сәтті жағдайлардан кейін де антитиптік жағдайлар байқалып, олар үшін өзін-өзі кінәлаудың (өзінің құзіретсіздігін пайымдау, өз бойында белгілі бір қасиеттің бар екенін мойындамау тән болып) 80% болса, сонымен қатар тапсырманың қиындығымен байланысты жағдайлар да болды.Автор ересек мектеп жасына дейінгі балаларда талаптардың түрлі стратегиясы мен тактикалары болатндығын айтқан және олар көбінесе олардың гендерлік ерекшеліктерімен байланысты келеді.

Белгілі болғандай, балалардың талаптар көп жағдайда олардың мүмкіндіктеріне сай келе бермейді. Бұл жағдай көбінесе мектеп жасына дейінгі бала міндеттерді шешу барысында өзінің жетістіктері мен сәтсіздіктері туралы жалпы ақпарат алғанда пайда болады. Егер оларға қол жеткізген нәтижелері туралы нақты ақпарат берілсе, онда 3,5-4,5 жастағы балалар тапсырмаларды таңдау барысында қиындық деңгейлері бойынша сақтық таныта бастайды (И.Р. Алтунина, 2005). 4-5 жас аралығында балалар себеп және қол жеткізген нәиже арасындағы байланыстарды түсіне бастап, олардың тырысп , талпыныс көрсетулері қабілетке қарағанда жетістік немесе сәтсіздігі негізінде болады. 5-6 жасқа таман аталмыш балалар И.Р. Алтупина бойынша, өздері қол жеткізген нәтижелердің себептерін қабілеттер негізінде қарастырады. 5-6 жас аралығында балалар өз жетістіктерін бағалап, оларды өзге жетістіктермен салыстырып, бағалай бастайды [7].

V.C.Crandall (1978) жүргізген зерттеу жұмыстары көрсеткендей, мектеп жасына дейінгі балалар өздерінің жетістікке бағытталған әрекеттерін көрсетіп қана қоймай, сонымен қатар олар түрлі тапсырмаларды орындауда тұрақты болып келеді. Автор балалардың күту деңгейлері мен белгілі еңбек арқылы қол жеткізу арасындағы белгілі келісімділіктің бар екендігін айтады. Бірақ, кіші мектеп жасына дейінгі балалармен салыстырғанда ересек мектеп жасына дейінгі балалар айтарлықтай жеңіл тапсырмаларды таңдайды екен.

Балалардың жасерекшелік мотивацияларына байланысты зерттеу жұмыстарының нәтижелерін талдай отырып, ересек мектеп жасына дейіңгі кезеңде балаларда мотивтерді белгілі түрде басқара алуы (иеарархия) пайда болып, соның арқасында балалар жоғары адамгершілік тұрғысынан маңызды мотивтерді ала отырып, оған өз әрекеттерін бағындырып, бала өскен сайын баланың әлеуметтік әрекет мотивтері де арта түседі екен.

Пайдаланылған әдебиеттер

1 Маркова А.К. Психология усвоения языка как средства общения. М., Педагогика, 1974.

2 Выготский Л.С. К психологии и педагогике детской дефективности. Собр. соч. в 6-ти томах., т.5 М., Педагогика, 1983

3 Эльконин Д.Б. Психология формирования личности и проблемы обучения. М., 1980. Божович Л.И. Этапы формирования личности в онтогенезе //Вопросы психологии, 1979, № 2, с.23-34, № 4, с.47-56

4 Непомнящая Н.И. Психологический анализ обучения детей 3-7 лет: на материале математики. М., 1983.

5 Елфимова Н.В. Диагностика и коррекция мотивации у дошкольников и младших школьников. М., МГУ, 1991.

6 Мухина В.С. Детская психология. М., 1999, с.225-232.

7 Семенова Л.Э. Тендерный анализ стратегии и тактики притязаний у детей старшего дошкольного возраста / Вопросы психологии, 2002, 6, с. 23

8 Алтунина И.Р. Мотивы и мотивация социального поведения детей М.; Московский психолого-социальный институт, 2005.

УДК 376.4
МРНТИ 14.29.21

Л.Қ. Макина[1], Д.Ж. Әбілдаева[2]
[1]психол.ғ.к., Абай атындағы ҚазҰПУ арнайы білім беру кафедрасының доценті
[2]Абай атындағы ҚазҰПУ Арнайы білім беру кафедрасының 5В010500-Дефектология мамандығының (Олигофренопедагогика) 4 курс студенті

ЖЕҢІЛ ЖӘНЕ ОРТАША ДЕҢГЕЙДЕ ЗИЯТЫ ЗАҚЫМДАЛҒАН ЖОҒАРҒЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЗЕЙІН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕСІ

Аңдатпа

Бұл мақалада жеңіл және орташа деңгейде зияты зақымдалған жоғарғы сынып оқушыларының зейін ерекшеліктерін зерттеу жұмысы қарастырылған. Жеңіл және орташа деңгейде зияты зақымдалған жоғарғы сынып оқушыларының зейін ерекшеліктерін зерттеу үшін қолданылатын әдістер мен әдістемелер жайлы мәлімет берілген. Жеңіл және орташа деңгейде зияты зақымдалған жоғарғы сынып оқушыларының зейін қасиеттерінің (тұрақтылығы, шоғырлануы, көлемі, бөлінуі, қайта қосылуы) жағдайы анықталып, арнайы әдістемелер көмегімен жүргізілген зерттеу жұмысының нәтижелері бейнеленген. Нәтижелері шығарылып қана қоймай, зияты зақымдалу дәрежесіне сай жоғарғы сынып оқушыларының зейін қасиеттері өзара салыстыру нәтижелері көрсетілген. Зерттеу жұмысын қорытындылай келе, арнайы мектеп мұғалімдері, психолог мамандары мен зияты зақымдалған оқушылардың ата-аналарына арналған ұсыныстар мен жаттығулар әзірленген.

Түйін сөздер: танымдық процестер, зейін, зияты зақымдалған балалар, зейіннің тұрақтылығы, зейіннің шоғырлануы, зейіннің бөлінуі, зейіннің көлемі, зейіннің қайта қосылуы.

[1]Л. Х. Макина, [2]Д.Ж. Абилдаева
[1]к.психол.н.,доцент кафедры специального образования КазНПУ им.Абая
[2] студентка 4 курса по специальности 5В010500 Дефектология КазНПУ им. Абая

ИССЛЕДОВАНИЕ ОСОБЕННОСТЕЙ ВНИМАНИЯ УЧАЩИХСЯ СТАРШЕГО ШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА С ЛЕГКОЙ И УМЕРЕННОЙ СТЕПЕНЬЮ НАРУШЕНИЯ ИНТЕЛЛЕКТА

Аннотация

В данной статье рассматриваются исследования по проблеме особенностей внимания учащихся старшего школьного возраста с легкой и умеренной степенью нарушения интеллекта. Даются сведения о методах и методиках, применяемых для исследования особенности внимания учащихся старшего школьного возраста с легкой и умеренной степенью нарушения интеллекта. Были определены уровни свойств внимания (устойчивость, концентрация, распределяемость, объем, переключаемость) и освещены результаты исследовательских работ, произведенных с помощью специальных методик для учащихся старшего школьного возраста с легкой и умеренной степенью нарушения интеллекта. Исходя из результатов исследовния, была сделана сравнительная характеристика свойств внимания учащихся старшего школьного возраста с легкой и умеренной степенью нарушения интеллекта. В завершение исследования были разработаны предложения и упражнения для учителей, психологов специальных школ и родителей детей с нарушениями интеллекта.

Ключевые слова: познавательные процессы, внимание, дети с нарушениями интеллекта, устойчивость внимания, концентрация внимания, распределяемость внимания, объем внимания, переключаемость внимания.

***L.H. Makina*,[1] *D.Zh. Abildayeva*[2]**

[1]candidate of psychological sciences, dosent of department of the special education KazNPU named after Abai

[2] student 4 course of the specialty 5B010500 Defectology KazNPU named after Abai

RESEARCH PROBLEMS OF ATTENTION FEATURES OF THE ELDER HIGH SCHOOL LEARNERS WITH MILD AND MODERATE INTELLECTUAL DISABILITY

Abstract

This article examines the work on the study of problems of special attention of pupils of the senior school age with an easy and moderate degree of intellectual impairment. Information is given on the methods and techniques used to study the special attention of students in high school age with an easy and moderate degree of intellectual impairment. The levels of attention properties (stability, concentration, distributability, volume, switch ability) have been determined and the results of research carried out with the help of special techniques for pupils of senior school age with an easy and moderate degree of intellectual disability have been sanctified. Based on the results of the study, a comparative study was made of the attention properties of pupils of the senior school age with an easy and moderate degree of intellectual impairment. At the end of the study, suggestions and exercises were developed for teachers, psychologists of special schools and parents of children with intellectual disabilities.

Key words: cognitive processes, attention, children with intellectual disabilities, sustainability of attention, concentration of attention, attention distribution, attention span, switchability of attention.

Зейін – адамның қандай да бір психикалық іс - әрекетті орындау шарты. Зейін адамның психикалық өмірі, хаотикалық сезімдері, қобалжулары, ойлау, түйсіктердің ағылуы сынды ағымдарды белгілі бір бағыт бойынша жүргізетін психикалық құрылым болып табылады. Зейін өз бетімен өмір сүрмейді. Ол барлық таным процестерінің динамикалық жағы, сонымен қатар ойлау, қабылдау, қиял, естің ішінде көрінеді. Зейін – бұл қандай да бір объектіде, құбылыста немесе іс - әрекет түрінде ақыл – ойдың бағытталуы.

Зейін барлық психикалық процестермен байланысты, олардың ішінде, көбінесе, ес, ойлау, эмоция, ерік, қызығушылық және қанағаттанушылық, қарым – қатынаспен тығыз байланыста. Сонымен қатар зейін жеке тұлғаның бағыттылығы және қызығушылықтарымен тығыз байланысты. Бұның мінездемесі жеке тұлғаның объектіге және құбылысқа деген бағыттылығын көрсетеді.

Анықтаушы эксперимент негізінде келесі әдістерді пайдаландық:

- Арнайы (түзету) мектептің жеңіл және орташа деңгейде зияты зақымдалған жоғарғы сынып оқушыларының медициналық, педагогикалық құжаттары, әлеуметтік паспорты, психологиялық – педагогикалық сипаттамаларымен танысу;
- Арнайы (түзету) мектептің мұғалім, психолог мамандарымен, зияты зақымдалған оқушылармен әңгімелесу;
- Арнайы (түзету) мектептің жеңіл және орташа деңгейде зияты зақымдалған жоғарғы сынып оқушыларын бақылау;
- Арнайы (түзету) мектептің жеңіл және орташа деңгейде зияты зақымдалған жоғарғы сынып оқушыларының зейін ерекшеліктерін анықтауға арналған әдістемелер көмегімен тәжірибе жасау;
- Сандық және сапалық талдаудың нәтижелерінің қорытындысы;
- Сандық және сапалық зерттеу нәтижелерін ұқсас қасиеттері немесе белгілері бойынша салыстыру.

Анықтаушы экспериментті бастап жүргізу барысында жеңіл және орташа деңгейде зияты зақымдалған жоғарғы сынып оқушыларның таным үрдістерінің даму деңгейіне бақылау жүргізілді және олардың зейін ерекшелістерін анықтау мақсатында қарастырылды. Сыныптағы әр оқушының медициналық, педагогикалық жеке құжаттары қаралды. Бақылау әдісі күнделікті жүргізілетін сабақтарда, жеке және топтық сабақтарда, тәрбие сағаттарында, сонымен қатар ата-аналармен, сынып жетекшісімен, психологпен, тәрбиешілермен әңгімелесу үрдістерінде жүргізілді. Осы мәліметтерге сүйене отырып зияты зақымдалған жоғарғы сынып оқушыларына психологиялық-педагогикалық сипаттама жасалды.

Бақылау және әңгімелесу әдістері – жеңіл және орташа деңгейде зияты зақымдалған жоғарғы сынып оқушыларының жаңа мәліметтерді қабылдауында, тапсырмаларды орындауында қиыншылықтардың зейін қасиеттерінің ерекшеліктеріне байланысты болатындығын көрсетті.

Анықтаушы эксперимент «№7 Даму интеллектуалдық қабілеті төмен балаларға арналған арнайы (түзету) мектеп – интернатында» жүргізілді.

Эксперименталды зерттеу жұмысының мақсаты: жеңіл және орташа деңгейде зияты зақымдалған жоғарғы сынып оқушыларының зейін қасиеттерін (тұрақтылығын, шоғырлануын, көлемін, бөлінуін және қайта қосылуын) эксперименталды зерттеу.

Эксперименталды зерттеу жұмысының міндеттері:

1. Зейін қасиеттерін (тұрақтылығын, шоғырлануын, көлемін, бөлінуін және қайта қосылуын) эксперименталды зерттеуге әдістемелерді таңдап алу;
2. Зейін қасиеттерін (тұрақтылығын, шоғырлануын, көлемін, бөлінуін және қайта қосылуын) анықтайтын әдістемелерді жүргізетін жеңіл және орташа деңгейде зияты зақымдалған жоғарғы сынып оқушыларымен танысу;
3. Зейіннің қасиеттерін (тұрақтылығын, шоғырлануын, көлемін, бөлінуін және қайта қосылуын) анықтайтын әдістемелерді таңдалған жеңіл және орташа деңгейде зияты зақымдалған жоғарғы сынып оқушыларына жүргізу;
4. Таңдалған әдістемелердің көмегімен алынған эксперимент нәтижелерін талдау, өңдеу, салыстыру.

Зерттеу жұмысының әдістемелері:

1. Зейіннің тұрақтылығын анықтау (Бурдон әдістемесі)
2. Зейіннің шоғырлануын анықтау (Мюнстенберг әдістемесі)
3. Зейіннің көлемін анықтау («Есте сақтап нүкте қой» әдістемесі)
4. Зейіннің бөлінуін анықтау (Корректуралық сынақ (Бурдон әдістемесі))
5. Зейіннің қайта қосылуын анықтау («Үшбұрыштар» әдістемесі)

Таңдалған әдістемелер жоғарғы сынып жасындағы балалардың зейін қасиеттерін анықтауға арналған.

1. Зейіннің тұрақтылығын анықтау (Бурдон әдістемесі)

Мақсаты: Бурдонның корректуралық сынақ кестесінің көмегімен зейіннің тұрақтылығын анықтау.
Жабдықталуы: Бурдон кестесі, секундомер, қарындаш.
Мысалы: АРНВИТЛБЛРМВОЛЛМ
Әдістемені жүргізу барысы: Тәжірибенің мақсатымен таныстыра отырып, зерттелушіге алдын – ала дайындалған ретсіз орналасқан әріптер қатары бар арнайы бланк ұсынылады. Одан кейін алда тұрған жұмыс хабарланады: кестені мұқият қатар бойынша қарап отырып, «Е» әріпін көргенде бірден тік сызықпен үстінен сыз. Әрбір 60 секунд сайын зерттелушінің әріп қатарында келген жеріне белгі қойылып отырады. Барлығы 60 секундтан 5 рет уақыт беріледі.
Зерттеу нәтижесі: Зейіннің тұрақтылығы барлық тапсыраманы орындау барысында қарап шығу жылдамдығының өзгеруімен бағаланады. Нәтиже әрбір 60 секундқа бөлек мына формуламен есептеледі: $A = S / t$
Мұндағы, А – орындау қарқындылығы, S – қаралған әріптер қатарындағы әріп саны, t – орындау уақыты.

2. Зейіннің шоғырлануын анықтау (Мюнстенберг әдістемесі)

Мақсаты: Мюнстенбергтің сынақ бланкісінің көмегімен зейіннің шоғырлануын анықтау.
Жабдықталуы: Мюнстенбергтің сынақ бланкісі, қарындаш.
Мысалы: АЛМАРНОЛДҚЫСФКР
Әдістемені жүргізу барысы: Тәжірибенің мақсатымен таныстыра отырып, зерттелушіге алдын – ала дайындалған әріптер қатары бар сынақ кестесі ұсынылады. Одан кейін алда тұрған жұмыс хабарланады: мына әріптер қатарында 10 сөз жасырылған. Қатар бойынша әріптерді қарап отырып жасырылған сөздерді тауып, астын қарындашпен сыз.

Зерттеу нәтижесі: Бұл зерттеуде зейіннің шоғарлану деңгейінің көрсеткіші тапсырманы орындау уақытында жіберілген қателер саны және сөздердің астын сызуда, іздестіруде қалып қалған сөздер болып табылады. Кестеде барлығы 10 сөз берілген: алма, қыс, тарақ, жаз, аю, мектеп, сынып, қалам, доп, қала.

Егер зерттелуші: 10 сөз тапса – «Өте жақсы»; 7-9 сөз тапса – «Жақсы»; 5-6 сөз тапса – «Орташа»; 5 сөзден аз тапса – зейінінің шоғырлануы «нашар» деп бағаланады. Ескерту: әдістемеге керекті материал қазақ тіліне аударылды.

Зерттеу тұрақтылығын анықтауға арналған Бурдон әдістемесін талдау

Нәтиже бірінші және екінші берілген 60 секундқа бөлек мына формуламен есептелді: A = S / t. Мұндағы, A – орындау қарқындылығы, S – қаралған әріптер қатарындағы әріп саны, t – орындау уақыты. Көрсеткіштер формулаға салынып, әдістеме бойынша тексеру нәтижелері шығарылды. Зейіннің тұрақтылығын барлық тапсырманы орындау барысында қарап шығу жылдамдығының өзгеруімен бағаланды.

Жеңіл деңгейде зияты зақымдалған 4 оқушы алғашқы берілген уақытта әріптер қатарынан - 200 ден аса әріп, 9 оқушы – 100 ден аса әріп, 2 оқушы – 100 ден төмен әріп санын қарап шығып үлгерді. Екінші берілген уақытта 4 оқушы әріптер қатарынан - 200 ден аса әріп, 11 оқушы – 100 ден аса әріп санын қарап шығып үлгерді. Жеңіл деңгейде зияты зақымдалған оқушылар алғашқы берілген уақытқа қарағанда екінші берілген уақытта тапсырманы орындау қарқындылығын арттырып, нәтижені жақсырақ көрсетуге тырысты. Осыған сәйкес, бұл балалардың көрсеткен нәтижелерінің көрсеткіші жоғарылап отырды.

Орташа деңгейде зияты зақымдалған 2 оқушы алғашқы берілген уақытта әріптер қатарынан - 200 ден аса әріп, 3 оқушы – 100 ден аса әріп, 10 оқушы – 100 ден төмен әріп санын қарап шығып үлгерді. Екінші берілген уақытта 6 оқушы әріптер қатарынан – 100 ден аса әріп, 9 оқушы – 100 ден аз әріп санын қарап шығып үлгерді. Орташа деңгейде зияты зақымдалған оқушылар алғашқы берілген уақытқа қарағанда екінші берілген уақытта тапсырманы орындау қарқындылығын баяулатып, тез шаршап, тапсырманы орындауға деген қызығушылықтарының төмендігін көрсетті. Осыған сәйкес, бұл балалардың нәтижелерінің көрсеткіші төмендеп отырды.

Зейіннің шоғырлануын анықтауға арналған Мюнстенберг әдістемесін талдау

Зейіннің шоғарлану деңгейінің көрсеткішін тапсырманы орындау уақытында жіберілген қателер саны және сөздердің астын сызуда, іздестіруде қалып қалған сөздермен есептедік. Егер зерттелуші 10 сөз тапса – «Өте жақсы», 7-9 сөз тапса – «Жақсы», 5-6 сөз тапса – «Орташа», 5 сөзден аз тапса – зейінінің шоғырлануы «Нашар» деп бағаланды.

Жеңіл деңгейде зияты зақымдалған 7 оқушы берілген уақытта әріптер қатарынан – 7-9 сөз, 4 оқушы – 5-6 сөз, 4 оқушы – 5 тен аз сөз тауып үлгерді. Олардың көбі берілген нұсқауды дұрыс түсініп, әріптер қатарын ретімен қарап отырып, әріптерді буынға, буынды сөзге айналдырып жасырылған сөздерді тауып отырды. Келген жерін ұмытпай, тапсырманы әрі қарай жалғасытырды.

Орташа деңгейде зияты зақымдалған 1 оқушы ғана берілген уақытта әріптер қатарынан – 7 сөз тапса, 12 оқушы – 3 тен аз сөз тауып үлгерсе, қалған 2 оқушы мүлде тапсырманы орындай алмады. Олардың көбі берілген нұсқауды түсінбеді, әріптер қатарын ретімен қарамай, жай қарап отырды. Тек алғашқы әріптерде «АЛМА» сөзін тауып, сызып отырды. Ол сөзді сызып болған соң берілген нұсқауды мүлде ұмытып, тапсырманы жалғастырмай, зерттеуге арналған материалға қарап отырумен уақыттарын өткізді.

Нәтижесінде, орта есеппен жеңіл деңгейде зияты зақымдалған оқушылар – 6,07 сөз тауып «Орташа» көрсеткіш көрсетсе, орташа деңгейде зияты зақымдалған оқушылар – 1,8 сөз тауып «Нашар» көрсеткіш көрсетті.

Зияты зақымдалған жоғарғы сынып оқушыларының тапсырманы орындау ерекшеліктеріне сәйкес критерийлер мен деңгейлері

Жоғары деңгей	Берілген тапсырманы толығымен дұрыс түсініп, қызығушылықпен, бар ынтасымен, жауапкершілікпен, белсенділікпен, ұқыптылықпен орындаған оқушылар;
Орташа деңгей	Берілген тапсырманы түсініп, бірақ өз ойын жеткізе алмай, өзіне сенімді болмай қиналып орындаған оқушылар;
Төмен деңгей	Берілген тапсырманы түсінбей, жауап беруге қиналған немесе мүлде орындамаған оқушылар.

Зерттеу нәтижесіне қарай, жеңіл және орташа деңгейде зияты зақымдалған жоғарғы сынып оқушыларын критерийлерге сүйене отырып, деңгейлерге бөлдік. Жеңіл деңгейде зияты зақымдалған жоғарғы сынып оқушыларының пайыздық көрсеткіші 1 – кестеде көрсетілсе, орташа деңгейде зияты зақымдалған жоғарғы сынып оқушыларының пайыздық көрсеткіші 2 – кестеде көрсетілген.

Кесте 1

Жеңіл деңгейде зияты зақымдалған жоғарғы сынып оқушыларының әдістемелер бойынша деңгейлік көрсеткіштері

№	Әдістеме атауы	Жоғары деңгей		Орташа деңгей		Төмен деңгей	
1	Зейіннің тұрақтылы-ғын анықтау (Бурдон әдістемесі)	26,7%	26,7%	60 %	73,3%	13,3%	0 %
2	Зейіннің шоғырла-нуын анықтау (Мюн-стенберг әдістемесі)	46,6 %		26,7 %		26,7 %	
3	Зейіннің көлемін анықтау («Есте сақтап нүкте қой» әдістемесі)	80 %		20 %		0 %	
4	Зейіннің бөлінуін анықтау (Корректура-лық сынақ)	93,3 %		6,7 %		0 %	
5	Зейіннің қайта қосы-луын анықтау («Үш-бұрыштар»әдістемесі)	46,7 %		6,6 %		46,7 %	

Кесте 2

Орташа деңгейде зияты зақымдалған жоғарғы сынып оқушыларының әдістемелер бойынша деңгейлік көрсеткіштері

№	Әдістеме атауы	Жоғары деңгей		Орташа деңгей		Төмен деңгей	
1	Зейіннің тұрақтылы-ғын анықтау (Бурдон әдістемесі)	13,3%	0 %	20 %	40 %	66,7%	60 %
2	Зейіннің шоғырла-нуын анықтау (Мюн-стенберг әдістемесі)	6,7 %		0 %		93,3 %	
3	Зейіннің көлемін анықтау («Есте сақтап нүкте қой» әдістемесі)	26,7 %		33,3 %		40 %	
4	Зейіннің бөлінуін анықтау (Корректура-лық сынақ)	40 %		20 %		40 %	
5	Зейіннің қайта қосы-луын анықтау («Үш-бұрыштар»әдістемесі)	26,7 %		0 %		73,3 %	

Зерттеу жұмысын орындауға жеңіл және орташа деңгейде зияты зақымдалған жоғарғы сынып оқушыларының зейін ерекшеліктерін анықтап, салыстырмалы сипаттама беру мақсаты қойылды.

Зерттеу жұмысына жеңіл деңгейде зияты зақымдалған 15 оқушы және орташа деңгейде зияты зақымдалған 15 жоғарғы сынып оқушылары қатысты. Зейін қасиеттері: тұрақтылығын анықтау мақсатында - Бурдон әдістемесі, шоғырлануын анықтау мақсатында - Мюнстенберг әдістемесі, көлемін анықтау мақсатында - «Есте сақтап нүкте қой» әдістемесі, бөлінуін анықтау мақсатында - корректуралық сынақ, қайта-қосылуын анықтау үшін - «Үшбұрыштар» әдістемесі қолданылды.

Барлық әдістемелер бойынша дерлік тапсырмаларды орындау табысты болды. Мюнстенберг әдістемесінің тапсырмасын орындауда оқушылардың түрлі қиындықтармен кездескендігі байқалды.

Бурдон және «Үшбұрыштар» әдістемесінің нәтижесін талдау барысында жеңіл деңгейде зияты зақымдалған оқушылардың зейіндерінің тұрақтылығы мен қайта қосылуының орташа

деңгейде екендігіне, орташа деңгейде зияты зақымдалған оқушылардың зейіндерінің тұрақтылығы мен қайта қосылуының төменгі деңгейде сақталғандығына көз жеткіздік.

Мюнстенберг және «Есте сақтап нүкте қой» әдістемелері бойынша жеңіл деңгейде зияты зақымдалған оқушылардың зейіндерінің шоғырлануы мен көлемі жоғары деңгейде екендігіне, орташа деңгейде зияты зақымдалған оқушылардың зейіндерінің шоғырлану қасиеті мен көлемі төменгі деңгейде екендігіне көз жеткіздік.

Корректуралық сынақ жүргізудің нәтижесі бойынша оқушылардың зейіндерінің бөліну қасиеттері жеңіл деңгейде зияты зақымдалған оқушыларда жоғары деңгей, орташа деңгейде зияты зақымдалған оқушыларда орташа деңгейде екендігін көрсетті.

Эксперимент нәтижелерін қорытындылай келе, жеңіл және орташа деңгейдегі зияты зақымдалған жоғарғы сынып оқушыларының зейін қасиеттерінде, салыстыра келгенде, айтарлықтай айырмашылықтардың бар екендігін байқадық.

Зерттеу жұмысын талдай келе мынадай қорытындыға келеміз: біздің зерттеу жұмысымыздың мақсаты мен міндеттеріне қол жеткізілді, болжам дәлелденді. Сонымен қатар, арнайы мектеп мұғалімдері, психолог мамандары мен зияты зақымдалған оқушылардың ата-аналарына арналған ұсыныстар мен жаттығулар әзірледі. Олар өз кезегінде оқушылардың зейін қасиеттерін дамытуға зор ықпал етеді.

Біздің зерттеу жұмысымыздың мәліметтері жеңіл және орташа деңгейде зияты зақымдалған оқушыларға тиімді, дұрыс әрі нәтижелі педагогикалық - психологиялық және коррекциялық (түзету) көмек көрсетуге, танымдық процестерін дамытуға зор үлесін қосатын құнды материал болатынына сенеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Намазбаева Ж.И. Психология. Тұлғаның қасиеттері. Зейін. Алматы қ., «Принтс», 2005жыл, 217-226 бет.

2. Жақыпов С. Жалпы психология негіздері. Зейін. Алматы қ., «Алла Прима», 2012 жыл, 106 – 118 бет.

3. Жарықбаев Қ. Психология. Зейін. Алматы қ., «Дарын», 2010 жыл, 614 - 645бет.

4. А.В. Петровский, М.Г. Ярошевский. Психология. Активность. Понятие о внимании. Москва, «Академия», 2006 жыл, 227 – 233 бет.

5. Баскакова И.А. Внимание школьников олигофренов. Москва, 2001 жыл, 7-35 бет.

6. С.Я. Рубинштейн. Психология умственно отсталого ребенка. Внимание. Москва, Просвещение, 1986 жыл, 140-146 бет.

УДК 37.018.1(091)

МНРТИ 14.29.31

Хамитова Ә.Ғ.[1], Макина Л.Х[2]
[1]Абай атындағы ҚазҰПУ, 5В010500 – «Дефектология» (Олигофренопедагогика) 4курс студенті, khamitovaasima@mail.ru
[2] [1]Ғылыми жетекшісі Абай атындағы ҚазҰПУ пс.ғ к, доцент,

ЦЕРЕБРАЛЬДЫ САЛ АУРУЫ БАР БАЛАЛАРДЫҢ АТА-АНАЛАРЫМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ЖҰМЫСЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Мақалада церебральды сал ауруы бал балардың ата-аналарымен жүргізілетін жұмыс ерекшеліктері мен оны зерттеу әдістері мен әдістемелері қарастырылған.Мүмкіндігі шектеулі баланың дүниеге келуінің өзі отбасына жағымды әсер етпейді. Отбасында мүмкіндігі шектеулі баланың дүниеге келуі барлық ата-аналарға бірдей әсер ете бермейді, бірақ көп жағдайда көбісі «травмалық неврозға» алып келетін психологиялық күйзеліске ұшырайды, бұл бастан кешкен психикалық шоктың нәтижесінде ми қызметінің бұзылысы. Осы орайда, ата-аналарға психолог тарапынан көмек көрсетіліп, психологиялық шаралар, тренингтер өткізілуі қажет.

Түйін сөздер:церебральды сал ауруы, психологиялық кеңес, травмалық невроз, күйзеліс,мүмкіндігі шектеулі балалар, әлеуметтік бейімделу.

Хамитова А.Г[1] , Макина Л.Х.[2]

[1]*студентка4курса, 5В010500 –«Дефектология» (Олигофренопедагогика),*
khamitovaasima@mail.ru

[2]*Научный руководитель*
кандидат психологических наук, доцент КазНПУ имени Абая,

ЭКСПЕРИМЕНТАЛЬНЫЙ АНАЛИЗ ИССЛЕДОВАНИЯ ОСОБЕННОСТЕЙ ПСИХОЛОГИЧЕСКОГО РАБОТЫС РОДИТЕЛЯМИ ИМЕЮЩИХ ДЕТЕЙ С ДЦП

Аннтотация

В статье раскрыта роль родителей в становлении личности детей с ДЦП. В ходе исследования нами были избраны специальные методы и методики. Для определения продуктивности работы психолога в специальной школе и для определения психологических, эмоциональных переживаний родителей в воспитании детей с родителями был проведен психологический вербально-коммуникативный метод беседы и анкета, разработанной В.В.Ткачевой. Обсуждается мнение родителей о консультационной работе психолога.

Ключевые слова: методы, методики, детский церебральный паралич, эмоциональное переживание, травма, консультационная работа.

Khamitova A.G[1] . MakinaL.Kh[2]

[1]*student of KazNPU named after Abai, 4course, Department of Special Education, khamitovaasima@mail.ru*

[2]*Candidate of psychology sciences, assistant professor, KazNPUnamed after Abai Scientific supervisor*

EXPERIMENTAL ANALYSIS OF THE RESEARCHOF PARENTS, WHO HAVE CHILDRENS WITH CEREBRAL PALSY

Absrtract

In the article, at first, exposed the role of parents in becoming personality of children with cerebral palsy. In the time of researching we chose special methods. To determine the productivity of the work of a psychologist in a special correctional school and parent's responses chose a method of talking and questionnaire for parents. Parent's opinion about the counselling psychologist's work are discussed.

Key words:children with cerebral palsy, counselling work, special methods, personality, questionnaire.

Психологиялық зерттеу бұл - баланың психикалық дамуын анықтау және жоғары психикалық функцияларының қызмет жағдайын бағалау ғана емес, олардың отбасындағы ата-анасымен қарым-қатнасына да бірге мән беру болып табылады. Отбасына мүмкіндігі шектеулі баланың дүниеге келуін ата-аналардың адекватты түрде қабылдауы отбасының ары қарай өмірінің жеңілдеуіне ықпал етуі мүмкін. Осы жағдайды тиімді шешу үшін ата-аналардың ерекше баласының өзіне тән мінездемесі мен қажеттіліктерін білуі тиіс. Көп жағдайда бұл ата-аналарға оңайға түсе бермейтіндіктен, кәсіби мамандардың көмегіне жүгінуге тура келеді. Сол себепті, психологиялық-педагогикалық кеңес беру жағдайларында психологиялық зерттеу жүргізудің ерекшелігі ол тек арнайы мекемелерге балаларды жинақтау жағдайында ғана емес, сонымен қатар, осы балаларды тәрбиелейтін ата-аналарға арналған көмек көрсету болып табылады. Жұмыс барысында міндетті түрде ізгілікті ұстанымдарын басшылыққа ала отырып, баламен қатынаста оған зиян келтіретін кез-келген сөз бен әрекеттерден аулақ бола отырып сергек жұмыс жасау керек. Зерттеудің әртүрлі эксперименталды-психологиялық әдістерін қолданғанда, сонымен қатар «сараптама мотивін» жасағанда да, салмақты, ақырын-сыпайы мәнерді сақтау керек, балаға, ата-анамен қарым-қатынасына қатысты және оның әрекетіне қатысты кесімді баға беруден, оны зерттеу барысында мақтау мен қолдаудан бас тарту қажет. Отбасын психоәлеуметтік зерттеудің негізгі әдістеріне бақылау мен эксперимент жатады.Қосымша әдістер ретінде интервью-әңгіме,зерттелушілер туралы құжаттарды зерттеу, олардың іс-әрекеттерін талдау,сауалнамалар жүргізу, тест, анкеталау жатады.

Анықтаушы эксперимент Алматы қалалық «Аяқ қолы кемтар балаларға арналған №2 арнайы(түзету) мектеп-интернатында» жүргізілді. Анықтаушы экспериментке 2«а», 6«а», 10«а» сыныбынан 30 ата-ана қатысты.


Зерттеу жұмысы барысында ата-аналармен әңгімелесу әдісі арқылы жалпы мүмкіндігі шектеулі баланы тәрбиелеуде кездесетін қиындықтар жайында келесідей сұрақтар тізімі қойылды және ата-аналардың жауабы төмендегідей болды.

Кесте 1
Әңгімелесу әдісі бойынша ата-аналардың жауаптарын бағалау критерийлері

Жоғары деңгей	7-10 балл	Қойылған сұрақтарды толығымен түсініп, аса қызығушылықпен,жауапкершілікпен,белсенділікпен, ұқыпты- лықпен жауап беруші ата-аналар(60%);
Орташа деңгей	4-6 балл	Қойылған сұрақтарды түсініп, бірақ өз ойын жеткізе алмай, өзіне сенімді болмай қиналған ата-аналар(30%);
Төмен деңгей	0-3 балл	Қойылған сұрақтарға жауап беруден бас тартқан ата-аналар.(10%).

Ата-аналармен әңгімелесу әдісі арқылы психолог жұмысына зерттеу жүргізілді және төмендегідей жауаптар алынды.

1.Сіз ақылы түрде жеке психолог мамандарға қаралып, кеңес алып көрдіңізбе	1.-иа,-15% -жоқ, -80 % -бұл туралы бұрын ойланып көрмеппін -5%
2.Сіз туыстарыңызбен жиындарда балаңызды үнемі ертіп жүресізбе?	2.-иа, - 80% -жоқ - 20%
3.Балаңызбен араңыздағы түсініспеушілікте өзіңізді жиі кінәлі санайсызба?	3. иа, - 60% -2 жауап беруге қиналамын- 40%
4.Психолог сізбен және балаңызбен жеке жұмыстар жасайды ма?	4. -жоқ - 48% -иа, - 52%
5.Психолог балаңызбен аптасына қанша сағат жұмыс жасайтынын білесізбе?	5.-иа-90% , жоқ -10%
6.Психологтың сабағына қатыстыңыз ба?	6.иа-70% , жоқ-30%
7.Психологтан балаңызға қатысты кеңестер алып тұрасызба?	7.иа, -68%, жоқ-42%
8.Психолог кеңестерінің сізге көмегі тиді ме?	8.иа-55% , жоқ, кеңестер алмадым дегендер-45%
9.Психолог сіздерді арнайы тренингтерге шақырадыма?	9.иа, 1-2 рет қатысқаным бар -45% жоқ-55%
10.Психолог жұмысына көңіліңіз толадыма?	10.өте жақсы-80% , орташа-20%



Сурет 2
Ата-аналармен жүргізген әңгімелесу әдісінің нәтижесі
Әңгімелесу әдісін қорытындылай келе, нәтижесі «қанағаттанарлықтай» болды.

Сауалнама ақпараттың дәлдігі мен жүйелігін қамтамасыз етеді. Бұл әдіс экономикалық тұрғыдан да тиімді, яғни оған шығын, уақыт және құрал аз жұмсалады. Церебральды сал ауруы бар балаларды тәрбиелейтін ата-аналардың психологиялық жағдайын, тәрбиелеу позицияларын анықтау мақсатында В.В.Ткачеваның «Мүмкіндігі шектеулі баланы тәрбиейлетін ата-аналардың тәрбиелеу позициясын анықтауға» арналған сауалнама жұмысын жүргіздік. Сауалнама нәтижесі үш шкала бойынша шығарылды. Шкалалар:

-*«Эмоцияналды қабылдау-Баланы шеттету»* шкаласы;
-*«Бала кемістігін түсіну-Бала мәселесін түсінбеу»*шкаласы;
- *«Адекватты-Адекватты емес қарым-қатынас жасау»* шкаласы.
Ата-аналарға жүргізілген сауалнамада келесідей сұрақтар кездесті:
-Балаңыздың қалауы мен көңіл-күйін табу қиынға соғадыма?
-Балаңызды осы күйінде қабылдай аласызба?
А)иа Б)жоқ
-Балаңызбен бос уақытыңызды өткізуді ұнатасызба: ойнау, оқу, серуендеу, демалу?
А)иа Б)жоқ
-Балаңызбен қарым-қатынасқа түсенде жылылық танытасызба(құшағыңызға қысу, басынан сипау)?
А)иа Б)жоқ
-Балаңыз бір жерін ұрып алса, жарақаттанып қалса, көңіл күйі төмен болса уайымдайсызба?
А)иа Б)жоқ
-Баламен эмоцияналды қарым-қатынас орнаттыңызба?
А)иа Б)жоқ
-Балаңыздың күлкісі ұнайма?
А)иа Б)жоқ
-Балаңызға көңіліңіз толадыма?
А)иа Б)жоқ
-Балаңызға ерекше күтімді қажет ететінін қабылдай аласызба?
А)иа Б)жоқ
-Осы мәселелерді өз күшіңізбен шеше аламын деп ойлайсызба?
А)иа Б)жоқ
-Балаңыз білім алатын мекемеден кәсіби көмекті қажет етесізбе?
А)иа Б)жоқ
-Педагогикалық әдебиеттерді оқисызба? Оқысаңыз, атап кетіңіз
А)иа Б)жоқ
-Балаңыздың арнайы мектепте білім алуы оның қиындықтарын жеңуге толықтай көмектесе алады деп ойлайсызба?
А)иа Б)жоқ
-Балаңыздың дамуының жақсаруына сіздің жеке көмегіңіз әсер етеді деп ойлайсызба?
А)иа Б)жоқ
-Балаңыздың болашағы басқа балалардан өзгеше болады деп ойлайсызба?
А)иа Б)жоқ
-Өзіңізді бала тәрбиесінде міндетті деп санайсызба?

А)иа Б)жоқ
-Тәрбие үрдісі тек балаңызға ғана емес, өзіңізге де әсер етеді дп ойлайсызба?
А)иа Б)жоқ
-Балаңызды кінәлі болғаны үшін физикалық тұрғыдан жазалау қажет деп санайсызба(белдік, шапалақ)?
А)иа Б)жоқ
-Балаңыздың еркелігіне сабырлылық танытасызба?
А)иа Б)жоқ
-Балаңызды жиі мақтайсызба?
А)иа Б)жоқ
-Балаға дауыс көтеретін жағдайлар жиі болама?
А)иа Б)жоқ
-Балаңызды жаза ретінде қараңғы бөлмеде қалдырып көрдіңізбе?
А)иа Б)жоқ
-Балаңызды үлкен адам ретінде қабылдап, әңгімелесе аласызба?
А)иа Б)жоқ
-Баланы мадақтаудың қай түрін қолданасыз?
-сыйлық;
-мақтау;
-еркелету.
Жасалған жұмыстың нәтижесіне қарай критерийлерге сүйене отырып, церебральды сал ауруы бар ата-аналарды сауалнама бойынша үш шкалаға бөлу арқылы келесі деңгейлерге бөлдік:

Кесте 2
«Эмоцияналды қабылдау – Баланы шеттету» көрсеткіші бойынша зерттеу нәтижелері

Балл	Деңгей	Ата-ана саны (2сынып)	Ата-ана саны (6сынып)	Ата-ана саны (10сынып)
7-10	Жоғары	2	2	1
4-6	Орташа	4	4	5
0-3	Төмен	4	4	4


Кесте 3
«Бала кемістігін түсіну-Бала мәселесін түсінбеу» көрсеткіші бойынша зерттеу нәтижелері

Балл	Деңгей	Ата-ана саны (2сынып)	Ата-ана саны (6сынып)	Ата-ана саны (10сынып)
7-10	Жоғары	2	1	0
4-6	Орташа	2	2	1
0-3	Төмен	6	7	9

Кесте 4
«Бала кемістігін түсіну-Бала мәселесін түсінбеу» шкаласы бойынша зерттеу нәтижелері

Балл	Деңгей	Ата-ана саны (2сынып)	Ата-ана саны (6сынып)	Ата-ана саны (10сынып)
7-10	Жоғары	5	3	5
4-6	Орташа	4	2	3

0-3	Төмен	1	5	2



Сурет 3
«Эмоцияналды қабылдау – Баланы шеттету», «Бала кемістігін түсіну-Бала мәселесін түсінбеу», «Адекватты-Адекватты емес қарым-қатынас жасау» шкалалары бойынша 2 «А», 6 «А», 10 «А» сыныбының зерттеу деңгейлері

Осы арқылы мынадай нәтижелерге қол жеткіздік:
Біріншісі - 2-ші «А» сыныбының ата-аналары. (30-45 жас). 10ата-ана қатысты.
«Эмоцияналды қабылдау-Баланы шеттету» шкаласы бойынша 20% көрсеткіші - сауалнамны орындауда жоғарғы деңгейді көрсетті(2 ата-ана), орташа деңгейдегі ата-аналар(4ата-ана) 40% көрсеткішке ие, ал қалған 40% - ы төмен деңгей (4 ата-ана) көрсетті.
*«Бала кемістігін түсіну-Бала мәселесін түсінбеу»*шкаласы бойынша 20% көрсеткіші - сауалнамны орындауда жоғарғы деңгейді көрсетті(2 ата-ана), орташа деңгейдегі ата-аналар(2ата-ана) 20% көрсеткішке ие, ал қалған 60% - ы төмен деңгей (6 ата-ана) көрсетті.
Баламен *«Адекватты-Адекватты емес қарым-қатынас жасау»* шкаласы бойынша 50% көрсеткіші - сауалнамны орындауда жоғарғы деңгейді көрсетті(5 ата-ана), орташа деңгейдегі ата-аналар(4ата-ана) 40% көрсеткішке ие, ал қалған 10% - ы төмен деңгей (1ата-ана) көрсетті.
Екіншісі - 6-шы «а» сыныбының ата-аналары. (30-45 жас). 10 – ата-ана қатысты.
«Эмоцияналды қабылдау-Баланы шеттету» шкаласы бойынша 20% көрсеткіші - сауалнамны орындауда жоғарғы деңгейді көрсетті(2 ата-ана), орташа деңгейдегі ата-аналар(4ата-ана) 40% көрсеткішке ие, ал қалған 40% - ы төмен деңгей (4 ата-ана) көрсетті.
*«Бала кемістігін түсіну-Бала мәселесін түсінбеу»*шкаласы бойынша 10% көрсеткіші - сауалнамны орындауда жоғарғы деңгейді көрсетті(1 ата-ана), орташа деңгейдегі ата-аналар(2ата-ана) 20% көрсеткішке ие, ал қалған 70% - ы төмен деңгей (7 ата-ана) көрсетті.
Баламен *«Адекватты-Адекватты емес қарым-қатынас жасау»* шкаласы бойынша 30% көрсеткіші - сауалнамны орындауда жоғарғы деңгейді көрсетті(3 ата-ана), орташа деңгейдегі ата-аналар(2ата-ана) 20% көрсеткішке ие, ал қалған 50% - ы төмен деңгей (5 ата-ана) көрсетті.
Үшіншісі - 10-шы «а» сыныбы ата-аналары. (35-50 жас). 10 – ата-ана қатысы.
«Эмоцияналды қабылдау-Баланы шеттету» шкаласы бойынша 10% көрсеткіші - сауалнамны орындауда жоғарғы деңгейді көрсетті(1 ата-ана), орташа деңгейдегі ата-аналар(5ата-ана) 50% көрсеткішке ие, ал қалған 40% - ы төмен деңгей (4 ата-ана) көрсетті.

*«Бала кемістігін түсіну-Бала мәселесін түсінбеу»*шкаласы бойынша 0% көрсеткіші - сауалнамны орындауда жоғарғы деңгейді көрсетті(0 ата-ана), орташа деңгейдегі ата-аналар(1ата-ана) 10% көрсеткішке ие, ал қалған 90% - ы төмен деңгей (9 ата-ана) көрсетті.

Баламен *«Адекватты-Адекватты емес қарым-қатынас жасау»* шкаласы бойынша 50% көрсеткіші - сауалнамны орындауда жоғарғы деңгейді көрсетті(5 ата-ана), орташа деңгейдегі ата-аналар(3ата-ана) 30% көрсеткішке ие, ал қалған 20% - ы төмен деңгей (2 ата-ана) көрсетті.

Біз мұнда сауалнамаға 2-6 сынып ата-аналарының *«Эмоцияналды қабылдау-Баланы шеттету»* шкаласы бойынша жақсы жауап бере алғандығын көреміз.

*«Бала кемістігін түсіну-Бала мәселесін түсінбеу»*шкаласы бойынша барлық ата-аналар төмен деңгей көрсетті. Мұның бірден-бір себебі барлық дерлік ата-аналардың педагогикалық әдебиеттерді оқымауы болып табылады.

Баламен *«Адекватты-Адекватты емес қарым-қатынас жасау»* шкаласы бойынша 2-10 сынып ата-аналары жоғары деңгейді көрсетті.

Осылайша, церебральды сал ауруы бар балалардың бейімделуі мен отбасының және қоғамның толық мүшесі ретінде әлеуметтенуінде психологтардың алатын орны ерекше екені белгілі . Зерттеу жұмысы кезінде ата-аналармен жүргізілетін кеңесте психологтар көптеген қиыншылықтарға кезікті.Осы мәселені шешу мақсатында дипломдық жұмыста мектеп-интернаттың ата-аналарына, психолог мамандарға арналған нұсқаулықтар көрсетілді.

Пайданылған әдебиеттер тізімі

1. *Көмекбаева Л.К. Білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметті ұйымдастыру. - А, 2003 ж.16б.*
2. *Левченко И.Ю. Психолого-педагогическая диагностика развития лиц с ограниченными возможностями. Москва, 2013. 179с.-182с.*
3. *Шипицина Л.М. Психолого-педагогическое консультирование и сопровождение ребенка. Москва,2003. 86с.-87с.*
4. *М.В.Ипполитова, Р.Д.Бабенкова, Е.М.Мастюкова.Воспитание детей с ДЦП в семье.Москва, 2006.96с.*

УДК 376.3
МРНТИ 14.29.29

I.Denisova,

PhD of Special Education Department, KazNPU.named after Aba, Almaty

THE DIFFERENTIATED APPROACH TO SELECTION OF LOGORHYTHMIC MATERIAL

Abstract

The 20 percent among children with limited abilities in Kazakhstan (more than 30 thousand) are the children with heavy violations of the speech, which, according to the legislation, receive correctional and educational services in the conditions of the special organizations of education. Logopedic (correctional) rhythmics as an obligatory subject is included into a correctional component of the Standard curriculum of special schools for children with heavy violations of the speech.

Article is devoted to problems of speech development to questions of logorhythmic impact on children with different forms of speech pathology. Correctional rhythmic is one of the most effective methods of speaking skills forming . For good result in speaking and writing it is necessary to use differential practical receptions and means. It must be different for different categories of children with the broken speech . The author confirms with results of pilot studies the thesis about need of the differentiated use the logorhythmic means in work of the speech-therapist

Keywords: children with limited possibilities, logorhythmic impact, the differentiated approach to selection of material

Денисова И.А.,

к.п.н., ст. преп. кафедры специального образования КазНПУим.Абая, irenadenisova@mail.ru

ДИФФЕРЕНЦИРОВАННЫЙ ПОДХОД К ОТБОРУ ЛОГОРИТМИЧЕСКОГО МАТЕРИАЛА

Аннотация

Пятую часть из числа детей с ограниченными возможностями в Казахстане (более 30 тысяч) составляют дети с тяжелыми нарушениями речи, которые, согласно законодательству, получают коррекционные и образовательные услуги в условиях специальных организаций образования (по данным

Республиканской психолого-медико-педагогической комиссии). Логопедическая (коррекционная) ритмика как обязательный предмет входит в коррекционный компонент Типового учебного плана специальных школ для детей с тяжелыми нарушениями речи.

Статья посвящена вопросам логоритмического воздействия на детей с разными формами речевой патологии. Использование логоритмических средств логопедом должно проводиться с учетом структуры дефекта Результатами экспериментальных исследований автор подтверждает тезис о необходимости дифференцированного использования логоритмических средств в работе логопеда.

Ключевые слова: дети с ограниченными возможностями, логоритмическое воздействие, дифференцированный подход, отбор материала

И.А.Денисова
п. г. к., Абай атындағы ҚазҰПУ Арнайы білім беру к кафедрасының аға оқытушысы

Андатпа

Дамуы зақымдалған балалардың қатарынан бесінші бөлігі (30 мыңнан астам) сөйлеу қабілеті зақымдалған, олар заңға сәйкес, арнайы білім беру ұйымдарында түзеу және білім беру қызметтерін алады (басындағы РПМПК мәліметі). Логопедиялық (түзету) ритмикалық сабағы дамуында күрделі сөйлеу тілінің бұзылыстары бар арнайы мектептін Типтік оқу жоспарының міндетті пәні болып саналады.Бұл мақала сөйлеу қабілетінде зақымдары бар балаларға логоритмиканың әсерін зерттейді. Эксперименттік нәтижелері бойынша автор логоритмикалық құралдарының логопедтың жұмысында саралап пайдаланудың қажеттілігін растайды.

Түйін сөздер: мүмкіндігі шектеулі балалар, логоритмикалық әсері, саралап оқыту, материалды іріктеу

Historically logopedic rhythmics is perceived as a system of motor exercises in which different movements (of torso, head, arms and legs) are combined with music and speech material utterance, such as phrases, words, syllables and sounds (В.А.Гиляровский, Т.А.Власова, Г.А.Волкова и др) [1] .

In the meantime special literature views logopedic rhythmic as an effective way to impact different psycholocomotive sensory dysfunctions by the means of movement systems combined with music and wording. G. A. Volkova developed on the ideas of V. A. Griner and N. S. Samoylenko. According to Volkova, wide usage of rhytmical practices is recommended when dealing with non-verbal and verbal dysfunctions.

Thanks to G. A. Volkova, logorhythmical practices have found a wide range of applications in therapy aimed at preschool and early-school-age children suffering from a wide range of verbal dysfunctions such as Благодаря ученому Г.А. Волковой, методика воздействия средствами логопедической ритмики нашла широкое применение в работе с детьми дошкольного и младшего школьного возраста, имеющими такие нарушения речи, как dyslalia, dysarthria, rhinolalia, alalia, stuttering, voice disorders, tachylogia, bradilaliya, stuttering. But still correctional work with children suffering from general verbal underdevelopment combined with different concomitant sensory and motor dysfunctions is a major problem for specialists since these groups of children are characterized by various roots of their dysfunctions and instability of its clinical indications.

E. Kilinska-Evertovska emphasized that worldwide-acclaimed Jak-Dalkrose rhytmical method helps to develop children activity, attention, intelligence, verbal functions and impressionability. Motions are executed freely, almost as they are ‘flowing’ along with the music. It aids to perform rhythmical exercises with no regards to child’s IQ, sensory, motor and physical level provided that these exercises are selected differentially - minding children’s typological and individual characteristics.

Bearing that in mind we have formed a following hypothesis: If logorhythmical exercises for children with combined pathology are selected differentially, minding its concomitant disorder, then effectivity of verbal disorder therapy rises significantly. Five children with heavy verbal dysfunctions were selected for experimental work. Three of these children have been diagnosed with general verbal underdevelopment of 3-rd level concomitant with alalia and stuttering. Two of them have had a general verbal underdevelopment combined with sensory and motor anomalies. A control group of 5 children have had analogical verbal dysfunctions.

The main criteria of student’s achievement assessment was effectiveness and quality of individual correctional-verbal work plan (ICVWP) fulfillment. Scaling was conducted according to Ingenkamp constant: ICVWP fulfillment less than 75% is to be perceived as an ‘insignificant progress’. ‘Significant progress’ in ICVWP fulfillment is 75%-100%. And, eventually, a ‘Qualitative breakthrough’ level would be granted with 100% ICVWP fulfillment. ‘Qualitative breakthrough’ level showed significant changes in child’s verbal abilities.

The essence of experimantal education is precise selection of logorhythmical material conducted by speech therapist. The selection was based on each student's characteristics. Meanwhile the treatment of children with general verbal dysfunctions of 3-rd level without concomitant disorders was conducted according to methodical recommendations by G. A. Volkova. The fourth participant of the experiment (Chinghiz K.) was diagnosed with Cerebral palsy and several other motor dysfunctions. His treatment was based on methodics by Zhigoreva M. V.. The fifth experiment participant (Sergey Sh.) was diagnosed with hearing loss of 2-3 level. His treatment included phonetic rhythmics elements introduced by T. M. Vlasova and A. N. Phafenrodt.

In the process of Chinghiz's treatment we have noticed an interesting correlation of verbal ability and motor sphere. It is known that children with cerebral palsy tend to show low muscular tonus, lower body balance abilities along with reduced movement coordination, tremor and hypermetria. The gait lacks confidence and balance, torso performs a lot of swaying movement in order to sustain balance. Chinghiz trips quite often, synchronicity and rhythm are unstable. Speech legibility (alike general movement clarity) is lessened, he showed difficulties in performing and sustaining articulation as well as difficulties in sustaining body pose. Mimics and voice are listless, voice is harsh. Lack of breath synchronicity is noticed as well as lack of intonation when speaking. But the most important part of our observations is that Chinghiz showed difficulties when planning his speech. He would make several repetitions of a word and often would start a sentence over without finishing it.

When organizing an experiment we had to bear in mind all these symptoms and select exercises specifically aimed at elimination of them. These exercises are described in detail in special programme for correctional rhythmics for children with broken movement. Therapy with elements of kynesiology have had a positive effect on Chinghiz's condition; general movement enhancement was observed as well as better body balance and pose sustenance.

Along with that we have selected a number of exercises for other student - minding structure of their verbal disorder as well as other psychical, sensory and motor dysfunctions. A half-year work result have shown that such an approach has many advantages compared to conventional methods. More than a half of a group (3 children) have shown 'qualitative breakthrough' in their speech development according to 3 parameters: syllable structure, lexical and grammatical development and coherent speech. The results are provided in Tab #1.

Аналогично осуществлялся подбор упражнений и для других учащихся.- с учетом структуры речевого дефекта и, кроме того, с учетом связи между речевыми нарушениями и другими сторонами психического, сенсорного и моторного развития ребенка . Результаты полугодовой работы показали преимущества такого подхода к подбору ритмических упражнений для индивидуальных логопедических занятий: более половины участников экспериментальной группы (3 чел) показали качественный скачок в развитии речи по 3-м параметрам: слоговая структура, лексико-грамматическое развитие и связная речь . Результаты представлены в таблице 1

Tab #1

Experimental group			Control Group			
Coherent speech	Lexical and grammatical structure	Syllable structure	Coherent speech	Lexical and grammatical structure	Syllable structure	
0	2	1	5	3	4	Insignificant progress
3	2	3	-	2	1	Significant Progress
2	1	1	-	-	-	Qualitative breakthrough

Pathogenetical analysis of dysfunction structure is very important when selecting a methodology for correctional education. This approach implies more detailed analysis of root verbal disorder as well as identification of concomitant disorders.

Inclusion of logopedic rhythmics elements into an educational programme opens additional opportunities in educational proccess.

References

1 Anthology of logopedics. The item p L. S. Volkova - M., 1997

2. G. A. Volkova. Logopedic rhythmics. - M, 1983

3. E. Kilinska-Evertovsk. Rhythmics. The textbook for higher education institutions. – M. 2001

4. M. V Zhigoreva. Logoritmika for children with NODA - M., 2004

5. T. M. Vlasova and A. N. Pfafenrodt. Phonetic rhythmics. - M.2000

6. Zhukova P. S., Mastyukov R. M, Filicheva T. B. Overcoming the general underdevelopment of the speech at preschool children: The book for the logopedist. 2nd prod., reslave. - M.: 1990.

УДК 376-056.36:75
МРНТИ 14 .29.21

А.Ш Қалмаханбет[1], Л.Х.Макина[2]

[1]Абай атындағы ҚазҰПУ Педагогика және психология институты «Олигофренопедагогика» мамандығының 4 курс (4жылдық)студенті, aidana.n_9593@mail.ru

[2]Ғылыми жетекшісі ҚазҰПУ пс.ғ.к.,доцент

ПСИХИКАЛЫҚ ДАМУЫ ТЕЖЕЛГЕН(ПДТ) БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНДА БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ САБАҒЫ БАРЫСЫНДА КЕҢІСТІКТІ БАҒДАРЛАУЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Андатпа

Кез келген қоғамда , даму дәрежесі қаншалықты жоғары болғанына қарамастан , әлеуметтік қиындықтар болып тұрады.Осындай себептердің салдарынан , қазіргі кезде әлеуметтік көмекке мұқтаж болып отырған мүмкіндігі шектеулі балалар күннен-күнге көбеюде.

Ұсынылған мақалада психикалық дамуы тежелген(ПДТ) бастауыш сынып оқушыларында бейнелеу өнері сабағы барысында кеңістікті бағдарлауының қалыптасу ерекшеліктерінеталдау жасалған.Оқушыларда қажетті адамгершілік түсініктері, мәдениеттілік дағдылары қалыптасады.Писхикалық дамуы тежелгенбалалардыбастауышсыныпкезеңіненбастап, оқыту-тәрбиелеужұмысыменарнайытүзетедамытуарқылыкеңістіктіқұғымынтүсінуменқолданусапасынарттыру, байытужәнеойлауәрекетініңсәттідамуынажағдайжасау жәнебейнелеу сабағанда кеңістікті бағдарлаудың қалыптасу ерекшеліктері, қоршаған ортаға бейімдеу туралы айтылған.

Түйін сөздер:Психикалық дамуы тежелген(ПДТ),бейнелеу өнері,кеңістіктіқұғымы,арнайытүзете-дамыту,арнайы мектеп**.**

Калмаханбет А.Ш.,[1] Макина Л.Х.[2]

[1]студентка 4курса, 5В010500 –«Дефектология» (Олигофренопедагогика),

[2]Научный руководитель
кандидат психологических наук, доцент КазНПУ имени Абая,

ЭКСПЕРИМЕНТАЛЬНЫЙ АНАЛИЗ ИССЛЕДОВАНИЯ ОСОБЕННОСТЕЙ ПСИХОЛОГИЧЕСКОГО РАБОТЫ С РОДИТЕЛЯМИ, ИМЕЮЩИМИ ДЕТЕЙ С ДЦП

Аннтотация

В любом социуме ,не смотря на уровень развития ,есть трудности. Поэтому количество нуждающихся в социальной защите лиц, в особенности детей с ограниченными возможностиями , постепенно идет к увелечению.

В данной статье рассмотрены особенности ориентации в пространстве детей с задержкой психического развития (ЗПР). У учащихся формируются нравственные понятия и культурные навыки. Рассматриваются вопросы об обучении и воспитании ,также об обучении школьников начальных классов при помощи специальной коррекционно- развивающей работы понятию «пространство» и ориентировке в ней, о возможности успешного развития мыслительных процессов, об особенностях развития навыков

ориентировки в пространстве на уроках изобразительного искусства и о приспособлении к окружающей среде.

Ключевые слова: Задержка психического развития (ЗПР), изобразительное искусство, понятие «пространство», специальное коррекционное развитие, специальная школа.

A. Kalmakhanbet, [1]L. Makina[2]

[1]*student of KazNPU named after Abai, 4course, Department of Special Education,* aidana.n_9593@mail.ru

[2]*Candidate of psychology sciences, assistant professor, KazNPUnamed after Abai Scientific supervisor*

THE EXPERIMENTAL ANALYSIS OF THE RESEARCH OF FEATURES PSYCHOLOGICAL WORKS WITH THE PARENTS HAVING CHILDREN WITH A CEREBRAL PALSY

Abstract

There are difficulties In any society or social depending on the level of development. Therefore ,particulary in need of social protection of presons with disabilities each time is to increase children.
This article describes the features of spatial orientation of children with delay of mental development (DSD).Also moral concepts and cultural skills of students are formed.Discusses issues about training and education ,and also about the training of primary school pupils with a special correctional - developing work, the concept of space and orientation in it, about the possibility of the successful development of mental processes, the peculiarities of development of skills of orientation in space on the lessons of fine arts and the adaptation to the environment.

Keywords: mental retardation (mental retardation), visual arts, the concept of "space", special development, special school.

Психикалық дамуы тежелуі балалардың танымдық мүдделерінің жетіспеуінің көрінуі жоғары психикалық функциялардың жетілмеуімен, жадтың бұзылуымен, көру және есту арқылы қабылдаудың функционалдық жетімсіздігімен, қозғалыстың нашар үйлесуімен ұштасады. Қол буындары қозғалыстарының әлсіздігі өнімді қызметке-илеу, сурет салу, құрастыру, жазуға теріс әсер етеді. Писхикалық дамуы тежелгенбалалардыңкеңістіктікұғымын түсінбей, бағдарлайалмауына, оныңбіршаматанымдықүрдістерініңзақымдануыментүсіндіреді. Сөйлеутілініңақаулығы, ұзақуақытескесақтайалмауы, зейінмөлшерініңтөмендігімектепбағдарламасынмеңгерудеқиындықтартуғызады.
Көптегенәдебиеттердепсихикалық дамуы тежелгенбалалардыңкеңістіктіктүсініктердітүсінбеуіжәнемектептекеңістіккеқатыстызаттардыңорнынанықтайалмауытуралыайтылады (К.И. Вересотская, Т.Н. Головина, В.И. Липа, И.М. Соловьев, А.А. Хилько). Психикалық дамуы тежелгенбалаларөздеріменжастысаубалалардыңпрактикалыққеңістіктікесептеулердішешуде: белгіленгенбағытбойыншабағдарлауда, қарама-қарсыорналасқанзаттардыңкеңістіктегіорнынанықтаудаарттақалғандықтарыанықбайқалады. ЗаттарарасындағыкеңістіктікқатынастаржәнеолардыңатауларынтолықтүсінбеуіЗ.М. Дунаевтіңеңбектеріндежан-жақтызерттеліпжазылған. Оғанқоса, қиындықтарыменбастапқыпсихологиялықдамуынзерттеді. Аталғанавторлар, психикалық дамуы тежелгенбалалардыңбастауышсыныптанүлкенсыныпқаөткендекеңістіктебағдарлауыжақсыдинамикамендамитынынатапкөрсетеді.

Психикалық даму тежелген балалардыңкеңістіктібағдарлаудыңжеткіліксіздігіинтеллектілікақаулыққатікелейбайланысты.

Писхикалық дамуы тежелген (ПДТ)балалярменарнайымекемелердеарнайыбағдарламаларнегізіндетәрбиелеуменоқыту, түзете-қалыптастырутапсырмаларыншешудежәнетүрлііс-әрекеттерінқалыптастырудабаланыңгенетикалыққағидасыескеріліп, кешендіжұмысжүргізілуітиіс, бұлбаланыңәртүрлідамуындажәнеолардыңқабылдауында, ойлауында,

сөйлеуіндеақаулықтарынатүзетудіқамтамасызетеді. Писхикалық дамуы тежелгенбалаларменжүргізілетінтүзетужұмыстардыңжүйесіқоршағанортадапайдаболғаншынайыза ттарменқұбылыстардыелестетунегізіндеіскеасырылады.
Бұлқоршағанортаныңзаттарыменқұбылыстарынарнайытаныстырғанда, яғниісәркеттіңәртүрлібағыттарынигерубарысындажүзегеасырылады (қарапайыменбекнегізінде, ойын, суретсалу, құрастыру). Бірақ, бастауышсыныпмектепкезеңіндепсихикалықдамуы тежелгенбалаларғакеңістіктіқұғымдарынтүсуіменелестетулерібаяуқалыптасып, алдағыуақыттардаоқуынакедергікелтіреді (Т.Н.Головина, И.А.Грошенко, В.А.Литвак).

Эксперименталды зерттеу Алматы қаласының «Жанұя» мамандандырылған мектеп интернатында өткізілді. Зерттеуде 1-4-сынып оқушыларының психикалық дамуы тежелген балалармен 6-12 жастағы 30 бала қатысты.

Зерттеу жұмысы барысында психикалық даму тежелген балаларды бастауыш сыныпта бейнелеу өнері сабағы барысындакеңістікті бағдарлауға арналған дидактикалық ойындардың нәтижерелері.

Кеңістікті бағдарлауға жаттықтыру дидактикалық ойындар.

1- кесте. Дидактикалық ойын. ***«Кеңістік»***

1.«Кеңістік»	**Мақсаты:**	**Құрал-жабдықтары:**	**Мазмұны:**
	Балаларды кеңістікті бағдарлауға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін, қабылдау, зейін процесстерін дамыту.	Әртүрлі заттар бейнеленген суреттер.	Балалардың алдында үлкен бөлменің суреті тұрады. Балаларға суреттерді таратып беру. Суреттерді орындарына орналастыруды ұсыну. Мысалы, балықты аквариумға салу, гүлді үстелдің үстіне, суретті қабырғаға ілу. Ойын осылай жалғаса береді.


Нәтижесін бағалау:

3 балл- төмендеңгей
4 балл- орташа деңгей
5 балл- жоғары деңгей

Жоғары деңгей - берілген тапсырмаларды толығымен және өз бетімен дұрыс орындаған балалар жатқызылды. Яғни тапсырманы жақсы түсінген, берілген уақыт ішінде орындай алған балалар. Бұл деңгейдегі балаларға белсендіруші және эмоционалдық көмек түрлері ғана қолданылады.

Орташа деңгей - бұл деңгейге берілген тапсырмаларды орындауда бірнеше қателіктер жіберген, тапсырманы толығымен түсінбеген балалар жатқызылады. Бұл деңгейдегі балаларға тапсырмаларды орындау кезінде аздаған көмек көрсетіледі.

Төмен деңгей – бұл деңгейге берілген тапсырмаларды орындауда көптеген қателіктер жіберген, жылдамдықтары баяу, эксперимент жүргізуші тарапынан көп көмек қажет еткен балалар жатқызылады.



1-сурет

Психикалық дамуы тежелген балалардың «Кеңістік» ойыны бойынша пайыздық көрсеткіштер «Кеңістік» ойыны бойынша диаграмма**.** Психикалық дамуы тежелген балалардың бейнелеу сабағында кеңістікті бағдарлау ерекшеліктерінің «Кеңістік» ойыны бойынша зерттеудің пайыздық көрсеткіштері.

Суретте көріп тұрғандай 50% көрсеткіш, тапсырманы орындауда жоғарғы деңгейді көрсеткен оқушылар(15 оқушы), орташа деңгейдегі оқушылар (13 оқушы) 40% көрсеткішке ие, ал қалған 10% көрсеткішті төмен деңгей (2 оқушы) көрсетті. Біз мұнда тапсырманы оқушылардың көбі жақсы орындай алғанын көреміз.

*2- кесте. Дидактикалық ойын****«Қалай жүріп, нені тапқың келеді?»***

2	**Мақсаты:**	**Құрал-жабдықтары:**	**Мазмұны:**
	Кеңестікті бағдарлай білуге үйрету. Оң-сол, алдында-артында ұғымдарын бекіту.	Кез-келген ойыншықтар немесе суреттері.	Тәрбиеші ойыншықтарды топтың әр жеріне қояды: баланың оң жағына-машина, сол жағына-доп, алдына-қуыршақ, артына-зымыран қойып былай дейді: «алдыңда қуыршақ, оң жағында машина, сол жағында доп, артыңда зымыран, қалай жүріп, нені тапқың келеді?»

Нәтижесін бағалау:

1- балл –төмен деңгей


2-балл – орташа деңгей

3-балл – жоғары деңгей

1- ші деңгейде бала, тапсырманы толық және қатесіз орындайды. Бұл бала ұқыптылық көрсетіп, салыстыра отырып жұмыс жасайды.Оң және сол жағындағы ойын шықтарды жақсы табады.

2-ші деңгей бала аздаған кемшіліктер жіберіп орындайды. Кемшіліктерін өздері тауып, түзете алады. Оң мен солын шатастырады.

3-ші деңгей бала көшірмені анық көшірмейді. Кемшіліктерін таппайды, түземейді. Оң мен солын ажырата алмаиды.



2-сурет

Психикалық дамуы тежелген балалардың .«Қалай жүріп, нені тапқың келеді?»бойынша пайыздық көрсеткіштері.

«Қалай жүріп, нені тапқың келеді?» ойыны бойынша диаграмма**.** Психикалық дамуы тежелген балалардың бейнелеу сабағында кеңістікті бағдарлау ерекшеліктерінің «Қалай жүріп, нені тапқың келеді?» ойыны бойынша зерттеудің пайыздық көрсеткіштері.

Дәл осылай 30 баланың әрқайсымен ойын барысында 30 оқушыдан 45% (13 оқушы), оқушы белсене қатысып, ойланып, сұрақтарға тез, жылдам жауап беріп отырды. Олар жаңа ортада және ойын барысында салмақты, жинақы, сонымен қатар өздерін өте жақсы ұстай алды. Ал қалған(10оқушы) 35% оқушы асықпай, ұзақ ойланып, орташа деңгейде ойынға қатысты. Ал 20% (7 оқушы) оқушы сұраққа ұзақ ойланды, қысқа ғана жауап қайтарды және де өз-өзіне, берген жауабына сенімсіз болды. Біз мұнда тапсырманы оқушылардың көбі жақсы орындай алғанын көреміз.

3-кесте. Дидактикалық ойын. ***«Суреттерді орналастыр»***

3. «Суреттерді орналастыр»	**Мақсаты:**	**Құрал-жабдықтары:**	**Мазмұны:**
	Заттарды топтастыруға жаттықтыру, өз бетінше тапсырманы орындауға дағдыландыру, ойлау қабілетін дамыту.Кеңестікті бағдарлай білуге үйрету.	Тор көз салынған қағаз беттері, әртүрлі суреттер.	Балалар берілген суреттерді әр бағанмен жолға олардың бірі ғана келетіндей етіп, шаршы тор көздерге орналастырады.

Нәтижесін бағалау:

1- балл –төмен деңгей


2-балл – орташа деңгей

3-балл – жоғары деңгей

1- ші деңгейде бала, тапсырманы толық және қатесіз орындайды. Бұл бала ұқыптылық көрсетіп, салыстыра отырып жұмыс жасайды.Оң және сол жағындағы ойын шықтарды жақсы табады.

2-ші деңгей бала аздаған кемшіліктер жіберіп орындайды. Кемшіліктерін өздері тауып, түзете алады. Оң мен солын шатастырады.

3-ші деңгей бала көшірмені анық көшірмейді. Кемшіліктерін таппайды, түземейді. Оң мен солын ажырата алмаиды.



3-сурет

Психикалық дамуы тежелген балалардың .«Суреттерді орналастыр» ойыны бойынша зерттеу деңгейлері

«Суреттерді орналастыр» ойыны бойынша диаграмма**.** Психикалық дамуы тежелген балалардың бейнелеу сабағында кеңістікті бағдарлау ерекшеліктерінің «Суреттерді орналастыр» ойыны бойынша зерттеудің пайыздық көрсеткіштері.

Дәл осылай 30 баланың әрқайсымен ойын барысында 30 оқушыдан(11 оқушы) 35% , оқушы белсене қатысып, ойланып, сұрақтарға тез, жылдам жауап беріп отырды. Олар жаңа ортада және ойын барысында салмақты, жинақы, сонымен қатар өздерін өте жақсы ұстай алды. Ал қалған50% (15 оқушы) оқушы асықпай, ұзақ ойланып, орташа деңгейде ойынға қатысты. Ал 15% (4 оқушы) оқушы сұраққа ұзақ ойланды, қысқа ғана жауап қайтарды және де өз-өзіне, берген жауабына сенімсіз болды. Біз мұнда тапсырманы оқушылардың көбі жақсы орындай алғанын көреміз

Кеңістікті бағдарлауға арналған дидактикалық ойындар барысында алған мәліметтер бойынша мынадай қорытындыны растауға болады: осы сыныпта кейбір оқушылардың жұмыс өнімділігінің көрсеткіштері бір қалыпты дамып жатқан оқушылардың көрсеткіштерімен сәйкес келеді. Айырмашылығы тек психикалық дамуы тежелген балалардың жіберетін қателердің жоғары санында ғана. Сонымен қатар олар өз қателіктерін жұмыс жасау барысында байқай бастайды.

1. *А.Қ. Рсалдинова; М.Ю.Карпова: «Рабочая тетрадь по изобразительному искусству»,-Алматы,2003ж*
2. *Ұ.Сұлтанбекова"Зиятызақымдалғанбалалардысуретсалдыруарқылытүзете-дамыту "-Журнал-Дефектология-, №1, 2015 мамыр-6б.*
3. *Грошенков И.А. VIII түрдегіАрнайы (түзету) мектебіндегібейнелеуқызметі - М.: «Академия» баспаорталығы, 2002, -208 б.*
In the game, the children can be most naturally learned the meanings of words and phrases, the subject-relatedness is formed, which will allow further increasing the level of reading of values in the course of systematic development of speech.During the game, children of primary school age hearing impaired come into contact on the toys, so there is naturally more motivated and can be arranged its communication [5].

Children with hearing impairment often reproduce in games secondary, mostly subject details, without reflecting essential elements, without comprehending internal semantic relationships. There is a tendency to a monotonous, mechanical replay of familiar games.The most characteristic for children with hearing loss is the difficulty of playing substitution, when the transfer of game actions to objects that perform other functions in everyday life is carried out.

The management of games takes place in the process of free activity of children, as well as in special classes, where training is provided for a mobile game.

Moving games are a powerful means of comprehensive development and education of the hearing impaired and deaf children.

Games need to be adapted to the individual needs of hard of hearing children. Leaders and teachers need to know the content of each game and the degree of its impact on the functional state of the children's body. In this case, it is necessary to take into account specific deviations in the physical development of a deaf-hearing child [6].

Hearing loss based on organic disturbances slows down the physical formation of the child, makes it difficult to imitate and master spatial representations. A child with hearing disorders is limited to motor and cognitive activity, impaired coordination of movements.

Specially organized game activity, including mobile games, relay races, sports games according to simplified rules, game tasks and game compositions are referred to as the game method.Creates conditional situation in which children interaction with each other is carried out by the rules.Games are the basic movements: walking, running, jumping, climbing, crawling, throwing, carrying cargo, exercises, followed by recitatives, with objects and without them, running indoors or outdoors: in the meadow, the Playground, in the woods, on the beach, in the water, etc. [7].

The game method is widely used in the physical education of deaf and hard of hearing children of primary school age. At the same time, mobile games have such a wide range of effects on the body and personality of the child that unlimited possibilities of influencing all spheres of life of deaf and hard of hearing children are created. Purposefully selected mobile games develop in deaf children of primary school age fine motor skills, balance, coordination and accuracy of movements, improve the quality of attention, sound pronunciation, help learn basic math concepts of size, distance, speed, weight, volume, ie stimulate the development of the physical, psychomotor and intellectual abilities of children [8].

Naturally, in groups with different types of diseases, the content of game activity varies (in terms of direction, complexity, duration) and is limited by motor mobility, motor experience, physical fitness, age and other factors[9].

By the quantitative composition of participants, mobile games can be individual, pair and collective. In individual games each child sets rules for himself and changes them according to his desire.

In order to successfully choose a mobile game, it is important to take into account not only the interests of children, but also the age features of their physical and mental development.So, children of primary school age are distinguished by special mobility, instability of attention, constant need for movement.However, their bodies are not ready for long-term stress, force these children are being rapidly depleted, but after the game fairly quickly restored. Children of this age are most attracted by games of imitation, plot, with jogs, dodging from the guide, jumping, catching and throwing various objects ("Day and night", "Salki", "Ball neighbor", "Jumping on stripes", etc.). [10].

The younger school age is also the period of improving the speech apparatus. Many children with developmental disorders - deaf and hard of hearing have serious speech disorders: incorrect sound and phonemic perception, small vocabulary, inability to convey their thoughts, which leads to difficulty in communication, reducing intellectual abilities. Therefore, the inclusion in recitals of recitative, songs, poems, tongue twisters, counters, riddles, imitation of sounds characteristic of insects, birds, animals, etc. is useful for correcting speech.

References

1. *Vaizman N.P. Reabilitacionnaya pedagogika. M., 1996.*

2. Korrekcionnye podvijnye igry i uprajneniya dlya detei s naruweniyami v razvitii / pod obtsh. red. L.V. Wapkovoi. M., 2002.

3. Avdulova T.P. Psihologiya igry: sovremennyi podhod. M., 2009.

4. Kostina L.M. Igrovaya terapiya s trevojnymi det^mi. SPb., 2001.

5. Kavtaradze D.N. Obu4enie i igra: vvedenie v aktivnye metody obu4eniya. M., 1998.

6. Reprinceva G.I. Igrayut mladwie wkol^niki. YAroslavl^, 1991.

7. Lendret G.L. Igrovaya terapiya: iskusstvo otnowenii / per. s angl. M., 1994.

8. Litvinova M.F. Russkie narodnye podvijnye igry dlya detei dowkol^nogo i mladwego wkolnogo vozrasta. M., 2003.

9. Matveev V.F. Kollektivnye tvor4eskie igry i ih klassifikaciya // Na4al^naya wkola. 1984. № 1.

10. Igry – obu4enie, trening, dosug... / pod red. V.V. Petrusinskogo // Knigi 1-7. M., 1998.

УДК 376.4-053.2
МРНТИ 14.29.37

Оспанова А.С.
Абай атындағы Қаз ҰПУ, дефектология мамандығының магистранты

АУТИСТ БАЛАЛАРДЫҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ЕРЕКШЕЛІКТЕРІНЕ ҚАТЫСЫ ЗАМАНАУИ КӨЗҚАРАСТАР

Аңдатпа

Бүгінгі таңда өте көп таралып бара жатқан аутизм диагнозына шалдыққан балалардың жағдайы қоғамда алаңдатушылық тудыруда. Осы орайда бұл топтағы балалар қоршаған ортада қарым-қатынас жасауға қабілетсіз болады. Бұл мәселені шетел және Ресей ғалымдары қарастырып, өз зерттеулерін ұсынған.

Аутизм – бала дамуындағы ауытқушылықтың ауыр түрі, ол әлеуметтік ортамен қарым-қатынастың жоқтығын білдіріп, симптом ретінде көптеген психикалық ауруларда кездеседі, бірақ кейбір жағдайларда ерте жастан байқалып, бала дамуына кері әсерін тигізеді. Бұл ауру тек сөйлеу мен ойлау сияқты психикалық қызметтерді ғана зақымдап қоймай, баланың әлемнің біртұтас көрінісінде қамтылады. Аутист бала жоғарғы интеллектуалды да ақыл-ойы шектеулі де болуы мүмкін. Белгіл бір салаларда (математика, музыка т.б) салаларға дарынды болуы болуы мүмкін, бірақ қарапайым әлеуметтік-тұрмыстық дағдыларды білмеуі мүмкін. Мұндай балалар икемсіздік пенептілікті де көрсете алатын балалар тобы.

Бұл мақалада физеологиялық жағдайы мен психологиялық ерекшеліктеріне байланысты әр түрлі көрініс беретін аутист балалардың қарым-қатынасындағы бұзылушылықтары туралы заманауи көзқарастары қарастырылады. Ғалымдар пікірінің зерттеу жұмысында маңыздылығы ескерілді.

Түйін сөздер: аутизм, симптом**,** аутистикалық тұлғалық қасиеттер, биологиялық дефицитер, экспрессивті қатынас, рецептивті қатынас, универсалды эмоция, стериотипті монипуляция, адекватты реакция, эхолалия.

Оспанова А.С
КазНПУ им.Абая магистрант по специальности дефектология

Современные подходы к изучению
коммуникативных способностей детей с аутизмом

Аннотация

На сегодняшний день дети с диагнозом «Аутизм» вызывают большую тревогу в обществе. Детям этой группы очень сложно найти себя в социуме. Ученые России и других зарубежных стран, изучив этот вопрос,предложили свои методы исследования проблематики .Аутизм-тяжелая форма отклонений в развитии личности ребенка. Наиболее ярко синдром аутизма проявляется в раннем детском возрасте, что ведет к изоляции от родных пюдей и общества. Дети, болеющие этим недугом, свои жесты, мысли и речь никогда не направляют во внешний мир. В их действиях отсутствует социальный смысл. Ребенок с аутизмом может быть талантливым в конкретных сферах (математике, музыке и.т.д.), но простых социально бытовых навыков может не знать. Такая группа людей может показать себя как с активной так и пассивной стороны. В зависимости от психологического и физиологического состояния рассматриваются различные современные взгляды. Отмечено, что исследования ученых в этой области (в области аутизма) очень важны.

Ключевые слова: аутизм, симптом, аутистические личностные свойства, биологические дефициты экспрессивная общения, универсальные эмоции, стериотипная монипуляция, адекватной реакции, эхолалия.

Ospanova A. S
KAZNPU of a name of Abay, the magistracy in a defectology

MODERN APPROACHES
COMMUNICATIVE ABILITIES OF CHILDREN WITH AUTISM

Abstract

Today children with the diagnosis an autism, cause great concern in society. It is very difficult to children of this group to find itself in surrounding society. Scientists of Russia and other foreign countries, having studied this question, researches offered the methods.

Autism - a severe form of deviations in development of the person of the child. Most brightly the syndrome of an autism is shown at early children's age that leads to isolation from the family pyudy and societies. The children having this illness, the gestures and the speech never refer thinking to the outside world. In its actions there is no social sense. The child with an autism can be talented in concrete spheres (to mathematics, music), but can not know simple socially household skills. Such group of people can prove to be as a saktivny and passive side.

Depending on a psychological and physiological state different modern views are considered. It is noticed that researches of scientists in this area (in the field of an autism) are very important.

Key words: autism, symptom, autistic personal properties, biological deficiencies expressional communication, universal emotions, stereotypic manipulation, proper response, echolalia.

АУТИСТ БАЛАЛАРДЫҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ЕРЕКШЕЛІКТЕРІНЕ
ҚАТЫСЫ ЗАМАНАУИ КӨЗҚАРАСТАР

Аутизм – бала дамуындағы ауытқушылықтың ауыр түрі, ол әлеуметтік ортамен қарым-қатынастың жоқтығын білдіреді. Симптом ретінде аутизм көптеген психикалық ауруларда кездеседі, бірақ кейбір жағдайларда ерте жастан байқалып, бала дамуына кері әсерін тигізеді. Бұл жағдайды ерте балалық аутизм (БЕА) синдромы дейді және психикалық даму зақымдалуының бір нұсқасы ретінде қарастырылады. Сонымен қатар бала бойында аутизмнің кейбір клиникалық көріністері байқалса оны аутистикалық тұлғалық қасиеттер деп атайды.

Бүгінгі күні аутизм балалардың орталық жүйке жүйесімен биологиялық дефицитеріне себептелген психикалық дамуының ауытқуы (искажение) ретінде қарастырылған. (Психологический словарь 1997). Аутист баланың ересектермен және қатарластарымен ара қатынасының төмендеуі мен өзінің ішкі дүниесінің тұңғиығына «еніп» кететіндігімен айқындалады.

Көптеген авторлар бала аутизмінің бірнеше топтарын айқындаған ауытты психопатия (Ковалев В.В 1999 жылы) органикалық ауттылы психопатия, олигофрениедегі аутты синдром, балалардың эпиметикалық талмасы бар аутылығы, ауытты типтегі адамның ауттылы реакциясы және патологиялық дамуы (Исаев Д.Н, Каган В.Е 1973) Әр топтағы балалардың зиятының (интелектуалды) дамуы әр қалай өтеді. В.Векслер тесті бойынша зияттылық коэффиценті аутизм балаларында өте төмен болады.

Ресей авторлары Сухарева Г.Е, Башина В.М БЕА –ны шизофренияның алғашқы сатысы деп немесе шизоидты психопатияның бір түрі деп те қарастырған.

Гильберт К, Питерс Т ғылыми еңбектерінде баланың ерте аутизм синдромы қалыптасуы анасының баласымен тиімді байланыс жасауының бұзылуы, оның балаға деген салқындығы, баланың белсенділігі мен эмоциялық күйін басып тастайтын деспоттық (баса көкеп, жөн-жосықсыз) қысымы сияқты созылмалы психологиялық жарақат беруші жағдайлардың рөлі өте зор екендігін дәлелдеген.

Кеңестік және шетел ғалымдарының пайымдаулары бойынша аутист балалардың мінез ерекшеліктері олардың қызығушылығы мен іс-әрекеттері, қарым-қатынасы, әлеуметттік ортаға бейімделудегі қиындықтары, стереотиптік мінез ерекшеліктерінен көрінеді.[1]

Л.Каннер аутист балаларды диагностикалауда негізгі өлшем қарым-қатынасындағы қиындықтары екендігін қарастырған. Ағылшын ғалымы *R.Jordan* пікірінше аутизмге шалдыққан балаларда қарым-қатынас түрлерінің барлығы бала дамуының ерте кезеңдерінде зақымдалады.

Ағылшын ғалымы *Ricks-мің* қызықты зерттеулерінде 3-6жас аралығындағының алғашқы 2 жылында аутист балалардың даму деңгейі талапқа сай дамыған. Амандасу, қойылған талаптарды орындау, қанағаттанбау сезімдерін білдірген кезде де эмоцианалды түрде жауап бере алған. Белгілі болғаны ата-аналарының өздерінің балаларына қатысты пікірлерін айту кезінде дыбыс айту, дыбыстарды талдау бойынша ешқандай ауытқушылықтың болмағанын айтады. *Ricks* зерттеу нәтижесінде мынандай қорытынды жасайды:

- Барлық аутист балаларда барша адамдарға түсінікті, универсалды эмоциясы жоқ немесе ерте кезден жойылған.

- Аутист балалар жағымсыз іс-әрекеттер арқылы өз сезімін білдіреді.

- Қоршаған ортасында адамдар аутист балалардың эмоцияларын дұрыс түсініп, талдай білу керек.

- Балаларымен өте жақын ата-аналар олардың реакцияларына дұрыс талдау жасай алады.

Осылайша, дыбыстар сигналы аутист балаларда тілі шыққанға дейінгі кезеңде ең бірегейі болады. Зерттеушілердің пікірі бойынша басқа ерте жастағы сау балалармен салыстырғанда аутист балалардың сөйлеу тілінің нақтылығы, әуезділігі, естілу жағдайында ауытқушылықтары болатындығын анықтаған.

Аутист балалардың қарым-қатынас дағдыларын қарастыратын болсақ, шетел және кеңес ғалымдарының зерттеу еңбектерінде келесі түрдегі қарым-қатынастың бұзылушылықтарын байқауға болады.

- Көру арқылы байланыстың бұзылуы: Бала қарым-қатынастағы адамның көзқарасына мүлде назар аудармайды, елеусіз өткізеді. Басқа адамға назарын бірден аударуға көшеді.
- Көрініс беру уақыт жағынан кеш, және жандану комплексінде ауытқу байқалады. Жарыққа, дыбыстарға, анасының немесе жақын адамдарының бет жүзіне реакция аударуында ауытқушылықты байқауға болады.

- Әлеуметтік ортаға көңіл білдіруі төмен. Қоршаған ортада дыбыстық және қоздырғыш заттарды пайдаланса анасының немесе жақын адамдарының бетіне қарамай-ақ жымияды.
- Жақын адамдарына эмоциясын білдіру кезіндегі реакциясының ауытқушылығы.
- Уілдеудің болмауы немесе бірсарынды болуы қарым-қатынастық емес мақсатта көрініс беруі байқалады.
- Қоршаған ортадағы адамдарға негативті мінез-құлқын көрсетеді, іс-әркетте әлсіздігімен, теріс көзқарастылығымен ерекшеленеді. Мысалы, кішкене кезінде қолға көтеруге мүлде сұранбайды, қашқақтайды, кейде бұл істе ерекше белсенді болып, барлық адамдардың қолына тез барады.

- Өзінің есімін атаған кезде реакция жасамайды. Кейбір адамдардың сөйлегеніне көңіл аудармау реакциясымен байқалмаушылығы, басқа жағдайларда қалыпты және адекватты реакция көрініс табады (мысалы жарықты қосу немесе өшіру кезінде)
- Ыммен түсіндіруі қалыптаспаған. [2]

Шетел және кеңес ғалымдарының зерттеулері бойынша аутист балаларды диагностикалау мүмкін емес. Ғалымдардың пікірі бойынша мұндай балалардың тәртібі «эпизодтық» көрініс ретінде байқалады. Олардың дәлелдеуі бойынша аутист балалар алғашқы бірінші жылдарда жыламайды, көңіл аударуды қажет етпейді. Кейбіреулері жиі жылайды, айқайлайды, олардағы басты мәселе ұйқысы мен тамақтануында болады. Көптеген аутист балаларда әлеуметтік қатынаста және адамдардың дауысына қызығушылықтары болмайды. Балалар жимиюы мүмкін ол әлеуметтік қатынас орнатуға бағытталмаған. Бір жастың соңына қарай аутист балаларда зерттеушілік мінез-құлықтар қалыптаспайды, қоршаған ортада жағдайға байланысты әуестік пайда болмайды, ата-аналарымен бірге іс-әрекетке ұмтылмайды. Олар белгілі бір сенсорлық әсерлерді бір объектіні гипноздаумен стериотипті монипуляциялар жасайды.

A Eriksson, P DeChateau бейнежазбадағы аутист балалардың жағдайына шолу жасай отырып, аутизмнің арнайы белгілері тек 2 жаста пайда болатынын айтқан.

Аутист балалардың тәртібінде 1,5 жаста ерекшеліктер байқала бастайды. Көңіл аударуында, жауап беру реакцияларында және эмоцияларындағы тұрақсыздығы байқалатынын айтып көрсетті.

J.W.Starling, L.F Kabicek сынды ғалымдардың пікірінше аутист баланың көру арқылы қатынасында экспрессивті, рецептивті қатынас 1 айында қалыптасады.

Аутист балалардың ата-аналарымен өзара жүйелі қатынасындағы қиындықтары ымдау арқылы түсіндіре алмауы және дене қозғалысында болады және ата-анамен кері байланыс жасауда анасының іс-әрекетіне жауап ретінде ешқандай реакцияның болмауымен ерекшеленеді.

J.L Adrien, M Feure аутизм диагнозы кеш қойылған бала жайындағы кинофильмді талдай отырып мынандай қорытындыға келген. Олар бақылау барысында әлеуметтік қатынасының, эмоциаларының бұзылуы, көру мен естуінің бұзылуы, бұлшық ет тонусы мен қозғалысының бұзылыстары 2 жасында пайда болғанын айтады. Сондай-ақ *J.L Adrien,* аутист балалардың әлеуметтік қарым- қатынасын да бақылап, эмоцияларын көрсету мен көңіл аударуында ауытқушылығы бар және олар гипербелсенді болатынын айтқан.

S Baron –Cohen, J Allen, C.Cillerg сынды ғалымдар өз еңбектерінде CHAT сауалнамасын қолдану арқылы егер 18 айында балада символдық ойындарды ойнауында бұзылушылық байқалса, ыммен түсіндіруі қалыптаспаған жағдайда, кез-келген нәрсеге көңіл аударуы қалыпты болмаса аутизм диагнозын қоюға болатындығын дәлелдеген. [3]

Зерттеушілердің пікірінше қарым-қатынастың бұзылушылық көріністері 3 жастан басталады.

Бақылаулар мен зерттеу нәтежиелері әрбір 3-ші аутист бала мутация яғни сөйлеу тілі мүлдем қалыптаспаспаған балалар болып табылады. Олар кейбір қарапайым қатынастық әрекеттерді орындай алады: қажетті заттарды алуға ересектер адамдардың көмегін көрсетуге бағындырады яғни қолын созып алып беруін өтінеді. Вербальді қарым-қатынастың байқалмауынан қатыгездік қатынас бірден қалыптаспайды. Аутист балалардың кейбірлері сөз сөйлеудің шебері болады. Мұндай жағдайда қалыпты мөлшерден ауытқушылық кездеседі тек экспрессивті тіл ғана дамиды. Аутист балаларда келесі ерекшеліктер кездеседі:

- Тура және жылдамдатылған элолалияның (жаңғырықтың) болуы;
- Өздік есімдіктерді қолданудағы қиыншылықтар;
- Бір сөзді мағынасыз түрде тоқтаусыз қайталай беруі және сөйлеу тілінің әуезділігінің бұзылуы;
- Егер сөйлеу тілі қалыптасқан жағдайда функцианалдық мағынасы сақталғанына қарамастан, диалогтық түрде қолданылмайды;

Жоғарыда көрсетілген ерекшеліктердің ішіндегі ғалымдардың қызығушылығын тудырғаны ол-эхолалия. Эхолалиялық көрініс бала сөйлеудің мағынасын түсінбейді. Көпшілік жағдайда эхололия ситуацияда көрініс береді. Әсіресе аутист бала басқа бір адамға қарама-қарсы отырғанда уақытта яғни көру контактісі жағдайында байқалады. Эхолалия-бала сөйлеуге енудің көмегімен әрекет жасаған кезде қолданатын тәсіл, екінші жағынан алып қарағанда, өзінің жеке эхолалиялық айтуының мағынасын түсіндіреді. Бұл жағдайларда эхолалия оның мінез-құлқының реттеуші құралы немесе басқа адамнан келген белгілі ақпарат болып табылады.

L.Sebreibman, E.Carr пікірінше эхолалиялық тіл –бұл анамальді құбылыс. Көптеген *S.Sparrow, D.Balla, Ciechetti* сияқты ғалымдар кез-келген сау балалар да эхолалиялық тіл кезеңін басынан өткізетіндігін дәлелдеген. Яғни еліктеу арқылы сөздерді, сөз тіркестерін, фразаларды бірнеше рет қайталаушылық кездеседі. Олардың пікірінше эхолалиялық тіл саналы сөйлеу алдында пайдаланылады. Эхолалиялық тілді қарастыру барысында оны патологиялық құбылыс ретінде емес, қарым-қатынас функцияларын дамыту құралы ретінде қарастыру керек. Біз эхолалиялық тіл онтогенездік дамуында сау балаларда да кездесетін кезең екенімен келісеміз. Аутизм балаларында біздің пікірімізше эхолалия қарым-қатынастық немесе қарым-қатынастық емес мақсатта да қолданылады. Кей жағдайларда ол автоматты түрде ынталандыру құралы ретінде қызмет етеді. Кейбір аутист балалар эхолалияны саналы пайдаланса, кейбіреулері бейсаналы түрде пайдаланады. [4]

Шетел ғалымдарының зерттеулерінше аутист балалар вербальды қарым-қатынасты да қолдана алады, дыбыс айту мен синтаксистік құрылысында елеулі проблемалар жоқ, дыбыс айтуы мен грамматикалық құрылымы қалыптасқан деген пікір айтса, кейбір ғалымдардың пікірі керісінше аутист балалардың сөйлеуінде грамматика мүлде жоқ. (аграмматикалық) Мұндай көзқарастардың әр түрлі болуы әр тілдің өзіндік грамматикалық ерекшеліктерімен байланысты. Қорыта келгенде, негізгі ауытқушылық белгілі жағдаятқа, ниетке байланысты сөз мағынасын түсінбеуінде байқалатын семантикалық бұзылушылықтар. Осы ауытқушылықтар, аутист балалардың таным саласындағы бұзылушылығына байланысты хабар алмасу үшін кодтау және декодтау немесе символдық жүйелерді қолдана алмайды.

Шетел авторларының зерттеуі бойынша аутист балалардағы маңызды мәселе сөйлеу тілін түсінбеуі. Осы ауытқушылық қарым-қатынасқа қажетті дыбыс сигналдары мен сөйлеу тіліндегі символдарды, контексті түсінбеушіліктерден көрінеді.

D.Cantwell, L.Baker, M Rutter сынды ғалымдардың пікірінше көпшілік аутист балалардың сөз түсінуі күтілген нәтежиеге қарағанда да төмен. . [3]

Көпшілік адамдар аутист балалардың сөз түсіну деңгейін керісінше бағалайды (переоценивает). Расында да аутист балалар контексте көрнекі түрде жағдаяттық сөзді түсінбейді. Бұл балаларда дамудың кейінгі кезеңдерінде естігенін түсіне білу қабілеті жақсарады. Оны контекстік белгілер мен тәжірибелерінен байқауға болады. Көпшіліктерінде жағдайаттық сөйлеуді түсіне білудегі қиындықтары өмір бойы қалады. Сондай-ақ сөз бен оның мағынасы арасындағы байланысты қалыптастырудағы қиындықтардын да атап көрсетуге болады. Ғалымдардың көзқарастарына сүйенсек көруімен байланысты хабар алмасудың мағынасын түсіну қарым-қатынас орнатуда маңызды болып саналады. [5]

Кеңестік ғалымдар қарама-қарсы пікірді ұстанады. Олардың пайымдаулары бойынша сөйлеу тілін қабылдауы, дыбыстарды салыстыра пайдалануы белгілі нысанаға бағытталған сөздердің мағынасын түсіне білуінде ауытқушылық жоқ-деген пікір айтқан. Негізгі қиыншылық сөйлеу тілін түсінуінде жатыр, ал қолдану аясында тәртібі мен көңіл аударуы естуіне, сөйлеу реакцияларына байланысты. Аутист балалардың сөйлеу тілін түсінуі келесі факторларға тікелей байланысты:

- Сөздердің өзара байланыстарын қалыптастырудағы мәселелер;
- Сөздер және олардың мағыналарын дұрыс түсіне алмауы;
- Өз тәртібін ерікті реттей алудағы бұзылушылықтар;

Кейбір авторлар «Баладағы ерте аутизм синдромы қалыптасуы анасының баламен тиімді байланыс жасауының бұзылуы, оның балаға деген салқындығы баланың белсенділігі мен

эмоциялық күйін басып тастайтын деспоттық қысымы сияқты созылмалы психологиялық жарақат беруші жағдайлардың рөлі зор екендігін» аса басып көрсеттеді.

Гильберт К, Питерс Т өз зерттеулерінде «Аутизмнен зардап шегуші балаларда көз көрмеуі, есту қабілетінің төмендеуі, тері аурулары, буын және сүйек қызметінің бұзылуы, маңдай тұсының, ми және мишық дінінің дисфузиясы болуы мүмкін» деген пікір берген.

Лебединская К.С еңбектерінде аутист балалардың ата-аналары балалары 2-3 жасында сөйлей алмаған кезде ғана мазасызданып, мамандар көмегіне жүгінетінін айтқан.

Балалардағы ерте жастағы аутизм симптамдарын бақылау деңгейінің сипатына қарай Никольский О.С ұсынған классификациясы бойынша 4 топка жіктелген.

Бірінші топтағы балалар сыртқа ортамен мүлдем алшақта болады. Басқалармен мүлдем алшақта болады, басқаларымен қарым-қатынас жасау ниеті жоқ, оларға тән қасиет – патологияға дейін баратын агрессия. Бұл балалар өздеріне –өздері көмекте бере алмайды, оларға үнемі үлкендердің көмегі қажет. Олар дамудың нашар жолында деп болжам айтуға болады.

Екінші топтағы балаларда сыртқы ортаны қабылдамаушылық сипатталады. Оларда көптеген нәрселерден қорқу, стереотипті қимылдар, импульсивность, мәнерлілік, анасымен симбиоттылы байланыс. Олардың сөйлеген сөзі бір жақты күрделі, мұндай топтағы балалар көптеп кездеседі. Оларды даму жағынан жақсырақ деп, болжам жасауға болады: ұзақ жасалған коррекциялық жұмыстардан соң тіпті олар жалпы білім беретін мектептерде де оқи алатын болған.

Үшінші топтағы балаларға тән қасиет өздернің таңдап алған фантазиялары мен қиялдары қызығушылықтары. Олардың сөйлеген сөздері түсініктірек,икогнитивті даму деңгейі жоғарырақ. Олар анасынан кішкене болса да тәуелсіздеу және ересектердің үнемі бақылауларын онша қажет етпейді. Эмпатия деңгейі бәрібірде төмен. Даму жағынан алып қарағанда кәдімгідей жақсырақ: жақсы жетістіктердегі коррекциялық жұмыстардан соң олар жалпы мектепте оқи алады.

Төртінші топтағы балалардың негізгі сипатына жоғары тежелу жатады. Олар өте сылбыр, әсіресе қарым-қатынаста қорқақтықты танытады, сенімсіздіктерін жиі байқауға болады. Ұжымда жеңіл бейімделу үшін өздерінше бір іс-әрекеттің жиынтығын белсенді үйренуге тырысады. Олар анасымен эмоциялық тәуелдікте болады. Бұл балалар жиі парциальды талантты болып келеді. Олардың даму жағынан болжамдайтын болсақ басқаларға қарағанда едәуір жақсырақ. Олар жалпы білім беретін мектептерде оқи алады.

Ғалым Спиваковская А.С өз еңбектерінде аутизм балалардың ерте кезінде-өзіне өзі қызмет көрсетуде сылбырлығы, өздерін тек есімдермен ғана атауы, «сен», «ол» есімдіктерін түсінбеуі, сөйлеген сөздерінің мәнсіздігі жиі кездесетіндігін айтқан. Мектепке дейінгі кездерде оларда «кездейсоқ» қызығушылықтар пайда болады. Мысалы, жол белгілерімен, баспа жарнамалары,су құбырларының крандары, телефон нөмірлері, әр түрлі шартты белгілерімен, шетел сөздерімен қатты айналысатын кездері болады. Сонымен қоса олар қиялға көп берілетін болған. [6]

Дегенмен аутизм балалардың психикалық қызметінің дамуындағы аса бір көңіл бөлетін ауытқушылықтар нәресте кезден басталатын ескерген жөн. Сонымен көптеген мамандардың қадағалауынан туатын қорытынды: Бір жасқа дейін мұндай балаларда «жандану комплексі» жоқ, ересектердің дауысына немесе күлімдегеніне, оның қолдарының қимылдарының жоқ болуы, көзқарасының бңр нүктеге шоғырланбауы. Ал анасының қолында олардың белсенділік танытпауы, қимылсыз болуы, Мұндай балалардың нәресте кезінде гуілдеумен былдырлаудың кешігуі байқалған.[7]

Бүгінгі қоғамда аутист балалардың қарым-қатынас ерекшеліктерін анықтауда заманауи көзқарастарды қарастыру маңызды болып саналады.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

1 Башина В.М Аутизм в детстве.- М: Медицина, 1999г, С 240

2 Jordan R.The nature of linguistic and communication difficutines of children with utism in D,J Messer and C.J.Turner,Hew York:st Manins Press1993

3 Гильберг К, Питерс Т. Аутизм медицинское и педогагическое воздействие Книга для педагогов дефектологов /Пер. с анг О.В Дерявой,/ -М,: Владос 2002г. С.144

4 Гильперин П.Я. Методы обучения и умственное развитие ребенка М, МГУ, 1985-С45

5 Никольская О.С, Баянская Е.Р., Либлинг М.М., Аутичный ребенок. Пути помощи.-М.:

Теревинер, 1997. С.40-64
6 *Елшібаева К Балаларға өзара әсер етудің тиімді жолдары. /Кешенді бағдарлама/- Алматы 2010ж. - Б52-53*
7 *Карвасарская И.Б Из опыта с аутичными детми.-М.:Терефинф,2003г.С.70*

УДК 376.3
МРНТИ 19.00.10, 14.00.09

Г.Н.Төлебиева [1], Ж.Т. Естемесова [2]

[1]п.ғ.м., Абай атындағы ҚазҰПУ, арнайы білім беру кафедрасының аға оқытушысы, grl_604@mail.ru
[2]п.ғ.м.,Түзету педагогикасының ұлттық ғылыми-практикалық орталығының логопед-дефектолог мұғалімі, zhanara_es@mail.ru

Е.В.НОВИКОВАНЫҢ ӘДІСІ БОЙЫНША ЖАСАЛАТЫН ЛОГОПЕДИЯЛЫҚ МАССАЖ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Бұл мақалада денсаулығына байланысты мүмкіндіктері шектеулі шектеулі балалармен логопедиялық жұмыста кеңінен тараған зондтармен жасалатын массаж туралы айтылады. Е.В.Новикованың құрастырған зондатырының түрлері сипатталып, олардың қасиеттеріне тоқталады. Сонымен қатар аталған зондтарды қолданудың жолдары берілген. Логопед мамандары тіл дамуының тежелістерін түзету барысында логопедиялық массажды кеңінен қолданады. Әсіресе, зондтардың көмегімен жасалатын Е.В.Новикованың массажы кең тараған. Бұл мақалада осы автордың логопедиялық массажының ерекшеліктері туралы ақпарат беріледі.

Мақалада ұсынылған ақпарат логопедиялық тәжірибеде қолдануға тиімді болып табылады. Аталған әдіс педагогикалық жұмысқа қосымша механикалық әсер ету ретінде қолданылады. Зондтың он екі түрінің қызметі сипатталған.

Түйін сөздер: Мүмкіндігі шектеулі балалар, логопедиялық көмек, логопедиялық массаж, логопедиялық зондтық массаж.

Г.Н.Толебиева [1], Ж.Т. Естемесова [2]
[1] м.п.н., старший преподаватель кафедры специального образования КазНПУ им. Абая, grl_604@mail.ru
[2] м.п.н., учитель логопед-дефектолог Национального научно-практического центра коррекционной педагогики, zhanara_es@mail.ru

ОСОБЕННОСТИ ЛОГОПЕДИЧЕСКОГО МАССАЖА ПО МЕТОДУ НОВИКОВОЙ Е.В.

Аннотация

В этой статье рассматриваются особенности зондового логопедического массажа, который часто используется в логопедичкской работе с детьми с ограниченными возможностями. Описывается виды и цели изпользования логопедических зондов Е.В.Новиковой. А также даны приемы использования логопедических зондов. Логопеды пользуются логопедическим массажом при коррекции звукоопроизношения и для нормализации тонуса мыщц артикуляционного аппарата. Метод Е.В.Новиковой является часто используемым и эффективным в логопедической практике. В статье дана информация о преимуществах данного метода. Статья будет полезна специалистам в логопедической практике. Зондовый массаж является частью педагогического процесса. В статье описаны характерстики двенадцать видов зондов.

Ключевык слова:Дети с ограниченными возможностями , логопедическая поддержка, логопедический массаж, логопедический зондовый массаж.

Z.T.Estemesova
master of educational sciences, National Scientific and Practical Center of special education, special teacher speech therapist

FEATURES OF NOVIKOV'S LOGOPEDIC MASSAGE

Abstract

This article discusses the features of a logopedic massage, which is often used in speech therapy with children with disabilities. Describes the types and purposes of using speech therapy probes by Novikova. And also there are given methods of using speech therapy probes.Speech therapists use logopedic massage when correcting the sound quality and for normalizing the muscles of the articulatory apparatus. Novikov's method is often used and effective in speech therapy practice. The article gives information on the advantages of this methodThis information is useful to specialists in speech therapy practice. Probe massage is a part of the pedagogical process. The article describes the characteristics of twelve kinds of probes.

Key words: Children with disabilities, logopedic support, speech therapy massage, speech therapy massagewitjpriobes.

Массаж — бұл адамға физикалық және энергетикалық әсер ету тәсілі болып табылады. Массаж арқылы адам ағзасын тынықтырып, аурырсынуды басуға болады. Сонымен қатар массаж ауруды жеңуге де және балалардың танымдық, тілдік және физикалық қабілеттерін дамытуға да көмектеседі.

Логопед мамандары тіл дамуының тежелістерін түзету барысында логопедиялық массажды кеңінен қолданады. Әсіресе, зондтардың көмегімен жасалатын Е.В.Новиковаңың массажы кең тараған. Бұл мақалада осы автордың логопедиялық массажының ерекшеліктері туралы ақпарат беріледі.

Е.В.Новиковаңың логопедиялық массажын зонд арқылы жасалатын массаж деп атайды, себебі оны жүргізу үшін әдістеменің авторы құрастырған арнайы құралдарды қолдану талап етіледі. Бұл жинақтағы әрбір зонд өзінің жеке қызметін орындайды. Бұл құралдарды белгілі бірізділікте қолдана отырып, логопед түзетуді қажет ететін бұлшық ет бөліктері мен аймақтарына тиімді әсер ете алады.

Логопедиялық массаждың сеансы әр түрлі тіл дамуындағы бұзылыстары бар балалармен жұмыста маңызды болып табылады. Маман зонд арқылы тіл, жақ, жұмсақ таңдай, ерін, мимикалық және шайнау бұлшық еттерінің аймақтарына жасайды. Мұның бәрі баланың тілдік дамуы үшін оңтайлы жағдайларды туғызады. Е.В.Новиковаңың әдісі дизартрия немесе сал ауруы барысында туындайтын сөйлеудегі күрделі тежелістер мен бұзылыстарды жоюға көмек береді.

Зондпен жасалатын массаждың мүлдем ауырсыну сезімін туындатпайтынын атап өту қажет. Тек бұлшық етінің көтеріңкі тонусы бар балаларда ғана аздаған қолайсыздық туындауы мүмкін. Сондықтан, баланы барынша босаңсуға мүмкіндік беретін қалыпта отырғызу немесе жатқызу қажет болады.

Зондтардың көмегі арқылы бұлшық еттерді сырғытып үйкелеу, қысым жасау, итермелеп ығыстыру, бұлшық етті ысқылау түріндегі әртүрлі қимыл-қозғалыстарды жүзеге асырады. Осы әрекеттердің нәтижесінде, аталған әдістеме патентке ие болды және комплиментарлы медицинаның халықаралық реестріне енгізілді.


Аталған әдіс қарапайым және тиімді. Ол артикуляциялық сөйлеу аппаратының бұлшық еттерінің әрекетін белсендіреді және қалпына келтіреді, Осылайша, сөйлеу аппаратының зақымдалған бөліктеріне мақсатты түрде әсер етуге мүмкіндік береді. Дыбыс шығаруды қалпына келтіру біршама жылдам өтеді.

Массаж үшін 12 арнайы зондтар жасалған, олардың әрқайсысы тілдің, еріннің, маңдайдың, жақтың. жұмсақ таңдайдың бұлшық еттерінің белгілі тобына әсер етеді.

№1 зонд «Айырлы» («шанышпалы») тілдің, жақтың, маңдайдың, жұмсақ таңдайдың бұлшық еттеріне массаж жасауға қатысады. Ол құсу рефлексінің шекарасын анықтау және рефлексті төмендету үшін қажет.

Зонд бұлшық еттерді шаншуға арналған. Осындай әсер ету нәтижесінде бұлшық еттер белсенді түрде қысқарады.

Шаншу барысында қысқа, жиі, жеңіл қимыл-қозғалыстар қолданылады; шаншулар бір-біріне жақын болуы қажет.



Зонд түрлері

Шаншутәсілінқолданғанкезде, аса қарқындыәсергеқолжеткізугеболады: зондтыбелгіліорынғаорналастырып, оны оңға, солға, артқақарай 4-6 секунде ішіндетербелтуқажет. Аталғантәсілдіңбасқанұсқасы: зондтыбұлшықеттерге батыру арқылы, сағаттілібойыншаайналмалықимылдардыжасаукерек (немесесағаттілінеқарсы).Қысымжасаууақыты – 5 секунд. Зондтыорнынанайырмаукерек.

*«Сегіздік» №2 зонды*тілдің, жақтың, маңдайдың, еріннің бұлшықеттеріне массаж жасауғақатысады. Олбұлшықеттердіитермелеп «ығыстыруға» арналған: бұлшықеттергеілмектікысымжасалып (зондты терең батыру), бірнешеретжоғары-төменқарайқимылдарқайталанады.

Зондпенқысымжасай отырып, оны бірорнынанайырмауқажет. Соданкейінзондтыбірқатарқашықтықтаитеріп, келесібөліктерге массаж жасаукерек.

*«Үлкен, орта, шағын шаналар» №3, №4, №5 зондтары*тілдің, жақтың, маңдайдың, жұмсақ еріннің бұлшық еттерін белсендіріп, әртүрлі бағытта сырғанайды.

Зондтың бүгілуі оның кез келген қырымен жұмыс істеуге ыңғайлы болып келеді. Егер зондтың бір қырымен қысым жасау мен сырғанаудың екі нүктесін айқындауға болса, екінші қырымен – үш нүктені анықтауға болады. Массажға бұлшық еттерге қысым жасауда жиі қолданылатын зондтың жоғары бөлігі де қатысады.

«Шаналар» бірыңғай массаж тәсілдерін орындайды, алайда массаж жасалатын бөліктің қамтылуы мен қысым жасаудың қарқындылығы алуан түрлі болады. Бұдан басқа, №5 зондпен (2-ші қырымен) бұрандалы және серіппелі қайтарылатын қимылдар орындалады.

«Балташа» №6 зонды тілдің, жақтың, еріннің, жұмсақ таңдайдың бұлшық еттеріне массаж жасауда қолданылады, мұнда зонд үлкен кеңістікті қамтиды және бұлшық ет аппаратына қарқынды әсер етеді.

Зонд екі тәсілді орындауға арналған: тығыз қысым жасай отырып, бұлшық еттерді «бөлшектеп ұрғылау» және бұлшық еттер бойымен сырғанау (қырғылау процесінің имитациясы).

Қысым жасаудың әсерімен бұлшық еттердің тонусы қалпына келеді, олардың қысқартушы қабілеті мен қозғалмалығы артады. Қысым жасау дәрежесі бұлшық еттердің күйіне байланысты: тонус төмен болған сайын, қысым жасау да қарқынды болады. Қысым жасаушы қимылдар жиі болады, ал олардың арақашықтығы қысқа болады. Қысым жасау уақыты - 5 секунд.

Сырғанау бұлшық еттердің икемділігі мен серпімділігін жақсартады, қысымды азайтады.

«Крестовина, яғни крест тәрізді» №7 зонд жақтың, маңдайдың, еріннің, тілдің орта және артқы бөліктерінің бұлшық еттеріне массаж жасауға қатысады, тілдің жоғары көтерілуін қамтамасыз ететін бұлшық еттерге әсер етуге мүмкіндік береді. Тілге қысым

жасай отырып және оны артқа қарай итеріп, бұлшық еттерді қысқартуға ұмтыламыз және тілдің аталған бөліктерінің жұмысын жақсартамыз.

«Крестовина» арқылы тілдің бұлшық еттерін 30 секунд бойы осындай қалыпта ұстап, бұлшық еттерге сығу тәрізді қимылдар жасауға болады. Оның көмегі арқылы орындалатын әрекеттер:

– Сығушы қимылдар — «сығулар», уақыты - 5 секунд.

– Алға қарай серіппелі қайтарылатын қимылдар — артқа қарай (тербелу). Бір нүктеде 5-6 қимыл жасап, содан кейін зондты біршама қашықтыққа ауыстырамыз және келесі бөлікке массаж жасаймыз.

– Оңға қарай сығушы айналмалы қимылдар — солға қарай (зондпен бұлшық еттерді бұру қимылы). Уақыты - 5 секунд.

– Зондпен тілдің артқы бөлігі қатысуымен шығатын дыбыстарды Г,К,Х, сонымен бірге тілдің ұшын көтеруді қажет ететін Ш, Ж, Щ, Ч, Р дыбыстарын қоюды жүзеге асыру қолайлы.

«Итерме» №8 зонды жақтың, маңдайдың, еріннің, жұмсақ таңдайдың бұлшық еттеріне массаж жасауға қатысады. Тік, көлденең және кескінделіп орналасқан бұлшық еттерге әсер етеді. Олардың қозғалғыштығы мен икемділігін қалпына келтіреді.

Зондтың соңында ілмек болады. Тілге қысым жасауда бұлшық еттердің белсенді қысқаруы жүзеге асады, зондты түсіруде қысым төмендейді, босаңсу фазасы басталады. Қимыл уақыты - 5 секунд.

«Қысқыштар» №9 зонды маңдайдың, еріннің, жақтың, тілдің бұлшық еттеріне массаж жасауға қатысады, тілдің тік, көлденең бұлшық еттеріне әсер етеді. Олардың қозғал,ыштығы мен икемділігін қайта қалпына келтіреді. Бұл алуан түрлі артикуляциялық тәсілдерді қабылдауға мүмкіндік береді. Әсіресе, тілдің қырларын түбіріне қарай және керісінше сығу қимылдарын жасауға тиімді болады, сонымен бірге тілдің орта бөлігінің иілуінде, тілді оңға және солға қарай бұруда, тілді ауыздан алға қарай шығаруда тиімді болады, себебі мұнда тілдің ұшын ғана емес, сонымен бірге оның орта бөлігін де қамтуға болады.

«Тартушы» №10 зонды тіл асты желбезегіне массаж жасауға және оны созуға арналған. Егер бала тілін жоғары көтере алмайтын болса, алдымен зонд арқылы тіл астындағы желбезектің күйін тексеруге болады. Зондты тілдің астына қоямыз. Содан кейін тіл ұшының көтерілмеу себебін анықтау үшін тілді бірте-бірте көтереміз.

Тіл асты желбезегі тым қысқа болған жағдайда оны хирургиялық жолмен кеседі. Алайда оны созу барысында артикуляциялық жаттығуларды қолданудың да маңызы зор.

«Аққу» №11 зонды маңдайдың, жақтың, жұмсақ таңдайдың массажына арналған. Бұлшық еттердің қозғалғыштығы және икемділігін қалпына келтіреді. Бұл зонд алуан түрлі артикуляциялық тәсілдерді қабылдауға мүмкіндік береді және сілекей ағуды азайтуға көмек береді.

«Сырғанаушы» №12 зонды маңдайдың, еріннің, жақтың, тілдің, қолдың бұлшық еттеріне массаж жасауға қатысады.

Тілдің тік, көлденең бұлшық еттеріне әсер етеді, олардың қозғалғыштығын, икемділігін қалпына келтіреді [8].

Зондтың екі жұмыс қырлары болады. Барлық массажды жаттығулар алдымен 1-қырымен, содан кейін 2-қырымен орындалады.Тілдің бұлшық еттері алуан түрлі дыбыстарды дыбыстауға қажетті, әртүрлі қимылдарды орындауда икемділік пен қозғалмалыққа ие болуы керек. Егер бұлшық еттердің аталған қасиеттері болмаса, онда баланың сөйлеуі түсініксіз болады, көмескіленеді немесе мүлдем мүмкін болмайды. Логопедтің міндеті — зақымдалған бұлшық еттерді жандандыру, оларды жұмыс істеуге ұмтылдыру және бұзылған дыбыс шығаруды қалпына келтіру. Зондты

массажды жүргізу бұлшық еттердің алуан түрлі топтарының спастикалық немесе паретикалық күйін қалпына келтіреді.

Тілге, жаққа, ерінге, маңдайға, жұмсақ таңдайға жекеленген түрде немесе алуан түрлі үйлесімде массаж жасалады. Бірте-бірте зақымдалған бұлшық ет құрылымдарының қалпына келу жағдайы байқалады.

Артикуляциялық сөйлеу мүшесіне жасалатын массаж белгілі сызбаға келтіріледі және жүктемені бірте-бірте арттыру арқылы құрылады (қарапайым тапсырмадан аса күрделі тапсырмаға дейін).

Зондты массажды жасау алдында, тілге қолмен массаж жасаудың 15-30 сеансын жүргізу қажет. Бұл бұлшық еттерді босаңсытуға ықпал етеді және әсер етудің келесі, аса қарқынды түріне дайындалуға мүмкіндік береді.

Массаждың әрбір сеансы алуан түрді массажды кешендегі жаттығуларды қамтиды:

— тілге қолмен массаж жасаудың 1—2 жаттығуы;
— жаққа массаж жасаудың 1—2 жаттығуы;
— маңдайға массаж жасаудың 1—2 жаттығуы;
— ауыз қуысы айналасындағы бұлшық еттерге массаж жасаудың 1—2 жаттығуы.

Әрі қарай сеанс «Зондпен тілдің бұлшық еттеріне массаж жасау» кешеніндегі жаттығулармен толықтырылады, ал қорытынды сатыда «Жұмсақ таңдайдың бұлшық еттеріне массаж жасау» бөліміндегі жаттығулар енгізіледі.

Жаттығулар 30 реттен орындалады. Әрбір 5 реттен кейін баланың демалуы үшін үзіліс жасалады. Массаж сеансының ұзақтығы - 30 минут.

Осылайша, массаж артикуляциялық сөйлеу аппаратының бұлшық еттеріндегі патологиялық көріністерді әлсірету, сөйлеу бұлшық еттерінің қимылдау мүмкіндіктерін дамыту, оларды дыбыстау процесіне енгізу мақсатында жүргізіледі. Бұдан басқа, сөйлеу аппаратының бұлшық еттерін белсендіру үшін артикуляциялық жаттығулар қолданылады. Артикуляциялық жаттығуларды массаждан кейін 20-30 минуттан кейін жүргізу ұсынылады.

Қолданылған әдебиеттер:

1. *Дьякова, Е.А.Логопедический массаж. - М:Академия, 2005. – 105с*
2. *Новикова, Е.В. Зондовый массаж: коррекция звукопроизношения. — М: ГНОМ и Д, 2000.*
3. *Новикова, Е.В.Зондовый массаж: коррекция звукопроизношения. Часть 3 — М: ГНОМ и Д, 2004.*
4. *Новикова Е.В. Зондовый массаж. Часть 4. — М: ГНОМ и Д, 2006.*

УДК 376.2
МРНТИ:14.29.37

[1]Махадилова М.С., Опабеков Б.Ж[2], Ескожина Ж.Т[3].
[1]Абай атындағы ҚазҰПУ 6М010500-Дефектология мамандығы 2 курс магистранты
[2]ҚММ Қызылорда қаласы «№7 арнайы түзету мектеп-интернаты»
[3]ҚММ Алматы қаласы Есту қабілеті төмен балаларға арналған №5 арнайы түзету мектеп интернаты

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ЖҮРГІЗІЛЕТІН МАЗМҰНДАМА ТҮРЛЕРІ

Аңдатпа

Мақалада мазмұндама жазу ерекшеліктері және орфографиялық қателіктер сипатталған. Мазмұндаманың түрлеріне сипаттама берілген. Мазмұндамаға қойылатын талаптар көрсетілген.

Түйін сөздер: мазмұндама, тіл, мәтін,тілдік материалдар,логика**,**жазбаша сөйлеу тілі, ауызша сөйлеу тілі.

Махадилова М.С[1]., Опабеков Б.Ж[2], Ескожина Ж.Т[3].
[1]Магистрант 1 курса КазНПУ им. Абая г. Алматы, Республики Казахстан,
[2]учитель КГУ «специальная коррекционная школа-интернат№7» г.Кызылорда
[3] учитель КГУ «Специальная коррекционная школа интернат для детей с нарушениями слуха» г. Алматы

ТИПЫ ИЗЛОЖЕНИИ В НАЧАЛЬНОМ КЛАССЕ

Аннотация

В статье говорится об особенностях написания изложения и орфографических ошибках, наиболее часто допускаемых детьми. Описаны типы изложений и основные требование к ним.

Ключевые слова:изложение, текст, язык, речевые материалы, логика, письменная речь, устная речь.

Mahadilova M.S[1].,Opabekov B.Zh[2],Eskozhina J.T[3].

[1]Master of 1 course KazNPU. Abay of Almaty, the Republic of Kazakhstan
[2] " special correctional boarding school№ 7" Kyzylorda
[3] Special Correctional Boarding School for Children with Hearing Impairment Almaty

TYPES OF PRESENTATION IN THE INITIAL CLASS

abstract

The article deals the peculiarities of spelling out the spelling and often spelling mistakes made by children. The types of exposition and the basic requirement for them are described.

Key words: presentation, text, language, speech materials, logic, written speech, oral speech.

Мазмұнадама дегеніміз белгілі бір шығарманың мәтіннің мазмұнына ауызша немесе жазбаша түрде баяндап беру. Бұл оқушының алған білімін тиянақтап, тілін дамыту мақсатын көздейді. Нашар еститін балаларға арналған мектептерде мазмұндама жазу екінші сыныптан басталып, бірте-бірте күрделендіре жүргізіледі. Оқушылар ауызша мазмұндауға толық төселіп болғанға дейін жазуға кірісер алдында оқушылармен ауызша әңгіме өткізіліп, жазу жұмысына дайындау міндетті түрде қажет болады.

Мазмұндамаға екі баға қойылады:

1. Сауаттылығына
2. Мазмұндылығына

Оқушыларды ана тілге оқытуда маңызды міндеттің бірі- жазбаша сөйлеу тілді дамыту. Тіл- барлық ақыл ой қызметіндегі негізгі қарым қатынас құралы. Оқушылардың салыстыру, топтастыру, жүйелеу, жинақтап-қорытындылау дағдылары білімді меңгеру процесінде қалыптасып, тілдік қарым-қатынас кезінде пайда болады. Баланың нақты логикалық, дәлелді, бейнелі ауызекі және жазбаша сөйлеу тілі-оның ақыл-ой деңгейінің көрсеткіші болып табылады. Оқушының байланыстырып сөйлеу тілі жетістіктері барлық пәндер бойынша білім деңгейін анықтайды, сонымен қатар оқу дағдыларының қалыптасуына, орфографиялық сауаттылығының қалыптасуына мүмкіндік береді.

Тіл дамыту- қазақ тіліне оқыту курсының негізгі мазмұны. Жазбаша сөйлеу тілін меңгеру үшін ауызша сөйлеу тілінің рөлі маңызды. Л.С.Выготский жазбаша сөйлеу тілін монолог ретінде сипаттайды."Тіл-монолог, дәптердің ақ парағымен сөйлесу, елестегі әңгімелесушімен сөйлесу, сол уақыттағы баланың сөйлесу жағдайы" [1].

Тіл қажеттілік жағдайында туындайды. Балаға сөйлемді дұрыс құрастыруға,сөздерді тастап кетпеуге, сөйлемді бірізділікпен құрастырып және жазуға үйрету керек. Байланыстырып сөйлеу тілге оқытқанда теориялық мәәліметтерді көп үйрету барысында дұрыс дағдылары тез қалыптасады.

1- сынып оқушылары бірте-бірте сөйлеу тілге қатысты талаптарымен танысады. Олар: тақырыпқа қатысты не айтылған және негізгі ойды ашып көрсету, байланысты және ретімен сөйлемдерді айту. Бұл білім дағдыны балалар әр түрлі жаттығуларды орындау барысында түсінеді. Әңгіме,талдау, сипаттау әдістерін қолдана отырып заттың сипаты мен суреттің сипаты немес суреттеу мен бақылаудың айырмашылығы, әңгімелеу мен суретке қарап әңгімелеу, толық және таңдамалы әңгіме, ауызша және жазбаша шығарманың айырмашылығы, шығарма мен мазмұндаманың айырмашылығын балаларға түсінуге көмектесу керек.

Білім мен дағдының бәрі балаларда ауызша түсінік айту және шығарма жазу процесі арқылы қалыптасады.

Мектептегі бірінші күннен бастап оқушылар түсінік айтуға ынталы болады. Оқушылардың түсінік арқылы әңгімені сипаттауы сабақты жандандыра түседі. Балалардың елестету, қарым-қатынас инициативасы дамиды. Сөйлеу тілге дағдылану бірінші сыныпта қазақ тілі арқылы

қалыптасады. Балалардың сөйлеу тілін дамытушы құралдың бірі- дайын мәтінмен жұмыс. Ол мәтінді талдау дағдысының қалыптасуын қарастырады.[2].
Тақырыпты анықтау, тақырып пен мәтін мағынасының сай болуы, мәтін типін, микро тақырыпты анықтау, мәтінді бөлімге бөлу, жоспар құру және мәтін мазмұнын ауызша және жазбаша түрде жеткізу жұмыстарынан тұрады. Үлгідегі мәтін бойынша шығарма жазу жұмысы басты орын алады. Олар: публистикалық, ғылыми және көркем шығарма.
Бастауыш сыныпта оқитын оқушыларға келесі шығарма түрлерін ұсынамыз:

- ***мәтін мазмұнына жақын;***
- ***қысқартылған;***
- ***таңдамалы;***
- ***шығармашыл.***

Ең көп таралған шығарманың бірі- *мәтін мазмұнына жақын* яғни толық шығарма. Ең алғаш балалар *мәтін мазмұнына жақын* шығармамен танысады. Осы материалдардың көмегімен оқушылар мәтінді жазбаша түрде мазмұндап беру жұмысымен танысады. *Мәтін мазмұнына жақын* шығарма барлық сыныптарды жүргізіледі. Бұл жаттығудың мақсаты келесідей дағдыларды қалыптастырады:

-мәтінді логикалық құрылым бойынша яғни жоспар бойынша құру;
-мәтін мазмұнын толық әрі нақты жеткізу;
-тақырыпты ашып көрсету;
-ой-пікірдің байланысы мен бірізділігін бақылау;
-әр-түрлі синтаксистік құрылымды қолдану;
-сөйлемнің байланысу тәсілдерін дұрыс қолдану;
-ой түйінді тілдік нормаларды сақтай отырып дұрыс жеткізу.

Мәтін мазмұнына жақын шығарманың жазылуы:

-сұрақтар бойынша;
-мұғалімнің берген жоспары бойынша;
-ұжыммен бірлесіп құрған жоспар бойынша;
-оқушының өзі құрған жоспар бойынша.

Шығарма жазудың әдістемесі келесідей:

1. Мәтінді мұғалім немесе оқушылар оқуы;
2. Мәтін мазмұнының түсініп оқу, мазмұны бойынша әңгімелесу;
3. Жоспар құру және оны талдап, танысу;
4. Сөздік-орфографиялық дайындық;
5. Шығарма мәнінін жазу;

Жазылған шығарманы тексеру.[3].
Мәтін мазмұнына жақын шығарманы дұрыс жазуға үйретуді мәтін сұрақтары бойынша жазбаша түсінік беруден бастау керек. Алғашқы кезеңдердегі жазбаша жұмыстар ұжымдық түрде мәтіндерді иллюстративті көрнекіліктерді қолдану арқылы жүргізіледі.
Мазмұндама жаздыру арқылы оқушылардың тілдік материалдарды орынды қолдана білуге, жазбаша сөйлеудің ерекшелігін, мәтіннің синтаксистік құрылысын меңгертуге, ең басты қайта жасау қиялын дамытуға игі ықпал етеді. Мазмұндаманы жаздырмас бұрын мынаны ескергеніміз дұрыс:
• Мазмұндама мәтіні оқытудың білімдік, тәрбиелік міндеттеріне сай, мазмұны мен тілі оқушыларға түсінікті болуы тиіс.
• оқушыларға ұсынылатын мәтіндер мазмұнында олардың күнбе-күн араласып, көріп-біліп жүрген етене таныс зат, құбылыс, оқиға және іс-әрекеттер болғаны жөн. Балалар сонда ғана жұмыс барысында онша қиналмай, тез төселіп кетеді.
• Мазмұндамаға қажет мәтінге әдебиет бағдарламасында көрсетілген көркем шығармалар да, бағдарламадан тыс тексте де алынады.Мәтін мазмұнын айтып бергенде, оқушылар мұғалімнің баяндағанын қайталап қоймай, мәтін мазмұнын өз беттерінше меңгеріп, өз сөздерімен құрастыру талап етіледі. Атап айтқанда, оқушы жазған мазмұндама мәтініне мынадай талап қойылуы тиіс:
- оқушының өз ойы болуы;
- өз жанынан қосымша оқиға қосуы;
-өздігінен қорытынды жасауы;

